

«Қазақ тілі мен  
 әдебиеті» және  
 «Ұлағат»  
 жауапкершілігі  
 шектеулі  
 серіктестігінің  
 ай сайын  
 шығатын  
 Республикалық  
 ғылыми-  
 педагогикалық,  
 әдістемелік  
 журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
 наурыз айынан  
 бастап шығады

**2/2012 АҚПАН**

## МАЗМҰНЫ

Тереңдетіп оқытатын білім ордасында

**Қалима ҚАППАСҚЫЗЫ.**

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы  
 аналар.....3

**Бағдат МҰҚАТАЙҚЫЗЫ.**

«Қамар сұлу» романының құрылымы  
 мен құндылығы.....20

**Ұлжалғас БҰРХАНҚЫЗЫ.**

Шешендік сөздердегі риторикалық  
 сұрау.....26

**Динаш ОСПАН.**

XX ғасыр басындағы қазақ прозасында  
 сомдалған әйелдер әлемі.....33

**Гүлбану МАХАМБЕТ.**

Шалкиіз жыраудың «Би Темірге  
 бірінші толғауы».....41

**Гүлмира КӘДІРБЕКҚЫЗЫ.**

Шағын әңгіме шебері.....48

**Таным табиғатында**

**Талғат ЕРБАЙ.**

Әдеби дәстүр мен жаңашылдықтың  
 зерттелуіндегі келелі мәселелер.....53

**Саян ЖИРЕНОВ.**

Тілдегі плеоназмдардың поэтикалық  
 болмысы..... 59

<b>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
Құралай ӘБУОВА.	Тұрақты тіркестер.....67
Жеңіскүл ТОҒЫЗОВА.	Қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі.....73
Гауһар МОЛДАБАЕВА.	Мақал-мәтелдер.....76
<b>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
Салтанат ЖУСАНБАЕВА.	Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі.....79
Зухра ҮСЕНБАЕВА.	Күләш Ахметова. «Қазағым менің».....84
Нүргүл ҚАБДЫҒАЛИЕВА.	«Қалың мал» романы.....87
<b>Ғасыр ақыны – Мұқағали</b>	
Тамара НҮРҒАЛИЕВА, Гүлназ ДӘЛЕЛОВА. Райса РАХМЕТ.	Болашаққа аманат.....92 «Қайырлы түн» өлеңі.....97
<b>Бір тақырыпқа – екі мақала</b>	
Меруерт СЕРІКБАЕВА.	«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.....100
Зәмзагүл ЕЛЕУОВА.	«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.....103
<b>Оқулыққа қосымша</b>	
Жанбота СЕКЕЙ.	Көркем шығармадағы характер мен жағдайдың арақатынасы...105
Мендібай ӘБЛІҰЛЫ. Рахат САЛАМАТОВА.	Шеге жырау (XVIII ғасыр).....114 Абайтану асулары төңірегіндегі ізденістер.....122
<b>Авторлық бағдарлама</b>	
Майра ӘБЛОВА, Әсем БЛӘЛОВА.	«Сәкентану» курсының 7-8- сыныптарға арналған жұмыс дәптері.....129
<b>Сыныптан тыс сабақ</b>	
Зәуреш ҚУАНҒАЛИЕВА.	Ана тілі – дана тіл.....139
<b>Жас маманға жәрдем</b>	
Расулхан АБДРАМАНОВ.	Фонетиканы оқытудың әдісі.....141

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақпырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Біз осы айдар аясында Алматы қаласында орналасқан еліміздің бетке ұстар білім шаңырағы – Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін бір топ мұғалімдерінің іс-тәжірибесін тарату мұратын көздеп, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік мақалаларын әріптестерінің назарына ұсынып отырмыз. Кәдеге жарап, сабағына септігі тисе – ұтқанымыз сол біздің.



**Қалима ҚАППАСҚЫЗЫ,**  
Білім беру ісінің үздігі,  
Қазақстан Республикасының Білім беру  
ісінің құрметті қызметкері,  
«Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері,  
«Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп  
оқыту бағдарламаларының» авторы.

## **«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН- ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ АНАЛАР**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Абайдың шынайы гуманист, мәдениетті биік тұлғасының аналар бейнесіне байланысты ерекше көрінуін, аналар бейнесін жасаудағы жазушы шеберлігін меңгерту; **тәрбиелік** – асқақ адамгершілік қасиеттерді бойларына дарыта отырып, іскерлікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – өз білімдерін жинақтауға, іздене, пайдалана, салыстыра алуға, өз ойларын нақты дәлелді деректер арқылы жеткізуге, ойлау белсенділігін арттырып, шығармашылық дағдыны қалыптастыру.

**Сабақтың типі:** дәстүрлі сабақ. **Түрі:** жаңа білімді меңгерту сабағы. **Әдісі:** интерактивті. **Көрнекілігі:**

1. М.Әуезов. «Абай жолы». Роман-эпопея. Аудиокітап. «Жазушы». 2. Интерактивті тақта. **Пайдаланылған әдебиеттер:** 1. М.Әуезов. «Абай жолы». Роман эпопея. Бірінші кітап. Абай. А., «Жазушы», 2003; 2. М.Әуезов. «Абай жолы». Роман эпопея. Екінші кітап. Абай. А., «Жазушы», 2003; 3. М.Әуезов. «Абай жолы». Роман эпопея. Үшінші кітап. Абай. А., «Жазушы», 2003; 4. М.Әуезов. «Абай жолы». Роман эпопея. Төртінші кітап. Абай. А., «Жазушы», 2003; 5. Қ.О.Бітібаева. Әуезов туындыларын мектепте оқыту. А., «Мектеп» ЖАҚ, 2002; 6. К.С.Құдайбергенова. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. А., 2008; 7. З.Қабдолов. Сөз өнері (Әдебиет теориясының негіздері.) А., «Мектеп», 1976; 8. М.Әуезовтің рухани әлемі мен классикалық әдебиеті: Жастар көзқарасы. Ұрпақтар сабақтастығы. А., «Ғылым», 2000.

### **Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Жаңа сабақ: М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы аналар.

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:** - Эпопеяда ішіне қатпар-қатпар сыр бүккен сар даланың кәрі алып шыңдары мен бетін аңызға жел сорған қазақ сахарасындағы жұпар иісті гүлдердей құлпырған адам сезімі мен жаны әдеміліктің, ақ махабаттың жарқын нұрымен, қайталанбас әуенімен баурап алатын ерекше бейнелер – әйелдер тұлғасы арқылы беріледі.

**Әйелдер мінезін төмендегі мәселелер айналасында жинақтап талдау:**

1. Абай аналары – Зере мен Ұлжан;
2. Абай ғашықтары – Тоғжан мен Әйгерім;
3. Абай заманындағы әділетсіз қоғам құрбандары – Үмітей, Керімбала;
4. Даланың өр, ер мінезді, «ықтиярлы, ықтиярсыз қапасындағы еркелері» – Салтанат, Нұрғанымдар.

5. «Сенсіз дүние маған жоқ». Махаббаттары үшін неге болса да даяр Мәкен, Мағрипа, Еркежандар;
6. Күндестіктің бұғауындағы Ділдә, Айғыз, Күңкелер;
7. Дала билеушілерінің өркөкірек, адуын бәйбішелері — Қаражан, Мәнікелер...;

8. Босағада шіріп жүрген Иіс кемпір сияқты жалшы, күн әйелдер;

9. Әйелдер бейнесін жасаудағы жазушы шеберлігі, төгілмелі, кестелі, образды бай тілі (портрет жасау, суреттеу, баяндаулар, ішкі толғаныс, сезім иірімдерін беру).

Жоғарыдағы мәселелерді қамтитындай әр түрлі тапсырмаларды орындамастан бұрын төмендегі пікірлерге оқушылардың назары аудартылады.

М.Әуезов адам портретін тұрмысқа байланысты детальдарды тәптіштей тізіп, егжей-тегжейлі суреттейді. Абай мейірімді аналардың тапсырмасымен Кәмшаттың жағдайын білу үшін Бөжейдің үйінде отыр. Жазушының бақылағыштық қасиетінде мін жоқ. Ол, ең алдымен: «Үлкен үйдің іші-сыртындай жұпыны емес, жасаулы, кілемді, алашалы екен» деп, үй ішінің көрінісін суреттейді. Одан кейін Бөжейдің ұрысқақ, ашушаң қатыны мен қыздарының сыртқы портретінің кейбір штрихтары сипатталады.

Ал, бөтен үйде, рақымсыз, сүйкімсіз адамдардың ортасында шет қақпай көріп, жетімдіктің зарын тартқан қыз баланың кейбір портреттік детальдарын «Қол-аяғы шидей. Бетінде азап пен сор көлеңкесі бар сияқты, кірпіктері ұзарған» деп қысқаша қайырады.

Біз жиһаз-жабдықты үй ішінің көрінісінен Бөжейдің орта дәулетті адам екенін байқасақ, «танауы қусырылып, ерні қатты жыбырлаған» қара қатын мен одан туа «түксиген, сүйкімсіз» қыздардың дәл, нақты кейбір сыртқы белгілерінен олардың мейрімсіз, қатал жандар екенін аңғарамыз. Ал, енді осы әйелдердің ниет-пиғылдары қандай? Жазушы оған да

жауап табады: «Жылаған Кәмшат екен, ол қонақтардың оң жағында, бір жыртық жаялықтың үстінде бүк түсіп жылап жатыр, басында жастық та жоқ. Тек бір жаман жыртық шапанның жеңі жасталыпты.» ( I.175-б.).

Бұл өмірлік көрініске қарағанда, жасау-жиһазы мол үйден қорғансыз жетім қыз Кәмшатқа төсек-орын табылмаған. Астында – жыртық жаялық, басында – ескі шапанның жеңі. Міне, орайымен табылған бұл тұрмыстық детальдар Бөжей үйіндегі әйелдердің саусағынан су тамбайтын жандар екенін аңғартады.

Роман-эпопеяда адам характері, «жан диалектикасының» көрінісі ішкі монолог, портрет, көркем деталь арқылы ашылады. Яғни, өмір құбылыстары көріктеуіш құралдармен көркем бейнеленеді және шығарманың осы ерекшеліктері тек Мұхтар Әуезовтей үлкен дарынның керемет сөз шебері екенін айқындап қоймай, автордың қазақ романының көркемдік эстетикалық деңгейін әлем әдебиетінің классикалық үлгілері дәрежесіне дейін көтергенін де дәлелдейді (Т.Рақымжанов).

**1-тапсырма. Интерактивті тақта арқылы «Абай жолы» эпопеясының бірінші кітабы бойынша мәтіннен үзінділер оқып, ондағы аналардың іс-әрекетінің мәнін ашу.**

**1-топ** оқушыларына Абайдың елге қайтуындағы, Қодар мен Қамқа өлімі оқиғасындағы, Абайдың ауылына ақын қонақтардың келуіндегі, Смағұл мен Оспанның асыққа таласуындағы аналардың іс-әрекетінің мәнін ашу тапсырылады.

**Тарауы: Қайтқанда.**

**Оқиға: 1. Абайдың елге қайтуы.**

**Аналардың іс-әрекеттері:**

- Қалашылар, қалашылар келеді!
- Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына

айтайыншы,- деді бір қартаң қатын.

- Бәсе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Әпкеме айтайыншы,- деп, тағы бір жас қатын, жеңге де үлкен үйге қарай ұмтылысқан.

- **Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкен тұр... Сәлем бер!-** деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадй жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. **(I, 9-бет)**

- Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау!- деп, мойынынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйді. Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр. Абайды шын балаға айналдырып жіберген осы сүйістер еді. Ол қысылып қызарғанмен, қашып құтыла алатын емес. Наразы боларын да, құптарын да білмеді. Бірнеше үлкен қатындардың көзінен жас та көрінді.

Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді – Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

- **Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау,- деп пандана күлді де, Абайды көзінен сүйді.**

Кезек өз-шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін

қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді.

Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

- Әжеңе бар, әнеки!- деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі – Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

- Жаман неме, маған бұрын келмей, әжеңе кеттің-ау! Жаман неме!-дей бере, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде:

- Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным...– деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абайымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты. (I, 11-бет)

- Шырағым, сен бала емессің, естиярсың. Өзің барсаң бір сәрі. Ондай жаман,сұмдық жерге Абайды несіне апардың?- деп, «жаман», «сұмдық» дегенді шынымен баса айттып: Бала емес пе? Шошынар деп ойласаң нетті?- деді. (I, 144-бет)

- Жарықтығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме! Тіпті, басың жас, үлкеннің ондай бәлесінен өзін де аулақ жүр. Өзімен кетсін! Көріп-біліп нетесің?- деді.

Талай үлкеннің ішінде сөзін осындай байсалды қып айтқан сондай өтімді, салмақты қып айтқан кісіні Жиренше бұрын көрмегендей болды.

Ұлжанның жай, салқын айтқан сөзі бұған ұрысқаннан да, ұрғаннан да жеңіл тиген жоқ (I, 45-бет)

Әжесі ұқты да, күрсініп, Абайдың бетіне таман төніп кеп маңдайынан ұзақ иіскеп отырды.

**Оқиға: 2. Қодар мен Қамқа өлімінің үстінен шығуы.**

- Айналайын, қарашығым, қоңыр қозым!- деп алып, - Аямайды, аямайды ол!- деп келіп, көзін жұмыңқырып,



басын жоғары көтере берді.

**- Я, құдая, зар тілегім болсын. Бейуақыттағы тілегім. Осы қарашығыма әкесінің осы ит мінезін бере көрме!.. Тас бауырлығын бере көрме!.. Я, жасаған!-** деп, құрысқан әлсіз қолдарымен әжімді, мейірімді жүзін сипап бата берді. Ұлжан да ішінен «аумин» деп бата қылды.

Екі ана ортасында жаны ауырған бір бала. Бейуақыттағы үшеуінің құпия тілегі – зор шындықпен еміреніп тілеген тілегі осы еді.

Абай өзі де бетін сипап, ана тілегін барынша қабыл алып, бата қылды. **(I, 46-бет)**

**Оқиға: 3. Абай ауылына ақын қонақтардың келуі.**

Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Әуелі Абай ауыра бастағанда бір күні кешке ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұрады. Сонда ол ойланып отырып:

**- Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен?-** деп, кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесін тізесінен ақырын қағып:

**- Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен?-** деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертекттер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құла мерген» – бәрі де айтылды. Оның әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті, күні бойы да Абай айтқыза беретін болды.

Абайға қарап жымыып:

**- Ал, балам, әжеңмен екеуімізді қажай беруші едің, әңгіме- жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі – Барлас деген ақын!-** деді. **(I, 52-бет)**

**- Мынау балам оқудан сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей**

болдыңдар. Қадамы құтты қонақ болдыңдар!- деді.

Абай, шынында да, дәл осы кезде өзінен-өзі бар сырқаттан құлан таза боп арылғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезді. Шешесі үндемесе де, ашып айтпаса да, «білгіш, танығыш, сыншы» сияқты көрінді. Ол бөгелсе де сөзін бітірген жоқ-ты.

**...Тағы да келе жүріңдер. Анау кәрі әжесі мен бізді көп сөйлттіндер. Жолдарың болсын! Тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіндер... Риза, қош боп аттаныңдар!- деді. (I, 56-бет)**

*Тарауы: Қат-қабатта.*

*Оқиға: 4. Смағұл мен Оспанның асыққа таласуы.*

*Аналардың іс-әрекеттері:*

- Мә, жеңдер! Талап, түтіп жеңдерші бұл қуарғанды! Жабылыңдар, мә дейім!...- деп, Абайға қатты төніп жетіп келді. (92-бет)

Абай:

- Кіші апай!...- дей беріп еді, Айғыз оны сөйлетпестен қаптап кеп:

- Әлімжеттік қыласың ғой. Сен де күндестің баласы деп тұрсың ғой.

- Құдай-ай, не дейсіз?

- Ұрған жақсы болса, ертең оқудан келер Қалел де. Сенің сыбағанды берер!- деп, орысша оқуда жүрген өзінің үлкен баласы Қалелді де есіне алды...

Жасақтасып, төбелесіп тұрған екі күндес ауылдай.

- Ойпырым-ай, ана болғандағы ақылыңыз осы ма, кіші апай?

- Жағаласпа, шығарма тілінді! Бұлар – бәйбіше, біз – тоқал ғой... тепкі көрмекпіз ғой...

Абай өз үйінде, өз анасынан көрген мынадай әділетсіз зорлыққа жаман күйді. Сұп-сұр болып, булығып, дір-дір етті. Бірақ жылаған пішінін білдірген жоқ.

- Туу! Қойыңызшы, сіз қалай едіңіз?- деп, қатты түңіліп, терезе жаққа қарай бұрылып кетті. Сөз қатар мұршасы жоқ. Зере бұл жанжалдың бәрін естімесе де, Айғыздың шаптығып келген түріне қатты ашуланған екен. Абайдың күйген ажарын танып еді. Енді Кәмшатты жатқызып қойып, түрегеліп, келініне кеп, қатты ақырып:

**- Жоғал әрмен, балаларымның арасына кіріп, іріткі салып, не шатып тұрсың! Шық жаның барында!-** деді. Айғыз кәрі әжеден жасқанып, кейін серпіле берді де:

- Тоқал демексің, мүйіздемексің ғой бірігіп ап... Көремін... Келсін ертең,- деді. Ескерткені – Құнанбай. Сұлу тоқал байына ыстық. Бел қылғаны – сонысы. Бұл сөздерін Зереге естірте айтпаса да, Абай естісін деген сияқты.

Дәл осы кезде Айғыздың сырт жағынан өте бір сабырлы және соншалық салқын үн шықты. Ол сөйлеген Ұлжан еді. Үйге кіргелі бірталай болса да, Ұлжан үндемей ғана бардытыңдап тұр екен.

**- Қой, жарықтығым, жетті енді! Сақтағаным балалар еді. Олар екеш оларды да аямағаның ба?-** деді.

- Өл де маған...

- Тоқта, жаным! Бар! Айтқаныңды қумаймын. Тек ашуыңды аулақ әкет! Болды. Бар!..- деп жай ғана бітірді. Айғыз Смағұлды қолынан ұстап, Ұлжанға біраз қадалып тұрды да, үндей алмай шығып кетті. **(I, 93-бет)**

**2-топ** Тоқпанбет үстіндегі оқиғаға байланысты, Кәмшаттың ауыр жағдайына, Бөжей ауылының Жәнібекке көшіп келуіне, Бөжейге бата жасауына байланысты аналардың іс-әрекеттерінің мәнін мәтін үзінділері арқылы ашады.

**Оқиға: 5. Тоқпанбет үстінде болған төбелес.**

Зере Бөжейге соққы тигенін естігенде Жұмағұлға қадалып, ызғарменен қайта сұрап, анықтап ап:

**- Жанашырлық жақсының арты еді. Ардан кеткен**

кенесің, түге. Қуарған неме, оның несін қақсап отырсың бала-шағаның көзінше? - деп, Жұмағұлды зекіп, тыйып қойды.

Үй ішіндегі өзгенің бәрі де Бөжейді соншалық үлкен, жақын санағандықтан ба болмаса кәрі әженің сөзінен бе, әйтеуір, бір түрлі тіксінгендей боп, үндемей қалды.

Әке мінезін сүйсініп қостаған жалғыз Тәкежан болатын.

Ол:

**- Е, аяқтан алмасын, білсін, энеки! - деді.**

Ұлжан бұған суық қарап:

**- Бықсымай, қой әрман! Өзгенің қылғаны да жетер! - деді. (I, 95-бет)**

Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып:

**- Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. «Күндестің күлі – күндес» дегенді сен білмей-ақ қой. Бөжекенді көрген жерде сәлемінді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әке дұшпан десе, сен әділ бол! Жамандыққа кім табылмайды дейсің, жанашырдан айырылма! - деді (I, 96-бет)**

*Тарауы: Шытырманда.*

*Оқиға: 6. Кәмшаттың ауыр жағдайы.*

*Аналардың іс-әрекеттері:*

Кешкі астың алдында Абай Зере мен Ұлжанға Кәмшат жайын айтты. Естігеннің ешбірін қалдырмай, қатты айтты. Жыласа да, күйзелсе де, шешелерді аяймын деп Кәмшат жайын бүркеу мүмкін емес.

Зере күрсініп, күңіреніп кеп, Құнанбайды жерледі. Ұлжан үнсіз, жым-жырт, қиналып отырып-отырып Абайға:

**- Осы естігеніңнің бірде-бірін Айғызға айтпай тұра тұр.** Онсыз да қан жарылып жүр ғой. Бүгін таңертең түс көрдім. Кәмшат жер ошаққа жығылып қалып, үсті-басы лаулап жанып барады екен. Сүйіндіктің қатыны – аналық

мейірімі бар кісі. Бәрінен де соның айтқаны тек емес қой. Шыңғысқа жетейік. Сонан соң өзің қасыңа бір ересек кісіні ерт те, тура Шырақтың ауылына барып, Кәмшатты өз көзіңмен көріп, бар жайын біліп кел. Айғызға содан кейін айтып, әкеңмен шындап сөйлесейік,- деді.

**- Қарашығым, балапаным-ай, сормандай жетімегім-ай! Не қарғысқа ұшырап туып ең!**- дей беріп еді, Құнанбай сол қолын шұғыл көтеріп қап, «доғар!» дегендей ишарат қылды. Қарғыс шарпуынан бетін қорғаған сияқты қозғалыс.

Мұның әмірінен жасқанып өскен Айғыз саябырлап қалды. Бірақ сыбырлап сөйлеп, тұншыға жылады. Құнанбай ақырып:

**- Қысқарт енді, басыңа көрінгір, не көрінді, не көрінді, басыңмен кеткір!**- деді.

Айғыз жауап қайырған жоқ. Бірақ Абайдың қасында отырған Ұлжан жаулығының ұшымен көзін сүртіп:

**- Өртенсең де, үндемей өртен дегені ме?** Кәмшатты ойласа, бүгін емес, көптен күңіренеді бұл жандар. Кімге айтады? Қайда айтады?- деді. Құнанбай оған барын айтқызбай тежеп:

**- Жә, бірің бастап, бірің қостамай! Басалқы, басу айтады десе, о несі?**- деді.

Ұлжанға Айғыздай зекірген жоқ, кінәлай сөйледі.

Үй ішінің наразы үнін осылай баспақ.

**- Қорқытпа келіндерімді!.. О несі?**- деп, қатты зекіп қап, ілгері жылжып кеп, екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне аса суық қарады. Абай өз әжесінің мұндай қайратты ашуын бұрын көрмеген сияқты.

Зере Құнанбайға әлі де қадала қарап, түйіліп отыр. Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті.

**- Айында, аптасында бір көреді. Арыз, мұңын саған айтпай кімге айтады? Қатты болсаң қасыңа бол! Досыңа,**

қатын-балаңа қатты боп, қайда барасың өзін? «Жер тәңірісі – сенсің» деп қошеметшің айтсын! Бұл жерде, бұл мекенде сен мойыныңдағы қарызы мол әкесің, білдің бе? Айтам ғой, «жер тәңірісімін» десең де, аяғың аспаннан салбырап түскен жоқ. Сен де пенденің ұлысың, анадан туғансың. Менмін сені тапқан. Мынау аналар аналық зарын айтады. Кәмшат турасында күйзелтіп, күңіrentіп отырсыңдар сендер бізді. Тап енді, мені тап ақырғанша! Құтқар анау қаршадай жетімегімді!-деп, қатты бұйрық етіп тоқтады.

*Тарауы: Бел-белесте.*

*Оқиға: 7. Бөжей ауылының Жәнібекке көшіп келуі, Бөжейге бата жасауы.*

*Аналардың іс-әрекеттері:*

- Дәл қасымызға келіп қонып отыр. Енді аялдасаң ағайынның бетін қайтіп көреміз? Бата оқырын қалай жасасын дейді және Байқошқар, Бақанастағы екі ауыл қосыла бара ма? Соны тез шешіп, жол айтсын!-депті.

Бұлар бар сөзін анық қып, анда-санда «ah» деп, жалын атып қойып, сұңқылдап зарлап отыр.

«Әкем...жеткізбей кеттің... арманда кеттің...зармен кеттің, жетім бейбақ біз болдық...пана кім?.. Неге аңыраттың?» деген сияқты жерлерге келгенде, барлық үйдің іші қайта егіліп, тыйыла алмай, тұншыға жыласады. Абайға да шын жылаудың ең ауыр кезі осы болды. Ол көз жасын, тіпті, ірке алмай қойды. Буына жаздап, булыға жылап отыр.

Осымен біраз барды да, екі қыз әкелерінің өміріне, өміріндегі ерлік, жақсылық істеріне түсіп кеп, бір сәтте дауыстың мәнін аса бір тосын жайға салды.

Бөжейдің өзін қойып, тұстарын айтып келіп, әркімді атай отырып, үйдің іші тегіс жым-жырт тына қалған уақытта, бір кезде Құнанбай атын сап еткізді.

Төрде төмен қарап, тымағын көзіне киіп, тұнжырап отырған Құнанбайды мынау екі қыздың қатал дауысы басқа соққандай болды.

Бірақ бұл – дауыс. Намаз сияқты бұзылмайтын жол-жора. Айтар сөз, тыяр тыйым, істер шара жоқ.

Екі қыз сөздерін барған сайын қатайтып, қадалып кеп:

**Жау боп шықты Ырғызбай,  
Айыпқа бердің бір қызды-ай,-**

деп бір кетіп және бір сәтте:

**Оның аты – Құнанбай,  
Жүйріктігі құландай.**

**Шұбарлығы жыландай...-**

деп жарып өтті. Жалғыз көзге дәлдеп тұрып қамшы ұрғандай қатал жаза. (I, 194-бет)

Құнанбай қасындағы үлкендер бәле шығып кете ме дегендей қобалжи бастады. Жөткіріп, қақырынып, қозғалақ қақты. Бірақ Құнанбай тістеніп ап, сыр бермей шыдап берді. Абай дәл бұл кезде ұялып қысылғаннан өлердей боп отыр. Ол үй ішімен көрісіп кеп отырған соң байқады. Анау бір топ қыздың ішінде Тоғжан да отыр екен. Бірақ ол бетіне шәлі жамылып, сырт беріңкіреп, қырын отыр. Абайдың ары, әсіресе, сол Тоғжаннан ұялғандай, енді ішінен: «ойпырмай, мынаны көргенше жер жарылып, жұтып кетсеші бізді!» деген бір ой ойлады.

Сөйткенше, төрде отырған біреудің қатты тамсанған үнін есітті. Қараса – Сара апа екен. Ол ашулы түспен түйіліп, кара шапанды басына жамыла беріп, жүрелей отырып ап, айқайлай жөнелді.

Сөзінің басы Бөжейді мақтау мен сол жақсыны жоқтау еді. Соның аяғын шұбыртып кеп:

**- Мына да қарлар не дейді?  
Жақсыдан жаман көбейді.**

Ескінің асыл көзі еді,

Ұрлап та көмдің Бөжейді,-

деп, қатты айқайлап, қалт тоқтады.

Екі жақ та: «Айтамыз, жеткіземіз» деген ойлар, сөздерін осы әйелдердің ауыздарымен айтысты. Осыдан әрі қайталағанда, өршіген де сөз болған жоқ. Қос қыздың дауысы тағы біраз созылып барып тоқтап еді. Сол кезде Зеренің дәл қасында отырған Ғабитхан молда жүгініп, жөткіріп алды да, бұхар мақамымен тәбәрәкті соза жөнелді. Үй іші тегіс жым-жырт. Сілейіп, қатып, мүлгіп қалды.

Құнанбайдың Бөжейге жасаған бата оқырының түрі осы боп еді. **(I, 195-бет)**

**3-топ** Құнанбайдың сыртта жүрген кезеңдеріне, Ырғызбайдың көпшілігі бас қосқан кеңестеріне, халықтың жоқшылыққа тап болуына, Тоғжан мен Абайдың ең соңғы кездесуіне байланысты аналардың іс-әрекетінің мәнін мәтін үзінділері арқылы ашуға күш салады.

*Тарауы: Өрде.*

*Оқиға: 8. Құнанбайдың сапарда жүрген кезеңдері.*

*Аналардың іс-әрекеттері:*

Күңкенің ауылы Құнанбай турасынан ертерек хабарланып тұрады. Бұрын аға сұлтанның кеңсесі орнаған жер осы бәйбішенің ауылы болатын.

Шыңғыстың бөктерімен, бір қабат ішінде қыстап отыратын Ырғызбай да, өзге қалың ел де молырақ. Хабар-ошар көп болатын себебі де сол.

Әке хабарын үй іші сұрастыра бергенде, Абай әдейі осында келіп, әр нәрсені естіп қайтатын. Бірақ сол хабар үшін келумен бірге, Абай Күңкенің әр алуан, жайсыз мінезін де көруші еді.

Құнанбай кеткелі Күңке Ұлжанға кінә таққыштап, Абайдың көзінше де әр түрлі сөздер айтады. Соның үлкені:



- Мырзаның жайы не? Не күйде жүр? Оны ойлап  
Ұлжан қысылмайды ғой. Қысылса, ағайынды, елді жиып  
үлкен үйді мырза бардағыдай қан базар ғып отырмас па  
еді? Көшсе, жұрттан оқшау көшеді. Қаласа, Жидебайда  
жалғыз ауыл қалады. Арттағы елге ұйытқы боп, асын  
беріп, ерінің тілеуін тілетіп отырғанның орынына өз  
тыныштығын сүйеді. Бар елдің күтімі де, шығыны да -  
бізде. Тауқымет – біздің мойында!- деп жазғыратын.

Ұлжанның атқамінер атаулыны өз ауылына жия бермей-  
тіні рас. Шыңғыста, қалың ел ортасында болғандықтан,  
Күңкенің қазан асысы, қонақ шоғыры мол екені де рас.

Қазір бұл үйдің сойысы Ұлжан үйінен көп болғанға  
Күңке, әсіресе, күйінеді. Ол да күндестіктің, бәсекенің бір  
қиын, шытырман жері болатын.

Мал амалсыз сойылып, жиі шығындап жатыр. Сол шығын  
өскен сайын іші ауырып, ең ақыры, осы кездерде Ұлжанды  
абысын-ажынға да, ағайын-жақын, тіпті, бала-шағаға да  
жамандай бергіш боп еді.

Абай бұл шешесімен дауласпайды. Айтқанын үндемей,  
салқын ғана тыңдайды да, сол арада ұмытуға тырысады.  
Өйткені шешесі Күңке айтқанды оның баласы Құдайберді  
айтпайды. Ол әрқашан Абай келгенде қуанып қарсы алып,  
аса қатты бауыр тартады.

Күңкенің сөздерін Абай өз шешесіне де жеткізген  
емес. Бірақ Қарашоқыға барып қайтқан сайын, үйдің  
оңашасын тауып, әжесіне айтып, сонымен ақылдасатын.  
Әжесі Күңке сөздерін тындап-тындап кеп: (I, 213-бет)

- Елеме, ол сөзді! Қай үйдің қай жөнмен жүретінін сол  
білетін шығар. Күндестік деген сұм мінездің ызғары ғой!  
Күңке мен Айғыздан сондай бықсық шықпай жүре ме?  
Шешене айтпай-ақ қой, өзім тыямын!- деген.

Айтқанындай, Зере бір күні Ызғұттыны шақырып ап,  
Күңкеге әдейі жұмсап, жаңағыдай сөздерден тыйылсын

деген. «Одан да үндемей шыдап, байының ел-жұртын, қонақ-қосшысын сыр бермей, сыпсындамай күтсін» деді. (I, 213-бет)

*Оқиға: 9. Ырғызбайдың көпшілігі бас қосқан кеңесінде.*

- Байлауын байладың. Енді, түге, жат жиынның алдында жас балаларымның жақсы талабын жер қылмандар. Өліге еткен қызметтен бастарың кішіреймес. Араз-құразды ұмытыңдар, адам болсаң! Тірісінде алғыс алсаң, енді, тым құрса, өлі аруағынан қарғыс алма. Балаларым мен келіндерім, сендер де төбеңмен жүр! Отымен кір, күлімен шық қонағыңның! Ердің сыны – шабуыл мен шаптығуда емес кішіпейіл, мейірде! Шалдықсаң да қабақ шытпа! Қуанып, жарқырап жүріп күт! Дабырайып, желігіп те кетпендер! Жым-жырт, момын жүріп күтіңдер! Болмаса мынау ағайынның төрт көзі түгел отыр ғой, міне, өл де маған! Бірі қырт, бірі дарақы, мақтаншақ, бірі ұр да жық, даңғой атанғанда осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылма деп, сондай атақ алады!-деді. (I, 254 бет)

*Тарауы: Қияда.*

*Оқиға: 10. Халықтың жоқшылыққа тап болуы.*

*Аналардың іс-әрекеттері:*

- Өй, шырақ-ау, о не дегенің?... Біздің үйімізде өзіміз ішерлік азықтың өзі жоқ. (I, 292-бет)

- Өтірік айпа! Әнеу күні ақ шомшыдан алғызған қап ұның бар. Тіркеліп тұрған бес қап бидайың бар. Соғым етің бітпек түгіл, орталанған да жоқ...

- Е, өзіміз аш қалсын дейсің бе? (I, 293-бет)

Зере күрсініп отырып, қабағын түйді де, Жақыпқа қарап:

- Балама сәлем айт! Көп өмірім қалған жоқ! Зарлаған аш-арықтың қырғынын көрерім қалды ма? Жетім-жесір, кәріп-кәсердің телегей-теңіз жасын көрерім қалды ма? «Мені енді ал» деп тілеп отырмын жаратқаннан.

Жаназаға жиылған жұртты да ас беріп асырайды ғой.

Тимесін, қумасын. (I, 297-бет)

- Өнегем... болса... тірлігімде көрсете алдым ба, жоқ па? Өсиетім болса... құлағым, тілім барында айтып болдым ба, жоқ па? Қайтейін!.. Енді қайтейін!.. (I, 304-бет)

Шешесі көзіне жас алып отырып, өзінен-өзі:

- Анаң, ана-ақ еді ау, жарықтық! Осы кісінің өсиеті, тәрбиесі болмаса, мен де бір түйіліп қалған қу түйіндей үндемес, қатыбас болар ем. Сен екеумізде қарызы бар еді. Тым құрыса, аруағы ырза болсын. Артын жақсы күтейік!- деді. (I, 305-бет)

*Оқиға: II. Тоғжан мен Абайдың соңғы кездесуі.*

Екеуінің сүйіскен жылдары ұзақ. Бірақ көріскен қызығы, кездескен рақат шақтары, тіпті, аз екен. Тоғжан сол өкінгенін, қатты күйіп назаланғанын айтқан, өмірге, тағдырға, зорлық күдіретке ренішін айтқан. Жалпы, өксіп, назаланып, зорлық күдіретке ренішін жылап, өксіп, назаланып келген кезінде, арман асқан шағында айтқан, сол кеште лағынет те айтқан. Абай Тоғжанды жұбата алмай, ет-жүрегі елжіреп қайтқан. Көз алдында жылап кетіп бара жатқан Тоғжан тұр. Басына жамылған қара жібек шапаны мен ақ көйлегінің етегі де есінде. Шапан астынан тұншыға сылдыраған шолпысының да мөлдір үні құлақта тұр. Әлі өшкен жоқ...

Абай тағы да бір күрсінді де:

- Есіл Тоғжан, ұмытпаспын... ұмытпаспын!- деді.

*(Жалғасы келесі нөмірде)*



Бағдат МҰҚАТАЙҚЫЗЫ,  
Қазақстан Республикасының  
Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

## «ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ

*Кілті: «Адамдық негізі – әйел» (М.О.Әуезов)*

*Сабақтың мақсаты:* романның құрылымы туралы жан-жақты айқын түсінік беріп, құндылығы неде екенін жете ұғындыру.

*Міндеттері:* **білімділік** – оқушыларға романның негізгі оқиға желісін меңгерте отырып, ондағы көтерілген әлеуметтік, адамгершілік мәселелері жөнінде азаматтық пайымын тереңдету, ой түйінін кейіпкерлер арқылы дәлелдеу; **дамытушылық** – оқушының өзіндік қиялына еліктей отырып, өзінше ой түюге баулу, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру, шығармашылық жұмыс арқылы таным-түсініктерін дамыту, көркем шығармаларды оқуға қызығушылықтарын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды адами қасиеттерге баулу, автор көтерген әлеуметтік маңызды мәселелер төңірегінде ой-өрісін кеңейту, әйел адамды құрметтеу сезімін жетілдіруге тәрбиелеу. Сол сияқты әдет-ғұрыптарды сақтауға, өз бас бостандықтары үшін күресе білуге, ұлттық салт-дәстүрлерімізді биік ұстауға құлшындыру.

*Түрі:* жаңа сабақты меңгерту. *Әдісі:* баяндау, сыни тұрғыда ойлау стратегиясы, сұрақ-жауап, салыстыру, шығармашы-

лық ізденіс, проблемалық сұрақтар. **Көрнекіліктер:** инте-  
ративті тақта, әдеби кітаптар, шығармашылық жұмыстар,  
т.б.

### **Сабақтың барысы.**

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

IV. Жаңа сабақты бекіту.

V. Үй тапсырмасы.

VI. Сабақты қорыту.

VII. Білімді бағалау.

### **Үй тапсырмасын тексеру (ізденіс жұмыстары):**

1. Автормен сырласу (ақын Қадыр Мырза Әлі сөзі)

2. Ұстазы Нұрғалиға жазған хатын оқу, жаттау.

3. «Шығамын тірі болсам адам болып...» Өлеңнің шығу  
тарихы, кімге арнаған, қай жылы жазылып, қай жылы, қай  
қалада, қай кітапта жарияланды? Лирикалық кейіпкер.

*Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ тарихында ой-сана-  
сы ең қырағы, ең қанатты, ең қазыналы қайраткерлердің  
бірі (Темірғали Нұртазин).*

*Ол – өзінің асқақты, ашулы лирикасымен қазақ  
еңбекшілерінің мұң-мұқтажын, зәбір-зарын құлшына  
жырлап, бай-бектерді, ауылнай-болыстарды, патша-  
чиновниктерді кекті зілмен аяусыз әшкерелеп, ашына  
сынаған ақын. (Бейсембай Кенжебаев).*

Қазақ халқының ой дүниесінде аз жасап, көп іс тындырған  
С.Торайғыров – халқымыздың біртуар аяулы перзенттерінің  
бірі. Ол – ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы.

Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті  
аталатын тұтас дәуірдің айырықша ірі тұлғасы. Қоғамдық-  
әлеуметтік өмір шындығын шығармаларында батыл да анық  
реалистік сапада көрсетіп, шығармаларының көркемдік  
қуаты жағынан ол өз биігін ғана анықтаған жоқ, тұтас бір

дәуір – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті табиғатын айқындаған ұлы құбылысқа айналды.

«Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!» деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов:

«Ақын елінің тілі ғой,

Адал туған ұлы ғой.

Бүлк-бүлк еткен жаны ғой,

Жанын жеген ары ғой,

Айта алмай жүрген зары ғой.

Жаннан, ардан безбесе,

Ақынын қандай ел қастерлемесін!» – деп жазған екен.

Венн диаграммасы бойынша ұқсастығы: Абай –

Сұлтанмахмұт.

Бірінші ұқсастығы – ұлттық сананың оянуына ықпал етті.

Екінші ұқсастығы – әлемдік даму даңғылына апарар жол

– өнер, білімге үндеді.

**Жаңа сабақ жоспары:**

### ***I. Кіріспе***

«Қамар сұлу» романының негізі, жанр ерекшелігі, құрылымы, тілдік ерекшелігін сипаттау.

### ***II. Негізгі бөлім:***

Шығарманың тақырыбы.

Шығарманың идеясы.

Негізгі кейіпкерлер.

Қосалқы кейіпкерлер.

Монолог: а) Қамардың ойы; ә) Ахметтің ойы.

Көркемдік ерекшелігі. Портрет:

а) Қамар; ә) Ахмет; б) Нұрым; в) Омар.

Салт-дәстүрлер.

Мақал-мәтелдер.

Басқа тілден енген сөздер.

Кейіпкерлердің мінез-құлқы.

Шығарма құрылысы:

1) Оқиғаның басталуы:

а) Қамарды суреттеуі;

ә) Қамар мен Ахметтің кездесуі;

б) Ахметтің оқуға кетуі.

2) Оқиғаның байланысы – Нұрымның әйелінің қайтыс болуы.

3) Оқиғаның даму сатысы – Нұрымның Қамарға кісі жіберуі.

4) Шиеленісуі – Қамардың ұзатылуы.

5) Шарықтау шегі – Қамардың науқастануы.

6) Шешімі – Ахметпен кездесуі.

### **Қорытынды.**

- Балалар, «Қамар сұлу» романын оқи отырып, біздің бойымызда бір сезім туды. Ол – психологиялық сезімдер. Атап айтсақ: елестету, сүйсіну, жек көру, жаны ашу, өкініш, таңдану.

**Елестету** – Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, тұрмысын, Қамар мен Ахмет сынды елді ауызына қаратқан жастардың жағымды қасиеттерін елестетеміз.

**Сүйсіну** -- Қамар мен Ахмет арасындағы адал сезімге, таза сүйіспеншілікке, кіршіксіз достыққа сүйсінеміз.

**Жек көру** – Екі жасты айырмақ болған үстемдікке, дүлей қара күш иелеріне деген ашу-ыза, кектену, жек көру сезімін бастан кешіреміз.

**Жаны ашу** – Қамардың ауыр тағдырына, Ахметтің жазықсыз жалаға ұшырауына жанымыз ашиды.

**Өкініш** – Қамардың қайғылы өліміне, қазақ қыздарының аянышты халіне, бірін-бірі сүйген екі жастың бақытсыздығына өкінеміз.

**Таңдану** – Ақынның көркем, айшықты сөз образдарын, халық нақылдарын шебер де орынды қолдана білу шеберлігіне таңданамыз.

Міне, романдағы оқиға желісі арқылы қазақ халқының XX ғасыр басындағы тыныс-тіршілігінен мағлұмат алатырып, адам тағдыры кез келген уақытта басты мәселенің бірі екендігін түйсіндік. Олай болса, Сұлтанмахмұт – адам құнын қорғаушы, азат өмірді аңсаушы.

### **Шығармашылық жұмыс – «Ой шабуылы»:**

а) Бақыт дегеніміз не? Қалай күресуге болады?

ә) «Қамар сұлу» романындағы салт-дәстүрлер қазіргі таңда сақталған ба?

б) Романда кездесетін қарама-қайшылықтар осы өмірде кездесе ме?

в) Қазіргі қазақ әйелі кім, қандай?

г) Қамардың орынында сендер болсаңдар, қиындықты қалай жеңер едіңдер?

д) Қыз баланың, болашақ бозбала арман еткен асыл жардың ішкі жан дүниесін даралай түсуде сыртқы қас сұлуға тән сымбатын Абайша, Мұхтарша, Сұлтанмахмұтша және өзіңше сипатта.

**Қазақ қызы туралы.** «Шөптің шүйгінін жеп, судың тұнығын ішкен, аттың жүйрігін мініп, иттің алғырын ерткен, құстың қыранын баптап, мылтықтың түзуін асынған, ақ шаққан үй тігіп, саф таза ауада жаз жайлау, қыс қыстауға көшкен дала тұрғындары осы салтанатқа сай болашақ жарының да тұрмыс-тіршілігінің ажар-көркі болғанын ұнатқан.

Сұлулыққа жаны үйір халқымыз ғасырлар бойы ерге адал жар, сенімді серік болар қыз баланың сымбаты мен келбеті, мінезі мен ақылы, тәрбиесі мен өнегесі, дәстүрлі талғамы мен өлшемін қалыптастырған. Біздің әдемі де сұлу бойжеткендеріміз: сұңғақ бойлы, сыңғырлаған дауысты, оймақ ауыз, күлімкөзді, жайдары мінезді, алма мойын, ақша бетті, аршын төсті, тал шыбықтай бұралған бұраң белді, сүмбіл шашты, керілген кең ақ маңдайлы, сүйріктей



ақ саусақты, сүрме қасты, ұзын кірпікті, ақ білекті, маржан тiстi, қыр мұрынды, т.б. деп, сөз суреттерімен сомдаған».

**Сабақты бекіту:** Сұлтанмахмұт – қазақтың жыр-дариясын құрайтын үлкен асау арналы өзенінің бірі.

«Ел үшін еңбек етсең – халқың сүймек,

«Біз үшін отқа, суға түсіп жүр» деп.

Ер өлсе де еңбегін ел өшірмес,

Неше мың жыл өтсе де тарих білмек», - деп ақынның өзі жырлағандай, С.Торайғыровтың елі үшін еткен еңбегі ел есінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Сабағымыздың кілті болған «Адамдық негізі – әйел» деген М.Әуезовтің аталы сөзіне көз жеткізе алдық па? Ойларыңыз, пікіріңіз.

**Сабақты бағалау.**

**Үй тапсырмасы:** «Адамдық негізі – әйел» тақырыбына шығарма жазу.



## АНАДАН ТУДЫҚ ҰҚСАМАЙ

Зәрең ұшар бір сұмдық естілгенде,  
Көп нәрсеге зер салдық ес білгенде.  
Бәріміз де туғанбыз жайлы анадан,  
Бірақ өстік ұқсамай ешкімге де.

Біріміз күнді кешсек зар қайғымен,  
Біріміз кеш батырдық жан бағумен.  
Біріміз байлық қудық аш қасқырдай,  
Біріміз өмір сүрдік ел қамымен!



Ұлжалғас БҰРХАНҚЫЗЫ,  
Қазақстан Республикасының  
Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДЕГІ РИТОРИКАЛЫҚ СҰРАУ

**Сабақтың мақсаты:** риторикалық сұраудың шешендік сөздерде атқаратын рөліне жан-жақты тоқталып, анықтамасын айқындап, нақты мысалдармен дәлелдеу.

**Міндеттері:** **білімділік** – риторикалық сұраудың шешендік сөздің тіл, мазмұн шеберлігін арттыратынына көз жеткізіп, оны талдай білуге үйрету; **дамытушылық** – бейнелі ойлау, елестете алу қабілеттерін дамытып, ойларын әдеби тілде жеткізуге, лингвистикалық талдау дағдыларын қалыптастыруға баулу; **тәрбиелік** – жауапкершілікке, адами және тіл мәдениеті құндылықтарын қастерлеуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ- жауап, талдау, Б.Блум стратегиясы, сөздің әсем қолданысы. **Көрнекілігі:** оқушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау кестесі (Б.Блум таксономиясы бойынша), лингвостилистикалық бағыттағы тапсырмалар, сатылай кешенді талдау үлгісі, интерактивті тақтада слайдтар.

**Сабақтың барысы.**

1. Ұйымдастыру.
2. Үй тапсырмасын тексеру – Б.Блумның мақсат қою стратегиясы бойынша III деңгей тапсырмаларын орындау.
3. Жаңа сабақ. Жаңа сабақта II, I деңгей тапсырмалары

орындалады.

4. Бекіту.

5. Оқушылардың білімін бағалау.

6. Үйге тапсырма.

7. Қорыту.

**I.** Оқушылармен сәлемдесіп, олардың сабаққа дайындығына, көңіл-күйінің орнықтылығына көңіл бөлу. Оқу құралдарының толықтығын тексеру.

**II.** Өткен сабақ бойынша білім тексеру.

1.3 топқа бөліп, төмендегі тапсырмаларды орындау.

### **БІЛУ. Ұжымдық тапсырма (ауызша)**

1. Сөйлем дегеніміз не? Оның сөз тіркесі мен күрделі сөзден айырмашылығы қандай? Өрқайсысына мысал келтіріңдер.

### **ТҮСІНУ. Топтық тапсырмалар (ауызша)**

#### **1-топ**

**Диалогты рөлмен мәнерлеп оқып, сұраулы сөйлемнің түрін анықтаңдар.**

- *Е, сен неге жүрмейсің?* - деген сөзге оның берген жауабы:

- *Балам жоқ, соны іздеймін.*

- *Қай балаң?*

- *Нұрмағамбет.*

- *Е, ол қайда еді?*

- *Тай үйретем деп таңертең кетіп еді, содан тайы да, өзі де жоқ. Астындағы асау тай бір жерде өлтіріп кетпесе не қылсын!*

- *Ертерек неге айтпадың, ел болып іздесетін?*

- *Оған урядник болды ма! Есті жаңа жинап отырған жоқпыз ба?*

**Сұраулы сөйлемнің түрін анықтандар. Сұраулық мағынаны тудырып тұрған тұлғаны табындар.**

Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

**Өлеңнің авторын, тақырыбын табындар. Сұраулы сөйлемнің мағынасын ашып, қалай жасалғанын түсіндіріңдер**

Сен мені білесің бе, білесің бе,  
Жаралмаған жан екем күресуге.  
Жылай жүріп өтірік күлесің де,  
Жүресің де қоясың, жүресің де.  
Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,  
Тастағысы келеді күресінге,  
Фаризажан, сен соны білесің бе?!

2. Ішінде жауабын қажет етпейтін сұраулы сөйлемдерді бар өлең жолдарын тауып жаттау.

**III. Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.**

**Retoriche – грекше - шешен, ділмар.** Грецияның шешендік өнері туралы ғылымы. Ал риторикалық сұрақтар - шешендіктің тәсілі, шешен сөйлеудің амалы ретінде көркемсөз теориясында дәлелденген. Риторикалық сұрақтар сұраулы сөйлемдердің түріне жатады. Ол сөйлеушінің ішкі толғанысынан, сезім тебіренісінен туындайды.

Риторикалық сұрақты білдіретін сөйлемдерде баяндауыш сөздер кері мағынада жұмсалып, ерекше интонация арқылы құрылады.

Дауыс ырғағының қатысуы жағынан жай сұраулы сөйлемдерге ұқсас болғанмен, риторикалық сұрақ ерекше екіпінмен айтылады, жауабын талап етпейді

**Риторикалық сұрақты жасайтын  
баяндауыштық формалар:**

Жедел өткен шақ етістіктің болымсыз түрі мен **ма, ме шылаулары** арқылы жасалады.  
**Мысалы:** Содан бері талай жыл өтпеді ме?! Жан сырымды көзімнен ұқпадың ба!

Риторикалық сұраққа мүлде бейімделген **емей немене** тұлғасы арқылы жасалады.  
**Мысалы:** Атамүлкің адалың емей немене! (М.Әуезов)

Бастауыш ретінде **-ған, -ген** формалы есімше, баяндауыш ретінде **қайда** сөзі қатысып құралған сөйлем де риторикалық сұрақты білдіреді.  
**Мысалы:** Еркежан-ау, әлгіде жездемнің құлағынан жұлам дегенің қайда?!

**II деңгей.**

**ҚОЛДАНУ. Топтық жұмыс:**

**1-топ.**

**Өлеңнің соңғы сөздерінің ұйқасын, риторикалық сұрақты тауып, соңғы сөзге фонетикалық талдау жасандар.**

*Түсіндім, түсінбейтін өрекпе ... .*

*Қалай мен адамдардан бөлек ... ?*

*О, менің сүттей аққан қос бұлағым,*

*Айтыңдар, нем бар менің бөлек...? М.Мақатаев.*

**2-топ.**

**Өлеңнің соңғы жолдарын ұйқастырып, сол сөздерге морфологиялық талдау жасандар**

*Апарады сүрлеу қайда, жол ... ,*

*Бүгінгі олқы ертеңдері толмай ма?!*

*Тауын шақпаса тіркесінің мағынасын  
айқындап, морфологиялық талдау жасаңдар  
Жыршының аты жыршы ма  
Әркімнен өлең жаттаса?!  
Шешеннің аты шешен бе  
Даугердің тауын шақпаса?! Д.Бабатайұлы.*

### ТАЛДАУ. Жеке оқушымен жұмыс

1. Риторикалық сұраудың қолданылу мақсатын аш, қарамен берілген сөздер лексиканың қай түріне жатады?

**Арғымағың** жамандап,

**Тұлпарды** қайдан табарсың?!

**Тұйғыныңды** жамандап,

**Сұңқарды** қайдан табарсың?! (Асанқайғы).

**Тақтамен жұмыс.**

2. Сөйлемге сатылай кешенді талдау жүргізу (жазбаша).

#### Ердің сыншысы – елі.

1. Сөйлемде екі тыныс белгі бар. Олар: нүкте және сызықша. Нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр; сызықшаның қойылу себебі бастауыш та, баяндауыш та есім сөздер.

2. **Айтылу сазы мен мазмұнына қарай** хабарлы сөйлем. Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр.

3. **Құрамына қарай жай сөйлем.** Себебі, үш сөзден құралып, бір ғана тиянақты ойды білдіріп тұр.

4. **Сөйлемді сөйлем мүшелеріне қарай талдаймыз.**

Ол үшін, ең алдымен, сөйлемнен баяндауышты табамыз. Себебі баяндауышсыз сөйлем болмайды, баяндауыштың орыны шартты түрде тұрақты.

4.1. Сыншысы кімі – елі – дара зат есімді, (-і) – тәуелдік тұлғалы – баяндауыш. Баяндауыш арқылы бастауышты табамыз.

4.2. Елі кімі - сыншысы – дара зат есімді, (-сы) тәуелдік тұлғалы бастауыш. Бастауыш пен баяндауышты қатыстыра отырып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін табамыз.

4.3. Кімнің сыншысы – ердің – дара зат есімді (-дің) ілік тұлғалы – иелік анықтауыш.

**5. Сөйлемдегі сөздерді байланысу түрлері мен тәсілдеріне қарай талдаймыз.** Ердің сыншысы, ердің елі – матасулар, себебі бағыныңқы сыңарлары ілік септігінде, басыңқы сыңарлары тәуелдік жалғауында келіп, матаса байланысып тұр. Тәсілі – жалғаулықты.

**5.1 Құрылысына қарай - еркін тіркестер.** Себебі бағыныңқы сыңарларын кез келген басқа сөздермен алмастыруға болады. Мысалы: елдің сыншысы, халықтың сыншысы, әдебиет сыншысы, театр сыншысы.

**5.2 Тұлғасына қарай есімді тіркестер.** Себебі басыңқы сыңарлары – есім сөздерден болып тұр.

3. М.О.Әуезовтің «Абай жолы» романының бірінші кітабы «Қияда» тарауынан Байдалының сөзі: - Бала күнімнен бері қарай ылғи ғана қапылықтан шеккен өкінішті білем. Құнанбайдың өртіне түскенде, ұдайы опық жеумен түспедім бе?! Бүгін міне, тағы сол баяғы сорым ғой. Жаз бойы Құнанбай ұры атандырды деп, өзіміз де Балағаздарды ұры-қары санап, қоса қуып келмедік пе?!

Бүгін ойлап болжасам, сорлылар ұрлық емес, өжеттік бастап жүр екен ғой. Аш-арықтың ішінен бұларды қарғаған бір жан көрдің бе?! Ұры демеймін! Өктем шыққан өз тәнім, өз бауырым деймін! Бүгін соны Құнанбайдың мынау ісі біржолата танытып отыр.

**Тапсырма.** Мәтінде неше сөйлем бар? Сұраулы сөйлем жауап күтіп тұр ма? Ойыңды кеңітіп айт.

### III деңгей

#### ТОПТАУ. Ұжымдық жұмыс (жазбаша)

Көп нүктенің орынына қажет сөзді қойып, көшіріп жазыңдар

Жиырма бестен артық жас ...?!

Ұйқыдан жаман ... бар ма?!

Еріншектен жаман нас ...?!

Ойлаңдаршы, ағалар,

Шын жарыңнан артық дос ...?!

Шын жолдасың ондайда

Жауға сені ... ма?!

Айта салған бір сырым,

Бірге жүрген достарға. (М.Мөңкеұлы).

**Керекті сөздер:** қас, бар ма, тастар.

**Бағалау. Баламалық тест:**

**1. Риторикалық сұрақтар – шешендіктің тәсілі ме?**

А) иә; Ә) жоқ.

**2. Ол қуанышты сезінуден туады ма?**

А) иә; Ә) жоқ.

**3. Ол ауызекі тілде көп кездеседі ме?**

А) иә; Ә) жоқ.

**4. Сенімділікті нақтылау үшін қолданылады ма?**

А) иә; Ә) жоқ.

**5. Ол ішкі сезім тебіренісінен туады ма?**

А) иә; Ә) жоқ.

**6. Шешендік сөздің көркемдігін арттырады ма?**

А) иә; Ә) жоқ.

**7. Ол диалогта көп кездеседі ме?**

А) иә; Ә) жоқ.

**8. Ол монологта көп кездеседі ме?**

А) иә; Ә) жоқ.



Дұрыс жауабы: 1.А; 2.Ә; 3.Ә; 4.Ә; 5.А; 6.А; 7.Ә; 8.А.

Риторикалық сұрауды қолдана отырып, өлең шығару.

**6. Үйге тапсырма:** 21-жаттығу.

**7. Қорыту.** Оқушылардың риторикалық сұрақ туралы ұққандарын және қандай өлеңдерде кездесетінін сұрау.



**Динаш ОСПАН,**  
**Қазақстан Республикасының**  
**Білім беру ісінің құрметті қызметкері.**

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДА СОМДАЛҒАН ӘЙЕЛДЕР ӘЛЕМІ**

**Сабақтың мақсаты:** XX ғасыр басындағы қазақ прозасында сомдалған әйелдердің ішкі дүниесіне үңіліп, қоғамда атқарған рөліне, кесек тұлғасына лайықты баға беру. Жамал, Ақбілек, Ғайша, Қамар, Шұға бейнелерінің ерекшеліктерін, суреткердің бейнелеу шеберлігін ұғындыру. Өткен сабақтарда оқыған романдарындағы әйелдер бейнесіне тоқтала отырып, білімдерін еске түсіру. Осы шығармалардағы әйелдердің бейнелерін ашу арқылы оның идеялық-тақырыптық ерекшеліктерін салыстыру.

**Міндеттері:** **танымдық** – оқушылардың білім дәрежесі мен ой-сезімін аңғару, олардың шығарма мәтіндерін қаншалықты дәрежеде меңгергенін байқау; **тәрбиелік** – XX ғасыр басындағы қазақ прозасында жазушылар сомдаған

әйелдердің мінез-құлықтары арқылы жақсылық пен жамандық сияқты қасиеттерге мән беру; **дамытушылық** – сабақта оқушылардың білім-білік дағдыларын одан әрі дамыту, оларды шәкірттердің ой-санасында берік қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізу.

**Түрі:** қорытынды сабақ. **Әдісі:** эвристикалық сұрақ-жауап арқылы дамыта оқыту әдісі. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта.

### **Сабақтың барысы.**

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Біз бұған дейінгі сабақтарымызда Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», С.Көбеевтің «Қалың мал», Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармаларын оқып танысқанбыз. Романдардың оқиға желісі сендерге мәлім. Бүгінгі сабағымызда осы шығармалардағы жазушылар сомдаған әйелдердің бейнелеріне шолу жасай отырып, әдеби талдау жүргіземіз.

Әрине, ХХ ғасыр басында жазылған поэзиялық дастандарда да, әңгімелерде де әйелдер бейнелері аз кездеспейді. Мәселен, Иса Байзақовтың «Құралай сұлу», «Ақбөпе» дастандары, Ж.Аймауытовтың «Күнекейдің жазығы», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімелерінде де әйелдер бейнесі әдемі суреттелген. Бірақ біз бүгін оқу бағдарламасында берілген қазақ шығармаларындағы әйелдер бейнесіне тоқтала кетпекпіз.

### **Жаңа сабақ.**

Шығармалардағы негізгі кейіпкерлер – Қамар, Ғайша, Жамал, Шұға, Ақбілек бейнелеріне және осы қыздардың аналарына да мінездеме беру.

Соған байланысты мына төмендегі көкейкесті мәселелерге көңіл бөлініп, назар аударылады:

1. Осы шығармалардағы негізгі кейіпкерлердің өз бақытына жеткендері мен жете алмағандары жайлы әңгімелеу.

2. Жазушылар негізгі кейіпкерлердің бейнелерін ашуда қандай көркемдік тәсілдерді пайдалана білгендігі жайлы түсінік беру.

3. XX ғасырдың басында қазақ әйелдерінің тағдыры осылай болса, XXI ғасырдың басында, Тәуелсіздік жылдарында қазақ әйелдерінің өмірі мен тұрмыс-салты жайлы әңгімелеу.

I. Бірінші мақсат бойынша шығармалардағы Қамар, Ғайша, Жамал, Шұға, Ақбілек бейнелеріне мінездеме беріліп, интерактивті тақтаға венн диаграммасы сызылып, қыздардың мінездеріндегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын және жас ерекшеліктерін салыстыра суреттейді.

Қамар – аса сұлу,  
ұстамды, сөзге  
шешен, ақын қыз.  
Ауқатты ортадан  
шыққан. Өз  
махаббатына  
берік.

Ғайша – өз бостандығы  
үшін күресе алатын,  
өзін түсінетін адал жар  
іздейтін қыз, сұлу,  
ақылды, пысық,  
мақсатына қол  
жеткізген білімді қыз.

Ұқсастықтары: Бәрі байдың  
қызы, оқыған, тағдыры үшін  
күресе алатын қыздар.  
Айырмашылықтары: Қамар,  
Ғайша және Шұға 16 жаста,  
Жамал және Ақбілек 15  
жаста.

Ақбілек – жаңашыл,  
білімді, сұлу, өз  
мақсатына жете  
алатын парасатты  
қыз.

Жамал – өз  
тағдыры үшін  
күресуге дайын,  
сауатты, саналы,  
өте білімді, иманды  
қыз.

Шұға – өте сұлу,  
инабатты, білімді,  
ақын жанды,  
махаббатқа берік,  
сүйгеніне адал жан.

II. Жамал, Ғайша, Қамар, Ақбілек, Шұғаның аналарының бейнелерінің суреттелуіне де мінездеме беріліп, оны венн диаграммасы бойынша салыстыра әңгімелейді.

Ғайшаның анасы – мейірімді,  
қызының бақыты үшін күресуге  
дайын, қызымен сырласа алады,  
өз теңіне қосылуын тілейтін  
қамқоршы ана.

Қамардың анасы –  
мейірімсіз, қатал,  
баласының бақытты  
болуын тілемейді,  
байлыққа құмар адам.

Жамалдың анасы – Шолпан.  
Өте қарапайым, мейірімді,  
ақкөңіл, қызына жалғыз  
демеуші адам, оқыған,  
аздап сауаты бар, қызының  
оқығандығын қалайды. Өз  
теңіне баруын тілейді.

Бәрі де бай кісілердің әйелдері. Ғайша, Шұға, Ақбілек, Қамар – бәрі бәйбішелер, Шолпан – байдың тоқалы.

Ақбілектің анасы – қызының өмірі үшін жанын қиюға дайын, өте шыдамды, төзімді ана. Қызы үшін өз өмірін қиды.

Шұғаның анасы – әңгімеде анасы Шұғаның ауырып жатқан кезінде «қарағым-ау, саған демеу болуға дайынмын» деген сөзінен-ақ анасы қызының бақыты үшін, өз теңіне қосылуын қалайтын мейірімді ана бейнесінде суреттелінеді.

### **Өз мақсаттарына жете алғандары:**

1. «Қалың мал» шығармасындағы Ғайша.

Ғайша сүйген жігітімен қашып кетіп, жанашыр жақындарының көмегімен, өзінің қайсар мінезімен, ақылдылығымен діттеген мақсатына жетеді.

2. «Ақбілек» шығармасындағы Ақбілек.

Ақбілек – Ғайшаға қарағанда, жаңашыл кейіпкер әрі бақытына қол жеткізу үшін қиыншылықты көп көреді. Бірақ білімділігі мен шыдамдылығының арқасында арманына қол жеткізеді.

### **Өз мақсаттарына жете алмағандар:**

1. «Қамар сұлу» шығармасындағы Қамар.

Қамардың тағдыры өте аянышты. Биік мансапқа, мал-мүлікке көзі тоймаған жақындарының кесірінен сүйгенінен айырылып, малға сатылып кетеді. Қатыгез Жорға Нұрымның

және бақсы-балгерлердің санасыздығынан азаптанып, жан түршігерлік өліммен өледі.

2. «Бақытсыз Жамал» шығармасындағы Жамал.

Шығарманың аты айтып тұрғандай, Жамал тағдыры бақытсыздықпен аяқталады. Бірақ басқа шығармалармен салыстырғанда Жамал сүйгенімен аз ғана уақыт болса да бірге болады. Өкінішке орай, екеуін Ғалидың өлімі ажыратады. Таз Жұманның қолына түсіп, көп қасірет шегеді. Бостандық жолында желтоқсанның ызғарлы кешінде әлсіреген Жамал суықтан үсіп өледі.

3. «Шұғаның белгісі» шығармасындағы Шұға.

Осындай кейіпкерлердің бірі – Шұға. Аңсаған арманына, сүйген жарына жете алмай, құсалықтан төсек тартып, Әбдірахманды бір көруге зар болып, өмірден озады.

**Шығармадағы кейіпкерлер мінезінің ажарын ашып, көркемдік сипат беретін көркемдік тәсілдер:**

1. «Қамар сұлу» романынан:

**Жіңішке сымға тартқан** әні қандай,

**Балауыз балбыраған** тәні қандай.

Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,

**Толықсып толып тұрған** сәні қандай.

Еріткен іші-баурыңды көзі қандай,

**Бал тамған майда** бұлбұл сөзі қандай.

**Жүп-жүмсақ, бып-биязы** ішке кіріп,

Жайтандап жан күйдірген кезі қандай!

Күлгенде көзіңді алып **кірсіз** тісі,

Қайнамас оны көріп кімнің іші?

**Алмас қылыш жүзіндей** аударылған,

Сүйгізіп көлеңкесін әрбір ісі.

2. «Қалың мал» шығармасынан:

«Байтал шауып бәйге алмас», «Қатын өлді – қамшының сабы сынды», «Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады», «Жас – жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір», «Бар ма екен

ата-анадан бауыры қатты, баласын әлпештеген малға сатты»,

«Есік көргенді алма, бесік көргенді ал».

3. «Бақытсыз Жамал» шығармасынан:

Жақсы қыз – баға жетпес **бір гауһар тас,**

Он алты , он жетіге жеткенде жас.

Жәннаттың пісіп тұрған **алмасындай,**

Қол жетсе, қандай жігіт ләззат алмас?!

Сұлу қыз **рақаттың кілті** емес пе?

Қолыңа түсіре алсаң, бар-дағы аш.

**Тізілген меруерттей** отыз тісі ,

**Нұрлы жүз, жайнаған көз, қиылған қас.**

Шекеден кәмшат бөрік, кигені асыл,

Сылдырлап **алтын шолпы, иықта шаш.**

**Бұралған тоты құстай** мүшелері,

Бозбала сұхбаттасқан болмай ма мас?!

4. «Шұғаның белгісі» шығармасынан:

«Шұға десе, Шұға! Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, үріп ауызға салғандай! Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін!.. Бұл күнде ондай қыз қайда?!».

5. «Ақбілек» шығармасынан:

«Өзі де қыз десе – қыз екен!», «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – жалғыз қызы алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп», «Қызыл көз, қасқыр жүз, қабылан азу, қара түнді Алтай аңғарынан үркіткелі, қорғасын аспанға алтын айдай Күнекей сұлуды өрмелеткелі, күншығыс ұжымағы қызыл қақпасын ашқанда», «Аспанның күн жақ туырлығы ақшыл тартып, тау бастары алтын жалатқандай күлімдеп келеді. Өлкеден ұшқан бозторғай тау ығының деңгейінде қанаттарын қалшитып, Күнекей сұлуды мадақтап, тау-тастан беташар сұрады.»

**Жаңа сабақты бекіту.**

**XXI ғасырдағы Тәуелсіз қазақ елінің әйелдері қандай?**

**Мұғалім:** - XX ғасыр басындағы шығармалардың желісі бойынша қазақ қыздарының бейнелерін көзбен көргендей болдық. Содан бері ғасыр уақыт өтті. XXI ғасырдың басы – қазақ елінің Тәуелсіз мемлекет болып бастаған ғасыры. Енді балалар, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығымыздың аясында қыздарымыздың өмірі, тұрмыс-тіршілігі қандай жағдайда екендігін салыстыра айта кетейік.

**Оқушы:** - XX ғасырдың әйелдері мен қазіргі заманның әйелдерін салыстырсақ, қазіргі заман әйелдері асыл дардақты ана, аяулы жар, өте саналы, білім деңгейлері жоғары, көкірек көздері ашық, өз ой-пікірлерін ашық айта алады. Дүниеге көзқарастары жаңаша, еркін, тіпті билік басында да жүргендері де аз емес. Жұмыста да, отбасында да тең дәрежеде.

**Сабақты қорытындылау.** Ж.Молдағалиев. «Мен қазақ әйеліне қайран қалам» өлеңі.

**Білімді бағалау.**

**Үйге тапсырма:** «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» тақырыбына шығарма жазу.



## МОЙЫНДАУ

Бұл өмірдің сырын ұқпай әлі біз  
Келеміз-ау көктей солып дәніміз...  
Бар қиындық атаулыға төзімді  
Аналарға қарыздармыз бәріміз.



Гүлбану МАХАМБЕТ,  
Қазақстан Республикасының  
Білім беру ісінің үздігі.



## ШАЛКИІЗ ЖЫРАУДЫҢ «БИ ТЕМІРГЕ БІРІНШІ ТОЛҒАУЫ»

**Сабақтың мақсаты:** Шалкиіз туралы мағлұмат беріп, «Би Темірге бірінші толғауының» идеялық мазмұнын ашып, көркемдік шеберлігімен танысу.

**Міндеттері:** білімдік – Шалкиіз жыраудың өмірі мен шығармашылығына шолу жасай отырып, «Би Темірге бірінші толғауының» идеясы мен поэтикалық тілін талдау; **дамытушылық** – шығармаға поэтикалық талдау жасай алуға төселдіру, өзіндік ой-пікірлерін тиянақты жеткізе алу дағдыларын, сөйлеу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – елін, жерін сүйге, адамгершілікке, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.

**Типі:** дәстүрлі. **Түрі:** жаңа тақырыпты меңгеру сабағы. **Әдіс-тәсілдер:** интерактивті тақтамен жұмыс. **Пайдаланылатын әдебиеттер:** 1. Бес ғасыр жырлайды. I том. А., 1989; 2. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1994; 3. М.Мағауин. Ғасырлар бедері. А., 1991; 4. Жыраулар. А., 2007; 5. С.Қалиев. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. А., 1990.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңінде** балалардың назарын сабақты бастауға аудару, сабақтың тақырыбы, өтілу ретімен

таныстыру.

**II. Үй тапсырмасына** Шалкиіз жыраудың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, толғауларының негізгі тақырыптары мен идеяларын анықтау тапсырылған.

**II. 1. «Мұз үстіне от жаққан» (жыраудың шыққан тегі, өмірі)**

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы – Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560) Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келген. Жыраудың әкесі, сірә, сахара ақсүйектерінің бірі болса керек, ал шешесі кейін Кіші жүздің ұйытқысы болған, орыс деректерінде Сыртқы Орда (Заяицкая Орда) аталатын ұлыстың әмірі Мұса бидің қызы екен. Болашақ жырау үш айлығында анасынан айырылады да, нағашы әжесінің қолына беріледі. Сөйтіп Дәшті-Қыпшақ жерін жайлаған түркі руларының бірінен екіншісіне көшкен бір ғасырға жуық сапары жөргектен басталады. Мұсылманша жақсы білім, сахара салтымен тамаша тәрбие алған ол қайтатырапта өсіп, ержетті – бұл жағы белгісіз. Тек айдынды аламан ғана емес, арқалы жырау ретінде де даңқы шыққан Шалкиізді 490 жылы Ноғайлы әміршісі – Темір бидің төңірегінен көреміз. Шығармаларына қарағанда, осы кезде жырау бірде әскери жорықтар сапында, бірде әміршісінің нөкері қатарында Қырым, Терістік Кавказ, Дон бойын тегіс аралап шығады. Алайда тәкаппар жырау Темірмен үнемі жарастық таба бермеген. Темір өлгеннен соң жырау (тәрізі, осы уақытқа дейін өзімен қырбай болып жүрген) Мұса ұрпақтарымен қайта табысады. Өз заманындағы саяси күрестердің ешқайсысынан сыртқары қалмаған Шалкиіз Ноғайлыда XVI ғасырдың 40-жылдары басталған Жүсіп пен Исмайылдың әйгілі тартысы кезінде Жүсіпті жақтайды. Алайда дұшпандары тарапынан қуғынға, достары тарапынан күндеуге ұшыраған жырау көп ұзамай нағашыларымен біржола араздасып, Қазақ Ордасына қайта өтеді.

Халық арасында жыраудың ілкі есімі Салкез екен деген аңыз-әңгіме бар. Жыршы Ғұбайдолла Зұлқашев жаздырған «Салкез батырдың Орақ, Мамайға айтқаны» деген материалында «... Ноғайлы жұртының Орақ, Мамай деген екі батыры Еділ өзенінде салынды үстінде кезіп келіп тап болған сәби есімін Салкез (Сал+кез) қояды» делінген. Ғылым Академиясының қорындағы жазудың «Шағырмақ бұлт жай тастар» толғауы туралы бір материалда: «Мұсаның қызы берген жерде (ұзатылған) өліп, қызымның көзіндей көремін деп содан туған жас нәрестені ... шәліге, оның сыртынан ақ киізге орап ... әкелген екен. Содан атын Шәлі + киіз – Шалкиіз қойған екен. Шын аты Телағыс екен», - деп жазады Әкіш ақсақал.

Ал, ноғайлар арасында: «көші-қонды елде, киіз үстінде дүниеге келген жырау жастайынан көпті көрген қария-шалдардай ақылды болғандықтан Шалкиіз (Шал + киіз) атапты-мыс», - деп аңыз етеді.

**II. 2. Шалкиіз шығармаларының тақырыптары** (оқушылар интерактивті тақтаға жазып, әр толғаудың идеясын қысқаша айтып өтеді)

1. **Арнау толғаулары:** «Би Темірге бірінші толғау», «Би Темірді Хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны», «Орақ, Мамайға Шалкиіздің айтқаны».

2. **Жыраудың өзі туралы толғауы:** «Мұз үстіне от жаққан».

3. **Фибрат-насихат толғаулары:** «Туырлықсыз қара үйге», «Жел, жел есер...», «Көктеп мінген еріңнің», «Асқар, асқар, асқар тау», «Ор, ор қоян, ор қоян».

4. **Жақсы мен жаман адам туралы толғаулары:** «Жақсының жақсылығы сол болар», «Жалп-жалп ұшқан жапалақ», «Жауынды күні көп жүрме», «Жапалақ ұшпас жасыл тау», «Айырдан туған жампоз бар», «Ағынды сулар, аймақ көл».

5. **Заман туралы толғаулары:** «Алаштан байтақ озбаса»,

«Жебелей жебе жүгірген».

6. **Философиялық толғаулары:** «Жапырағы жасыл жау терек», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Асқар, асқар, асқар тау», «Балпаң, балпаң басқан күн».

**II. 3. Үй жұмысына қатысты тақтада мынадай тапсырмалар орындалады:**

**Тапсырма:** Көп нүктенің орынына қажетті сөзді қойып, мағынасын түсіндіріңдер. Қай шығармасынан алынған?

..... ,  
*Азбас-тозбас мүлкі етер.*

..... ,  
*Күндердің күні болғанда  
Бар ғаламға күлкі етер.*

**Тапсырма:** Көріктеу құралдарының қандай түрлері, қандай мақсатта қолданылған? Көп нүктенің орынына тиісті сөзді қойыңдар.

Асқар, асқар, асқар тау,  
Асқардан .... тау болмас,  
Басына балапан шырлап ұшып қона алмас.  
Бүркіттен ..... құс болмас,  
Баулуы жетпей бөрі алмас.  
Бидайықтан ..... құс болмас,  
Бұйырмаса, .... бір де алмас.

*Қажетті сөздер:* қыран, биік, екеу түгіл, алғыр.

**III. Жаңа сабақ.**

**III. 1.** Жырау өмірінің ең жарқын кездері Темір би сарайында өткен. Ол кез – Шалкиіздің шалқыған дәурені. Ол дәуірде Шалкиіз – өзі би, өзі батыр, өзі жырау. Демек, Темір – Шалкиіздің жебеушісі, қамқоры болса, Шалкиіз Темірдің мәртебесін өсіріп, жұртты ауызына қаратқан, жалынды тілді, ауызы дуалы абызы. Кітаптан оқушы **толғауды мәнерлеп оқиды.**

**III. 2. Сөздікпен жұмыс** (тақтаға мәтіндегі түсінуге қиын сөздерді жазады, одан соң мағыналарын слайдтан оқып, түсінеді):

**Жүлік** – сәйгүлік, жүйрік, қымбатты.

**Көбең** – ептеп оңалған, ет алған.

**Берік** – мықты, бекем, мығым.

**Сызашық** – жерден шығатын судың көзі.

**Төбінгі** – тоқым қысқа болғанда аяқ киім мен шалбар балағын қорғайтын, ер-тұрман құрамына қатысты әбзелдердің бірі.

**Берен** – нағыз шын болат.

**Берек** – мәуелі ағаштар мен түрлі бұталардың үрімі, бұтағы.

**Бостан** – бұтақ, берек, үрім.

**Шүй** – жоғарыдан төмен қарай құлдилай, сорғалай түсу, шүйлігу.

**Сона** – жануарларды шағатын қос қанатты қан сорғыштардың ішіндегілердің ірісі.

**Сақын** – сақтық, қырағылық.

**Кеп** – кейіп, қалып.

**III. 3. Толғаудағы Би Темірдің бейнесі** (Балалар ауызша мәтінге сүйене отырып айтады, тақтаға бір оқушы жазады).

Толғауда Темірді аспандата, асқақтата мадақтайды, тіпті фантастикалық бейнеге жеткізеді.

**Метафоралар:**

Арабы торым өзіңсің..,

Алдаспаным өзіңсің..,

Бармай тапқан қағбамсың..,

Алтынсың, жібексің, сұңқарсың.

**III. 4. Жыраудың өз бейнесі:**

**Салыстыру мен метафора:**

Көбең семіз *торыңмын*..,

Сен *алтынсың* – мен *пұлмын*,

Сен жібексің – мен жүнмін.

Сен сұлтансың – мен құлмын,

Сен сұңқарсың – мен құмын.

Сонымен қатар ол үнемі өзін төмен санап, бас ие де бермейді. Егер менің қадірімді білмесең, сенсіз де өмір сүре аламын, қонысымды басқа жерден іздеймін деп қыр көрсетеді. Мысалы,

Жақсыңнан мені кем көрдің,

Жаманыңмен тең көрдің.

Жақсыңнан мені кем көрсең,

Жаманыңмен тең көрсең,

Ұялы берікке қос артып,

Сен есенде, мен сауда

Ырысымды сындайын,

Сегіз қиыр шартараптан іздермін! – дейді.

III.5. Толғаудағы ақыл-нақыл сөздері:

Есендікте малыңды бер де, батыр жи,

Басыңа қыстау іс түссе,

Дұшпанның қолы жете алмас!

Бар күшінді сынамай,

Балуандармен күреспе.

Таң боларсың әлемге,

Сөз боларсың күлемге.

Ақылсыз дастан

Ақылды дұшпан артық-ты...

Жоғары қарап оқ атпа,

Жуық түсер қасыңа (Біреуге ор қазба, өзің түсерсің)

Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,

Күндердің күні болғанда

Сол жаман айғақ болар басыңа... (Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат).

**Аллитерация:**

Жақсыңнан мені кем көрдің,

**Жаманыңмен тең көрдің.**

**Жақсыңнан мені кем көрсең,**

**Жаманыңмен тең көрсең...**

**Анафора:**

**Сен алтынсың – мен пұлмын,**

**Сен жібексің – мен жүнмін.**

**Сен сұлтансың – мен құлмын,**

**Сен сұңқарсың – мен қумын.**

**III. 6. Толғаудың бір шумағын құрылысына талдау.**

Аспанды бұлт// құрсайды – 4 // 3 буынды А

Күн жауарға // ұқсайды, 4 // 3 буынды А

Көлдерде қулар // шулайды –5 // 3 буынды А

Көкшіліден // ол айуан 4 // 4 буынды Ә

Соққы жегенге // ұқсайды, 5 // 3 буынды А

Көп ішінде // бір жалғыз 4 // 3 буынды Б

Көп мұңайып // жылайды – 4 // 3 буынды А

Күйбеңдескен // көп жаман 4 // 3 буынды Ә

Сөзі тигенге // ұқсайды! 5 // 3 буынды А

**IV. Жаңа сабақты бекіту, қорытындылау**

1-тапсырма: Шалкиіз қандай жырау? (тақтаға сызба түрінде жинақтап жазады)

2-тапсырма: Тәуелсіз елдің ұрпақтарына, өздеріңе Шалкиіз жырау болып аманат, тілек-бата, ақыл сөз айтып көріңдер.

**V. Үйге тапсырма:**

1) Толғаудан үзінді жаттау.

2) 2-тапсырманы кеңейтіп, ойтолғау түрінде жазу.

**VI. Мұғалімнің қорытынды сөзі және оқушы білімін бағалау.**





**Гүлмира КӘДІРБЕКҚЫЗЫ,**  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ШАҒЫН ӘҢГІМЕ ШЕБЕРІ**

**Сабақтың мақсаты:** Ыбырай Алтынсариннің «Шағын әңгіме шебері» екенін өз шығармалары арқылы дәлелдеп, соған оқушылардың көзін жеткізу.

**Міндеттері:** **білімділік** – қазақ даласының дара ұстазы – Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық жолы мен қазақ даласының, келешек ұрпақтың қамы үшін жүргізген еңбектері туралы оқушыларға түсіндіре отырып, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, Ыбырай әңгімелерін талдау, ұғындыру; **дамытушылық** – оқушылардың ой тұжырымдарын, әдеби тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту, зейін қойып тыңдауын, мәнерлеп оқуын, өнегелі білім алуын жетілдіру; **тәрбиелік** – жас ұрпақты жалпы өнерді құрметтей білуге, басқа да ұлы адамдардың көзқарасын сыйлай білуге, еңбекке, адамгершілікке, талаптылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтастыру. **Көрнекіліктері:** әдеби кітаптар, үлестірмелі қағаздар, сурет, бүктемелер. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, әдебиет теориясы.

**Сабақтың барысы.**

**1. Ұйымдастыру:** оқушыларды сабаққа әзірлеу, оқу құрал-жабдықтарын тексеру, бір-біріне жақсы тілектер айту.

**2. Ойла, ойлан, тап. Үй тапсырмасын тексеру, тестпен жұмыс.**



**1. Ы.Алтынсариннің туған жылы:**

а) 1835 ж.; ә) 1841 ж.; б) 1845 ж.

**2. Алғаш мектеп ашқан жылы:**

а) 1846 ж.; ә) 1857 ж.; б) 1889 ж.

**3. Алғаш мектебін қай жерде ашқан?**

а) Торғайда; ә) Қостанайда; б) Омбыда.

**4. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын қай жылы басып шығарды?**

а) 1846 ж.; ә) 1857 ж.; б) 1879 ж.

**5. Үзінді қай шығармадан алынды?**

*Жан-жәндік рақат тауып тұру үшін*

*Ұшпақтан хош иісті гүлдер есер.*

а) «Жаз»; ә) «Өзен»; б) «Өнер-білім бар жұрттар».

**6. Еңбек тақырыбына жазылған әңгімелерін көрсет.**

а) «Қыпшақ Сейтқұл», «Дүние қалай етсең табылады?»,

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»;

ә) «Лұқпан Хәкім», «Таза бұлақ», «Қара батыр».

**7. «Ыбырай Алтынсарин туралы естеліктер» атты**

**арнаулы кітап авторы кім?**

а) Л.Н.Толстой; ә) И.И.Паульсон; б) Н.И.Ильминский.

**8. Балғожа би немересін оқуға қай жылы берді?**

а) 1851 ж.; ә) 1852 ж.; б) 1850 ж.

**9. Ыбырай Орынбор шекара комиссиясының қазақ**

**балалары үшін ашқан мектебін қай жылы бітірді?**

а) 1850 ж.; ә) 1857 ж.; б) 1846 ж.

**10. Орыс ағарту ісімен арнайы қай жылы, қай**

**қалаларда танысты?**

а) Омбы, Орынбор. 1850 ж.;

ә) Орынбор, Петербург. 1876 ж.;

б) Петербург, Қазан. 1876 ж.

**3. Жаңа сабақ:** Ыбырай Алтынсарин – шағын әңгіме шебері.

## Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері

Ы.Алтынсарин – аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, тамаша ақын, көрнекті қоғам қайраткері. Қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бірсыпыра саласында жаңадан өсіп өркендеуіне айқын жол ашып, баянды негіз жасады.

Жан-жақты талант иесі – Ыбырайдың есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілердің бірі болып табылады.

Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық сақтауда. Мұның өзі заңды да еді. Өйткені әрбір дана қайраткер адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеалдарды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан, әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «жол болсын» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән-маңызы, қадір-қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ы.Алтынсарин дәл осындай, үркердей саңлақтардың бірі болған еді. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер-білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді.

Заманымыздың заңғар жазушысы – Мұхтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен

корек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегі түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп ол екеуі де істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы».

Кезінде қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы – демократтар тарихымызда өшпестей із қалдырды.

«Қазақ хрестоматиясына» кірген әңгіме-новеллаларында Ыбырай жастарды еңбекті сүйеге, оқу-өнерге ұмтылуға, Отанын, елін сүйетін патриоттық сезімге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға баулиды. Жалқаулықты, қиянат жасауды, надандықты сынап, жас ұрпақты ондай әдеттерден аулақ болуға шақырады.

«Еңбекпен табылған дәм тәтті»	Бағып-қағуда көп мағына бар	Аудармалары	Ауыз әдебиеті түрлерінен енген әңгімелер

**4. Ескірмейтін ескі сөз.** Бұл бөлімге дайындалу балалардың өздеріне тапсырылады. Күнделікті өмірде Ыбырайдың көптеген сөздерінің афоризмге айналып кеткендері бар. Соны табады.

### 5. Сұрақтар мен тапсырмалар:

Ұлылар айтқан сөздерді талдай отырып, Ы.Алтынсариннің өмір жолымен, мақсат-мұратымен салыстыра отырып, пікір білдіреді. Атап айтқанда:

1) Басқалар үшін жарық сәуле болу, нұр шашу – адам қолы жететін асқаралы бақыт, міне осы.

2) Кімде-кім басқалардың бақытын ойлап, өз ғұмырын сарп етсе, оның жаны әсемдікке бөленіп, жұлдызы жанады. (В.А.Сухомлинский).

3) Өзі туралы ғана ойлап, бар нәрседен өзінің бас пайдасын іздейтін адам бақытты бол алмайды.

4) Өзінің алдына ұлағатты мақсаттар қойып, сол мақсат үшін бар күшін салып күрескен адам ғана бақытты бола алады.

5) Адамдық борыш, ат үшін,  
Барша адамзат қамы үшін,  
Серт бергем еңбек етем деп  
Алдағы атар таң үшін. (Шәкәрім Құдайбердіұлы).

**6. Ыбырай еңбектері ХХІ ғасырда.**

**7. Ыбырай – даланың дара ұстазы.**



8. Ұстаз – елімнің шамшырағы (Ойтолғау)

**9.Үйге тапсырма:** «Даланың дара ұстазы» тақырыбында шығарма жазу.

Талғат ЕРБАЙ,  
Алматы үздіксіз білім беру  
университетінің ректоры, ф.ғ.к.

## ӘДЕБИ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қоғамдық сананың қайта жаңғыруына байланысты өткенімізге деген көзқарас түбегейлі өзгерген қазіргі таңда төл әдебиетіміздегі дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық белгілерін қайта зерделеп, оның табиғи даму жолындағы желілі жалғастықты ғылыми тұрғыда екшеп, саралау арқылы көркемдік жүйенің табиғи болмысын анықтау басты талаптардың біріне айналып отыр. Сол арқылы ұлттық жазба әдебиеттің, соның ішінде әдеби тілдің қадым замандардан қалып алып, үзілмей келе жатқан үлгі екендігі айқындала түспек.

Ұзақ уақыт тоталитарлық жүйенің қыспағында болып келген төл әдебиетіміздің дәстүрлі даму жолында идеологиялық бұрмалаушылықтардың белең алуы себепті табиғи қалыбы өзгертіліп, көп нәрседен шатасып келдік. Тіпті, бұл мәселе өз кезінде партия басшылығы тарапынан жоспарлы түрде қолға алынғандығына, басқасын айтпаған күннің өзінде, тек 1947, 1949 жылдардағы әдебиеттегі социалистік реализм бағытын күшейту туралы қаулылардың өзі-ақ дәлел болса керек. Соның әсерінен әдеби мұраларымыз ұлттық рухани қор көзі болудан қалып, ал оны жасаушы тұлғалар «ескішілдіктің

жоқтаушылары» ретінде біржақты насихатталып танылды. Бұл кері түсінік мектеп бағдарламаларынан бастап әдебиеттің барлық аумағын шырмап тастады. Осыған байланысты ұлттық әдебиеттану ғылымының маңдайалды тұлғалары – Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Бейсембай Кенжебаев, Ысқақ Дүйсенбаев, Ханғали Сүйіншәлиевтердің еңбектерінде қазақтың төл әдебиетіндегі әдеби тілді дамытушылар ретінде жекелеген ақын-жыраулар шығармаларындағы ерекшелік белгілер атап көрсетілгенімен, оның жаңашылдық тұрғысында бағалануына еш мүмкіндік берілмеді, себебі, олардың қай-қайсысының шығармасы болмасын, барлығы тұтас ұлттық мүдде тұрғысында тоқайласатын еді. Ал ондай жағдайда, жаңашылдық түгілі, дәстүр жалғастығы дегеннің өзін айтудың өзі өрескел саяси қателік саналғандығы жасырын емес.

Сол себепті беріге дейін қазақ әдебиетінің биік тұғырын иеленген ұлы Абайдың алдындағы әдеби мектеп, оған дейінгі дәстүр жалғастығы деген мәселе жанамалап қана айтылды. Тіпті, Абайдың рухани нәр алған қайнар көздерін саралап, ол туралы алғаш ғылыми көзқарас жүйесін (концепция) жасаған Мұхтар Әуезовтің өзі дәл осы Абайдың ақындық жолда шыңдалып, қанаттануына әсер еткен «ақындық мектеп» тағылымын терең талдап жатудан еріксіз бой тартып қала берді. Ғалым өзінің бұл маңызды мәселеге байланысты ой-толғамдарын «Абай жолы» роман-эпопеясында жауырды жаба тоқығандай астарлап қана енгізе алды. Міне, осындай қасақана қолдан жасалған бұрмалаушылықтардың әсерінен Абай жасаған жаңашылдықтың өзі жатжұрттар әдебиетінің әсері ретінде насихатталды. Сөйтіп Абайдай қырдың алып қыранын қанаттандырған айдаладағы жатжұрттықтар болып шыға келді. Бұл деген тұтастай ұлттық әдебиетіміздің құндылығын жоққа шығару болып табылатын еді. Соның

салдарынан біз өзімізді мәдениеті кенже дамыған ел ретінде сезініп, жасқаншақ мінез-құлықтың (психологияның) жетегіне жегілдік.

XX ғасырдың соңғы жылдарына дейінгі әдебиеттану ғылымының ғана емес, қоғамдық сананы тегіс жайлаған бұл біржақты теріс бағыттың сеңі тек еліміз тәуелсіздікке қол артқан жылдардан бері ғана ыдырай бастады. Осыдан бастап ғалымдарымыз әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық деген мәселенің аумағына еркін бойлауға бет бұрды. Тіпті, қазіргі таңда сонау ежелгі түркі дүниеліктерімізден бүгінге дейін дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан табиғи арнаның көздерін ашып тануға деген игі бетбұрыстар жасалып, төл мәдениетіміздің бай тарихының тұмшаланып келген түңлігінің түріле бастаған да жайы бар. Әсіресе, осы тұрғыда көне түркілік жәдігерліктер мен қазақ әдебиетінің арасындағы желілі жалғастықты жан-жақты зерттеп, ғылыми ортада тың танымдардың тиегін босатқан ғалым Немат Келімбетовтің еңбегін айырықша атап өткен абзал. Сонымен қатар Абай мен Дулат арасындағы әдеби байланыс мәселесіне сұғына бойлап, іргелі зерттеулер жүргізген тілші ғалымдар Құлмат Өмірәлиев пен Рәбиға Сыздықтың еңбектері – қазақ жазба әдебиетінің, сол арқылы жалпы ұлттық мәдениеттің ежелден берік қалыптасып, мәуелей бой көтергендігін дәлелдеген қабырғалы дүниелер. Ой-сананы табиғи қалыпқа бұратын мұндай тұшымды дүниелер, әсіресе, кейінгі жылдары ғылым көгіне көтерілген жас ғалымдар Б.Омарұлы, Қ.Мәдібаева, А.Шәріп, Қ.Раев тарапынан жалғастық тауып келеді. Бұлардың барлығында қазақ жазба әдебиетіндегі, көркемдік ойлау жүйесіндегі дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық белгілері жан-жақты сараланып, жаңаша көзқарас тұрғысында зерттеп зерделенген. Ендігі міндет – сол еңбектерде айтылған ой-тұжырымдарды жинақтап, кешенді түрде ғылыми тұрғыдан

бір жүйеге түсіре отырып, жалпы қазақ әдебиетіндегі әдеби дәстүрлердің жалғастырушысы да, жаңғыртушысы да бола білген ақын-жыраулар үлесін айқындау.

Бұл тұрғыда, әсіресе, осы мәселеге қатысты орын алған сыртқы қоғамдық күштің әсер-ықпалын айқындайтын тарихи нанымды дерек көздері де қоса қамтылып, сараланып, талдауды қажет етеді. Жалпы әдебиеттегі дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық мәселелерінің өз мәнінде толық таныла алмай келуіне социалистік партия тарапынан бекіген таптық көзқарас пен социалистік реализм деген жасанды түсініктердің пәрменді ықпал еткендігін айтып өттік. Ендігі міндет – сол тұжырымдарды нақты дәлелдер барысында саралап ашып беру. Мәселен, зар заман өкілдері мен Абай поэзиясы арасындағы сарын үндестігі, оның әрбір өнерпаздың шығармашылық мұрасындағы көріністері жете талданып, жаңашыл көзқарас тұрғысынан саралау арқылы біз әдебиетіміздің алтын бір кезеңіндегі даму үрдісін даралап көрсетумен қатар Абайдай ұлы ақынды қалыптастырған үлкен бір мектептің тарихи, табиғи болмысын жете танып біле түсеміз, себебі XVIII ғасырдың аяғынан бастап қазақ даласын жайлай бастаған орыс патшалығының басқыншылық әрекетінен туындаған отаршылдық сарын – қазақ әдебиетінде өз алдына ойып тұрып орын алатын тарихи кезеңнің өзегі. Байтақ даламызды жайлай бастаған сол отарлау әрекеттерін өз бастарынан өткерген ел көсемдері сол зұлматқа тізе қосып қарсы шықты. Оның іс жүзіндегі көрінісі өрелі ойларын өлең сөзімен өрнектеп, қоғамды жайлай бастаған тасқынның бетін қайтару бағытындағы ізденістер сорабында сайрап жатыр. Әрине, әрбір шығармашылық иесінің айтар уәжі, ұстанған бағыт-бағдары бір ғана ұлттық мүдде тұрғысына келіп тоқайласып жатқанымен де, сол тығырықтан шығудың жолын әр өнерпаз өз көзқарасы деңгейінде ұқтырды. Мәселен, Шортанбай түбі бір түркі



баласының басын бабалар ұстанған дін ислам арқылы қайта біріктіріп, алып рухани күшке айналуы көкседі, дауылпаз ақын Дулат қауға ұстап келген қазағының қолына қалам мен қағаз алып, ғылым-біліммен қарулануын ең шешуші жол деп таныды. Ал енді осылардың барлығынан ой түйіп, одан қала берді алыс-жақын елдің ойшылдық әлемінен мейлінше қана сусындаған Абай бұл проблеманы тек ұлттық тұрғыда ғана емес, жалпыадамзаттық гуманистік тенденция деңгейіне көтеріп, өзінің «Толық адам» ілімін ортаға салды.

Міне, осыларды талдап, таразылай келе біз ұлттық әдебиетіміздің логикалық ойлау жүйесіндегі дәстүр жалғастығы мен жаңашылдықтың желісін, даму эволюциясын танып біле алмақпыз. Сонымен қатар әдебиеттің көркемдік-эстетикалық деңгейінің көрсеткіші болып табылатын көріктеу құралдарының қолданылу жайы мен пайдалану жолдарын және оның әр ақын шығармашылығындағы жаңашылдық сипатын ғылыми тұрғыда екшеу де дәстүр мен жаңашылдықтың көркемдік-эстетикалық аясын жете танып білудің негізі болып табылмақ.

Абайдай алыптың шыңдалуына әсер еткен – туған халқының төл мәдениеті, соның қатарында оған ақындық жолда ұстаздық үлгі танытқан ақындық орта. Оның басты өкілдері – Абайдың өзі атап кеткен, Бұқар, Шортанбай, Дулат ақындар шоқтығын биіктеткен өнер мектебі. Осыған байланысты Абайдың «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол» деген өлеңі төңірегіндегі айтылып келе жатқан ой-пікірлерді жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта қорытып түйіндеу арқылы көптеген түйткілді мәселенің беті ашылмақ. Дәл осы мәселе төңірегіндегі қарама-қайшылықты пікір, көзқарастар әлі күнге шашыранды күйде қалып тұрған жайы бар. Алғашында Алаш ардақтылары тарапынан дұрыс көрініс тапқанымен, кейін Кеңес дәуірінде тым орашалақ кері түсінікке ұрынған бұл өлең жолдары жайындағы пікірлер

қазіргі кезеңдегі жаңа толқынның танымында қайтадан табиғи арнасын таба бастады.

Соның ішінде, әсіресе, қазақтың өлең өнерін өзіндік өрнегімен байытқан Дулат ақынның Абайға тікелей әсер еткендігі дау тудырмаса керек. Бұл жайында кейінгі толқын жас ғалымдар Қ.Раев, Э.Пертаевалар арнайы зерттеулер жүргізіп, байыпты талдаулар жасаған. Дегенмен, осы мәселені дәстүр жалғастығы тұрғысынан түйіндеп шығу да артық етпесе керек.

XIX ғасыр әдебиеті өкілдерінің шығармашылығында салмақты орын иеленетін бірден-бір келелі мәселе – дін тақырыбы, себебі олардың барлығы да діни тұрғыда жетік сауаттанған, Ислам әлемінің ірі тұлғаларының ілім-білімімен терең нәрленген, Ислам ілімі кең тараған Шығыс елдерімен етене араласқан. Міне, осыған орай бұл мәселенің толыққанды шешімін табуына тілші, әдебиетші ғалымдармен қоса діни (теолог) ғалымдардың да араласқаны ләзім.

Дәстүр мен жаңашылдық мәселесінің табиғи өрістеу жайын зерттеу бағытында «Зар заман» ақындарының идеялық ұстанымына тән ерекшелік белгілер мен оның әдебиеттегі «Ояну дәуірінің» өкілдері арасындағы сабақтастық әрі даралық сипатына да назар аудару өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Абай өзі аттарын атап өткен арқалы ақындар Бұқар, Шортанбай, Дулат өмір сүрген ғасыр тұсында қазақ поэзиясы әлеуметтік мазмұны жағынан тереңдеп, көркемдік сипаты жаңғыра түсті. Қайшылыққа толы заман райы поэзияның өмірмен арақатынасын бұрынғыдан бетер күшейтіп нақтылай түсті. Жаңа міндеттер жүктеді. Сонымен әдебиеттегі әр кезеңде туындап отырған идеялық ерекшеліктерді нақтылап айтар болсақ: ең алдымен сонау Түркі жазба ескерткіштерінде көтерілген елдік тақырып бертін келе Қарахан мемлекеті кезінде дидактикалы-философиялық сарынға ұласса, Қазақ хандығы тұсында ақын-жыраулар толғаулары арқылы ол

сарын өзінің тарихи, логикалық әлеуметтік, көркемдік жалғастығын тапты. Ал енді жаңа заман тудырған леппен зар заман өкілдері мен Абай поэзиясы идеялық жағынан тереңдей түсіп, отаршылдық сарынның туындауына түрткі болды.



**Саян ЖИРЕНОВ,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
доценті м.а., филология  
ғылымдарының кандидаты.

## **ТІЛДЕГІ ПЛЕОНАЗМДАРДЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ БОЛМЫСЫ**

Тіл табиғатын теориялық-танымдық аспектіде зерттеу арқылы, тіл мен адам санасын, болмыстағы рух пен ой секілді категорияларды өзара сабақтастықта қарастырып, тілдік білімді адамның ой-санасының жемісі ретінде тануға болады. Адам баласы ақиқат әлемнің әр алуан құбылыстарын сезім мүшелері мен танымдық тетіктер арқылы қабылдап қана қоймайды, оны санада өңдеп, күнделікті өмірде қажетіне жарату арқылы ғаламның тілдік бейнесін қалыптастырады.

Тіл арқылы ғалам бейнесін қалыптастыруға қатысатын лексикалық бірліктердің бірі – тілдегі плеоназмдар. Плеоназмдардың қолданысындағы сананың, танымның, ойлаудың, образдылықтың тілдегі таңбасын лингвокогнитологиялық және лингвопоэтикалық аспектіде зерттеу арқылы тілдің адам ойын жеткізудегі мүмкіндігіне қатысты тың тұжырымдар жасауға болады. Тілдегі «Плеоназм дегеніміз – (грек. pleonasmos – артық) мағынасы жақын сөздердің тіркесін білдіретін стилистикалық термин.

Мыс.: қара-күйе, жайдары-жарқын, кәрі-кемпір, құр-бекер, ежелгі-ескі. П.-ның ерекше бір түрі дыбыстық құрылысы, мағынасы бірыңғай сөздердің қайталануы (тавтология) болып табылады» [Ғ.Қалиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. А., «Сөздік-Словарь», 2005, 250-б.]. Сондай-ақ **плеоназм** (грек. pleonasmos – артықшылық) – лексикалық не грамматикалық мағынаны жеткізу үшін қолданылатын құралдардың молдығы деп те түсіндіріледі [А.Салқынбай, Е.Абақан. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. А., «Сөздік-Словарь», 1998, 164-б.]. Тілдегі плеоназмдар дыбыстық құрылымы жағынан мағынасы жақын сөздердің қайталануының коммуникативтік акт кезіндегі адресат пен адресант арасындағы ақпарат алмасудың көңілден тұрақты орын алуын қамтамасыз етеді. Тіл біліміндегі қайталама құбылысының плеоназм, тавтология, кроссереференция атты терминдік бірліктер арқылы қолданылады. Аталған терминдер сөздің өзара қайталану ұғымын білдіреді. Тілдегі қайталама (повтор) құбылысы – сөйлеу үдерісіндегі қайталанудың барлық ерекшеліктерін қамтитын ортақ терминдік атау. Тіл біліміндегі лингвистикалық сөздіктерде қайталама құбылысы редупликация терминімен бір дәрежеде деп көрсетілсе, оның ауқымы редупликацияға қарағанда қомақты болып табылады.

Тілдегі плеоназм құбылысы барлық тілдерге тән болғанымен, оның қазақ тілі жүйесіндегі орыны ерекше. Плеоназмдар – сөз құрастыру мен экспрессивті мақсатта сөз қолданудың ең өнімді тетіктерінің бірі. Плеоназмдардың лексикалық, синтаксистік түрлерінің дыбыстық аллитерация, паронимия түрлері жарыса қолданылу арқылы өзіндік поэтикалық реңкке ие болады.

Қазақ тіл біліміндегі плеоназмдардың поэтикалық болмысы – түпкілікті зерттелмеген категория. Алайда плеоназмдарды Р.Сыздық, М.Серғалиев, Б.Шалабай,

Г.Әжібекова, С.Қоянбекова, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде әр түрлі аспектіде қарастырылған.

Тілдегі плеоназмдар ауызша және жазбаша нұсқада да қолданыла береді. Плеоназмдар екі нұсқалы қолданыста да функционалды стилистикалық қызметінің ерекшелігімен бірден көзге түседі. Тілдік қолданыстағы плеоназмдар — кең масштабтағы проблема. Оған лингвокогнитологиялық және стилистикалық аспектіде келіп, тіл қолданысының ерекше түрі ретінде коммуникациялық үдеріс барысындағы субъектілердің сөйлеу мәнерінің ерекшелігін танып білуге болады.

Тілдік коммуникация барысында плеоназмдардың поэтикалық сипатына ақпараттың эмоционалды-экспрессивті және көркем-эстетикалық ерекшелігін жеткізудегі қызметі стилистика мен лингвокогнитологияның нысаны бола алады. Адам ойын жеткізуде плеоназмдар дыбыстық қайталама күйінде де, әріптік сәйкестілікпен де, лексемамен де, грамматикалық күйде де қатыса алады.

Лексикалық жүйенің бір элементі тілдегі плеоназмдар этностың дүниені қабылдауынан хабар беретін ақпараттық дереккөз ғана емес, сонымен қатар ғаламның тілдік бейнесін жасайтын ұлттың эстетикалық таным-талғамын, сөйлеу мәнерін, салт-дәстүрін, мінез-құлқын, ұлттық рухын ұлттық тілдің бірліктері арқылы танытады. Тіл арқылы әлемді тану жолы әр ұлт тілінде әркелкі болатындығы сөзсіз. Тілдік элемент, лексикалық жүйе категорияларының бірі — плеоназмдардың поэтикалық болмысы арқылы да дүниенің тілдік бейнесі қалыптасады. Плеоназмдар арқылы дүниенің көркем поэтикалық бейнесін қалыптастыруда танымдық элементтер де белсене қатысады.

Соңғы уақыттардағы «тіл мен таным» бірлестігіне қатысты тіл біліміндегі зерттеу жұмыстары тілдегі ұлттық сипатты, ұлттық танымды, ұлттық рухты тану мен танытуға

бағытталуда. Осыған орай тілдегі плеоназмдардың қолданысы мен поэтикалық өрнектері арқылы адам танымының әлеуеті көрінеді. Ал, адамның дүниетанымдық әлеуеті – шексіз құбылыс. Дүниетаным жеке тұлғаның өмір сүру салтынан бастап, адамның қоғамдық өмірдегі орыны мен қызметіне тікелей қатысты болады. Адам дүниетанымының анық көрінетін тұсы – этникалық ерекшелігіне қатысты ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным адамның әр алуан іс-әрекетінен бастап бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, күнкөріс кәсібімен, табиғат құбылыстарымен, сөз саптау мәнерімен тығыз байланысты. Ұлттық дүниетаным тілдегі плеоназмдардың қолданысынан да көріне алады. Тілдік қолданыстағы плеоназмдар біртұтас лексика-грамматикалық бірлік деп танылатын, сыңарлары кем дегенде екі мағыналы лексемалардан тұратын поэтикалық мәні басым лексикалық бірлік болып табылады. Тілдегі плеоназмдар қайталана қолданылуымен қатар бейнелі-танымдық қызмет атқарады.

Қазақ тілінің тілдік материалдарында плеоназмдық бірліктердің семантикалық ерекшеліктері мен олардың этнос дүниетанымына, ақпаратты қабылдаудағы поэтикалық образды қызметі де өз алдына зерттеу нысаны бола алатындығын көрсетеді. Қазақ тіл білімінде плеоназмдардың жан-жақты тұлғалық-мағыналық ерекшеліктерін түбегейлі зерттеген еңбектер көп емес. Тілдегі плеоназмдардың семантикалық ерекшеліктері мен лингвистикалық болмысына барынша көңіл бөліп зерттеген Г.Әжібекова болды. Зерттеуші осы мәселеге қатысты «Қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық плеоназмдар» (А., 1989) атты ғылыми зерттеу жұмысын жүргізді.

Тілдегі плеоназм құбылысы өз табиғатының әр алуан қырымен сипаттала келе, стилистикадағы қайталану конструкциясымен, синтаксистік параллелизм, хиазм, анафорикалық, эпифорикалық, т.б. категориялармен өзара

қатынасқа түсіп, қандай да бір ұғым мен экспрессивті ойды жеткізуде ерекше қызмет атқарады. Лингвостилистикалық ресурстар үшін плеоназмдардың маңызы ретінде мынадай ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1) плеоназмдар нақты тілдік бірліктердің сөйлемнің белгілі бір шенінде қайталануы арқылы ойды әсерлі етіп жеткізуге ықпал етеді;

2) плеоназмдар стилистикалық қайталама түрлерінің (анафора, эпифора, симплока, анадиплозис, хиазм, синтаксистік параллелизм, синтаксистік конвергенция, т.б.) мазмұнын толықтырып, образды әсер, поэтикалық пәрмен беруге қатысады;

3) плеоназмдардың тілдегі қолданысы мен жасалуына танымдық тетіктер ықпал етіп, тіл арқылы ғалам бейнесінің жасалуына қатысады.

Тілдік қолданыстағы плеоназмдар лингвостилистикалық ерекшелігімен дараланады. Тілдік тұлға айтқысы келген өз ойын жеткізуде плеоназмдарды қолдану арқылы поэтикалық әр беріп, әсерлендіре түседі. Тілдік қолданыстағы плеоназмдар 1) бейнелік сипатқа ие болады, 2) әуенділік, әуезділік, эмоционалды-экспрессивтік әсерін күшейтеді, 3) адам ойының әлемді тіл арқылы бейнелеудегі танымдық әлеуетін көрсетеді. Адам өз ойын жеткізуде плеоназмдарды қолдану арқылы коммуникативтік актінің позитивті сипатын күшейтеді. Осы арқылы тілдік қолданыстағы плеонастық қабаттың негізінде тілдік тұлғаның көркемдік-эстетикалық дәрежесі мен тіл шұрайының әлеуетін көруге болады.

Тілдегі плеоназмдар – ойды әсерлі жеткізуге қатысатын, мәтіннің құрылымдық-семантикалық мәні мен лингвокогнитивтік маңызын қамтамасыз ететін бірлік. Тілдегі плеоназмдардың қолданысына қатысты мынадай түйіндеулер жасауға болады: біріншіден, плеоназмдар сөйлеу үдерісінің поэтикалық пәрмен беретін көркемдегіш

құрал; екіншіден, грамматикалық мағына тудырудың бір тәсілі; үшіншіден, сөздің коммуникативтік акт барысындағы қайталануы – таным әрекетіне тәуелді даяр қалпында жұмсалатын лексикалық бірлік.

Қазақ тіліндегі плеоназмдардың қолданысы ерекше когнитивтік-стистикалық мәнге ие болып келеді. Мәселен: *жақсылы-жаманды, үбірлі-шүбірлі, барды-жоқты, тайлы-таяғы, қатын-қалашы, айна қатесіз, бір түйір нан, ұлтарақтай жер, т.б.* бір құрылымның мағынасы үшін сол мағынаны беретін бірнеше бірліктің қатар қайталама қолданысы тілде жиі кездеседі.

Тілдегі плеоназмдар адамның көңіл-күйіне қатысты эмоционалды-экспрессивті ақпаратты жеткізуде маңызды құрылымдық элемент ретіндегі рөлі жоғары. Плеоназмдар ауызекі тілмен қатар көркем әдебиет жанрларында да жиі кездеседі. Плеоназм ретінде танылған бірлік адам санасында қорытылып тілге ойысқанда сөйлеушінің плеоназмды қолдануы арқылы дүниетаным таңбасы танылатынын байқауға болады. Плеонастикалық бірліктер атрибуттық қатынастар аясында айшықтала түседі. Анықтаушының анықталушыға деген қатынасы толыққандылықпен айқындалады. Мәселен, «көз жасы», «табан ақы, маңдай тер», «қасқалдақтың қанындай», «бір ауыз сөз», «ауыздан шыққан сөз», «самал жел», «бұлбұл құс», «тарыдай шашылу», т.б. тіркестер көбінесе әдеби көркем мәтіндерде жиі кездеседі, оларға қосымша поэтикалық реңк, стилистикалық өң беріп тұрады. Кейде плеонастикалық қайталамалар тілдегі сөздің мағынасын ашушы қосымша ретінде де қолданылады.

Тілдегі плеоназмдар мағыналас екі немесе үш сөздің қатар келуі арқылы, алдыңғысы соңғы сөзді анықтап әрі мағынасын күшейту үшін қолданылатын лексикалық бірлік болып табылады, яғни, тілдегі мұндай сөз қолданыстары тіл білімінде плеоназм немесе плеонастикалық сөз тіркесі



деп аталады. Сондай-ақ тілдік қолданыста фразеологиялық плеоназмдар да жиі кездеседі. Ж.Абдрахманова қазақ тіліндегі окказионалды фразеологизмдерді зерттей келе, фразеологиялық плеоназмдарға қатысты мынадай ой түйеді: «Жазушы қаламының дағдылы фразеологиялық тіркестердің құрылысын өзгертуінің тағы бір түрі – плеоназм құбылысы. Бұл жалпытілдік қолданыстағы ФТ-лардың лексикалық құрамын жаймалап қолдану әдісі болып табылады» [Қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер. Фил. ғ. кан. дис.авторерефераты. 10.02.02. А., ҚазҰУ, 2008, 18-б.]. Тілдегі плеоназм құбылысы узуалды форманың құрамына енетін окказионалды тіркестің формасына қосымша мағыналық реңк үстеп, аталған форманың семантикалық жағынан жетілуіне мүмкіндік жасайды.

Тілдегі плеоназмдар поэтикалық реңкке ену арқылы таным әрекетімен тығыз байланысты болады. Адам дүниетанымын тіл арқылы көрсететін лексикалық бірліктердің (плеоназмдар) таным әрекетіне қатысты тұстары аз емес. Плеонасты бірліктер қолданысының астарында бейнелілікпен қатар адам дүниетанымын көрсететін таным талшықтары қатарласа жүреді. Тілдегі қандай да бір ұғымдарды айшықты көрсетуде адамның дүние бейнесін айшықты анық түрде тануға деген талпынысының тілдегі нұсқасы плеоназмдардың қолданысы арқылы беріледі. Тілдегі мұндай құбылысты дүние болмысын образды түрде өрнектеп көрсетіп тұратын сипаттарының бірі ретінде тануға болады.

Тілдегі плеоназмдардың поэтикалық экспрессияны тудырудағы, коммуникативтік актіге семантикалық-стилистикалық элементтер арқылы поэтикалық реңк тудырудағы қызметі күшті. Плеоназмдар ауыз әдеби және жазба әдеби стилдерге де қатыса алады. Тілдегі плеоназмдардың қолданысы мен табиғатын танып, плеоназмдардың әр

түрлі сипатта түсіну және түсіндіру ісінде терминдердің әркелкі сипаттағы қолданысын байқауға болады. Мәселен, олардың қатарына геминация, мультипликация, реприза, дубликация, редупликация, қайталау (повтор), тавтология, кроссереференция терминдерін, т.б. жатқызуға болады. Аталған терминдердің өзіндік ерекшеліктерімен қатар тілдегі қайталама құбылысының мазмұнын толықтыруға қатысатындығына қарап, плеонастық қабаттың құрамдас компоненттері ретінде де тануға болады, яғни, аталған терминдердің барлығы сөздің қайталануы ұғымын береді.

Плеоназмдар сөйлеудегі экспрессивтіліктің маңызының нәтижесінде поэтикалық реңкке еніп, стилистикалық, когнитивтік қызметті арттыра түседі. Плеоназмдардың көпшілігі ауызекі сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқандығын байқауға болады. Сондай-ақ плеоназмдар көркем мәтіндегі (поэтикалық) өзіндік қолданысымен айшықталып тұрады.

### **Резюме**

В статье с теоретических позиций анализируется поэтическое начало плеоназмов языка. Также через поэтическую окраску плеоназмов изучается их тесная связь с познавательной деятельностью.

### **Resume**

In article from theoretical positions the poetic beginning of pleonasms of language is analyzed. Also through poetic coloring of pleonasms their close connection with informative activity is studied.



Құралай ӘБУОВА,  
М.Ломоносов атындағы  
№47 орта мектептің мұғалімі.  
Қызылорда облысы,  
Шиелі ауданы.

## ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – тұрақты сөз тіркестерінің анықтамасын, түрлерін, қолданылу ерекшеліктерін түсіндіру, еркін сөз тіркестерінен айырмашылығын көрсету; **дамытушылық** – тұрақты тіркестерді оқыту арқылы, сөз арасында қолдану арқылы шапшаң ойлауға, шебер сөйлеуге, шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ету; **тәрбиелік** – қазақ тілі әуенді, әуезді, сұлу тіл екенін тұрақты сөз тіркестерін оқыту барысында оқушыларға таныта отырып, оқушылардың бойында елжандылық, адамгершілік, отаншылдық және ана тілін сүю сезімдерін ояту.

**Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** аралас сабақ. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих, т.б. **Көрнекілігі:** кесте, сөз-жұмбақ, Венн диаграммасы, үлестірмелі кәртішкелер, тест парақшалары, Исмет Кеңесбаевтың «Қазақ фразеологизмдер сөздігі» атты еңбегі (А., 1977). **Қолданылатын әдіс:** жинақтау, түсіндіру, салыстыру, іздендіру, сұрақ-жауап, оқулықпен жұмыс, жаттығу жұмыстарын талдау.

**Сабақ барысы.**

**Ұйымдастыру.** Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқу құралдарын тексеру. Оқушыларды топқа бөлу.

**Үй тапсырмасын сұрау.** Эвфемизм мен дисфемизм. 107-жаттығу.

**Жаңа сабақ.** Тұрақты сөз тіркестерін оқыту барысында тіл дамыту, стилистикадан дағды беру жұмыстары қатқабат астарласып кетеді. Сондықтан тақырып сырына оқушылардың назарын аудару үшін сабақты мынадай әңгімедегі тілдік фактілерді пайдалана бастаған жөн. «Баяғыда бір кісінің жалғыз қызы болыпты. Бетінен қақпай өсіргендіктен қыз ерке және шолжаң болыпты. Ерке қыз бойжетіп, оны құтты орынына қондыратын уақыт та келеді. Жалғыз қызын салтанатпен ұзатады. Қызы кетерінде шешесі:

- Айналайын, ерке өскен құлыным-ай, ештеңе үйренбей дүниеден бос қалдың-ау! Барған жерінде киім-кешегіңе дұрыс қарап, *бір сабақ жіп болса да үстіңе іле бер*, - деп ақылын айтыпты. Орашолақ қыз шеше сөзін сол қалпында түсініп, қолына түскен жіпті үстіне іле беріпті» («Қазақстан әйелдері» журналы, №4,1972).

- Осы мәтіндегі «*Бір сабақ жіп болса да үстіңе іле бер*» деген ұғымды қалай түсіну керек?

Мұны дұрыс түсінуге тұрақты сөз тіркестері тақырыбын оқып үйрену жәрдемдесетінін айтып, ондағы тұрақты сөз тіркестерінің мағыналарын, оларға алынған мысалдарды талдаймын.

Сөз, оның тура, ауыспалы мағыналары туралы мәлімет еске түсірілгеннен кейін 5-сыныпта өтілген еркін сөз тіркестерімен салыстырыла, фразеологиялық сөздердің белгілерін оқушыларды қатыстыра талдаймын. Мұнда балалар ұғымына жеңіл не оларға таныс фразеологиялық тіркестерді іріктеп алып, мысалға келтіремін.

*Үсен тал кептірілген соң от жағып, әуелі жұмыртқаны отқа салып пісірді. (Ы.А.). Бір күні қырық уәзір кеңесіп: - Біз хан мен жаман екеуінің арасына от жағалық, - десті.* («Аяз би» ертегісі).

Сөйлемдер жеке оқылып, ондағы тіркестің мағыналары, орыны талданады.

- Балалар, от не үшін жағылады?

- Ас пісіру үшін, үй жылыту үшін жағылады.

- Ал адамдар арасына **от жағуға** бола ма?

- Болмайды.

- Олай болса «Хан мен жаманның арасына от жағалық» дегеннің мағынасын қалай түсінуге болады?

- Екеуін араздастырайық, араларына жік салайық деген мағынада.

Бірінші сөйлемде *от* сөзін *шам*, *газ* сөздерімен алмастыруға болатынын, *от* сөзінің тура, түпкі мағынасы жоғары температурада жанудан пайда болған жалын, жылу, жарық екенін, *жағу* сөзі тамызу, тұтандыру дегенді білдіретінін, екінші сөйлемде *от* және *жағу* сөздерін бірінен-бірі бөліп алуға не ауыстыруға болмайтынын, *от жағу* деген тіркестің бұл сөйлемде бір сөз сияқты тұтас бір ұғымды білдіретінін дәлелдеймін.

Одан әрі осындай мәліметті кеңейтіп бекіте түсу үшін оқулықтағы жаттығулармен қатар, сынып дәрежесіне қарай, оқушылардың өздері құрастырған немесе өз жанымнан тапқан мәтіндерді іріктеп алып, оларға тиісті талдау жүргіземін. Өзінше орындалатын жұмыстарды бүкіл сынып оқушылары бойынша немесе жеке оқушыларды топтап, таралап ұйымдастыруға болады, ол үшін мысал мәтін болуы қажет.

1. Өзілге құрылған арнайы суреттерде қандай тұрақты сөз тіркесінің мағынасы бейнеленгенін түсіндіру. Мысалы: *үйді басына көтерді; ауызымен құс тістеген; түйе үстінен сирақ ұйткен; мұрынын көкке көтерген; бармағын тістеді.*

2. Мәтіннен тұрақты сөз тіркесін еркін тіркестен ажырату.

1) *Пешке арқасын сүйеп Қайрақбай жатыр.* (Б.М.). 2) *Қамысбай Майбасарға арқа сүйейді* (М.Ә.). 3) *Ол майданға туған жердің бір уыс топырағын орамалға түйіп ала кетті.*

4) *Амангелді – партияның ісі үшін шүберекке жанын түйген*

ер (Н.Б.).

3. Кейбір бейнелі сөз тіркестерінің мағынасын бір сөзбен түсіндіру. Адам өмірінің сақшысы (дәрігер), бейбіт өмір сақшысы (әскер), қазақ елінің қанаты (авиация немесе ұшқыштар), Отанымыздың жасыл байлығы (орман), білім ұясы (мектеп), бейбітшілік құсы (көгершін), Отанымыздың жүрегі (Астана), дала кемесі (түйе).

4. Көп нүктенің орынына тиісті фразеологизмдерді қойып жазу. 1) *Сенің жоспарың өзім жасағандай...* (миыма қона кетті). 2) *Шынар да, кешегі жас шопан да Гүлнаштың ...* (ауызынан түсіп қалғандай екен). 3) *Аядай бөлменің ішінде ...* (ине шаншар) *жер жоқ, ...* (аузы-мұрнынан шығады). 4) *Енді бүгін қарасам, айналам бақыт кең жатыр, Бірімен-бірі туысқан...* (қол ұстасқан, терезесі тең) *ел жатыр.*

Осындай біршама жаттығулардан соң оқушылармен бірлесіп тұрақты сөз тіркестерінің өзіндік белгілерін санамалап тұжырымдаймын (Оқулықтан оқып түсінік беруге, білім дәрежесі көтеріңкі сыныпта бұны бекітудің алдында жасауға да болады).

Тұрақты сөз тіркестерінің белгілерін жан-жақты түсіндіріп болған соң қорытындылау кезінде фразеологиялық сөздерге халқымыз кенде еместігін, олар айтар ойды өткір бейнелеп, әсерлеп жеткізуге аса қажеттігін айтып, тіл ғылымының бұл маңызды сырын ашып беруде Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі Ісмет Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» үлкен үлес қосқанын, мұнда (кітапты көрсетіп) он мыңнан астам тұрақты сөз тіркестері қамтылғанын, оның осы ұзақ жылғы құнды еңбегі үшін ғалымға Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілгенін мәңгімеледім. Сөздіктен мәні қызықты бірнеше тұрақты сөз тіркестерін оқып беремін.


**Тұрақты тіркестер (фразеологизмдер)** – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағынаны білдіретін сөз тіркестері. Мысалы: *тайға таңба басқандай, ине-жіптен жаңа өткен, қол ұшын берді, он саусағынан өнер тамған, т.б.* Бүкіл фразеологизмдер идиомдар мен фразалық топтарға ажыратылады. Идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағыналарынан айырылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана лексикалық ұғым береді. Мысалы: *арқа еті арша, борбай еті борша; ала жібін аттамады, т.б.* Фразалардың құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасында тұрады. Мысалы: *ата жолын құды, асқар тау, қаба сақал, жебей сауу, т.б.*

### Венн диаграммасы

Тұрақты тіркестер

Еркін тіркестер

### Айырмашылығы



Құрамы тұрақты. Мағына тұтастығын сақтайды. Қолданылу тиянақтылығы. Мәнерлі, бейнелі, ауыспалы мағынада айтылады. Сөзбе-сөз аударылмайды.

Кемінде екі сөздің тіркесінен тұрады. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалады.

Құрамы тұрақсыз. Мағынасы құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасына тәуелді. Кейде синонимдік сөздермен ауыстыруға көнеді. Сөзбе-сөз аударылады.

### Оқулықпен жұмыс. 111-жаттығу.

Мәтін ішіндегі тұрақты тіркестер: *үш ұйықтаса түсіне кірмеген, су сепкендей, екі көзі жер сүзіп, құмға сіңген судай,*

өзінің аяғын жұтып.

Жаттығу жұмысын аяқтағаннан кейін оқушыларды «Тұлпар», «Сұңқар», «Қыран» деген үш топқа бөлемін.

I тур. Кім тез орындайды?

1-топқа. «Жеті» сан есімінің негізінде жасалған тұрақты тіркестерді ата.

2-топқа. «Тоғыз» сан есімінің негізінде жасалған тұрақты тіркестерді ата.

3-топқа. «Қырық» сан есімінің негізінде жасалған тұрақты тіркестерді ата.

**Бекіту.** II тур. Тақырыптары жазылған үш плакат ілінеді, солардың ішіне тақырып бойынша тұрақты тіркестерді жазу керек.

1-топ	2-топ	3-топ
<p><b>Жүрек:</b> жүрегі дауаламайды; жүрегін жалғады; жүрегіннің түгі бар.</p> <p><b>Тіл:</b> тілі ауызына сыймады; тіл алды; сөйлеуге тілі келмеді; тілінің қыршаңқысы бар.</p> <p><b>Ауыз:</b> ауызы пісті; ауызына тас салды; ауызыңмен орақ ормай отыр; ауызымен құс тістеген.</p> <p><b>Бас:</b> бас білдірді; бас десең, құлақ дейді; бас терісі келіспеген; басы ауған жаққа кетті; бас тікті.</p>	<p><b>Жер:</b> жерден қазсам да тауып берем; жер-көкті басына көтерді; жер жұтты; жер жастанып, су сүйеніп отыр.</p> <p><b>Ит:</b> ит өлген жер; ит арқасы қиянда; ит тұмсығы өтпейді.</p> <p><b>Табан:</b> табан аудармады; табандап тұрып алды; табанын жалады; табанын тіліп, тұз құйды.</p> <p><b>Ат:</b> ат басын тартты; ат кекілін кесті; ат құлағында ойнайды.</p>	<p><b>Қызыл:</b> қызыл қарын; бұты шыт; қызыл судай жүрді; қызылға тойды.</p> <p><b>Иман:</b> иманмен қаптап қойғандай; иманын сатты; иманы бетінде үзіліп тұр; иманын айтты.</p> <p><b>Жан:</b> жан бақты; жан беттетпеді; жан жүгірді; жан дауысы шықты; жан сақтады.</p> <p><b>Төрт:</b> төрт көзі түгел; төрт тағаны қимылдады; төрт түлігі сай болды.</p>

**Үйге тапсырма:** 1) тұрақты тіркестерді қатыстыра кез келген тақырыпқа мәтін құрау; 2) 115-жаттығу.



# ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** *білімділік* – тілдің қоғамдағы рөлі мен қызметі, сан ғасырлар бойы дамып бізге жеткен құнарлы тіліміздің қазіргі жағдайы, мемлекеттік мәртебе алғаннан кейінгі дамуы мен қолданыс аясы туралы білу; *дамытушылық* – тіл туралы заңның орындалу барысы туралы пікірталас ұйымдастыру, елімізде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып өз көзқарастарын, ой пікірлерін дәл, еркін жеткізе біліп, шешен сөйлеуге дағдылану; *тәрбиелік* – ана тілімізді таза сақтап, шешен де шебер сөйлей білуге шақыру.

**Көрнекілігі:** тіл туралы заң, интерактивті тақта. **Түрі:** дебат сабақ. **Әдісі:** топтық жұмыс, өз пікірлерін нақты дәйекпен дәлелдеу. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру:** оқушыларды түгелдеу; оқу құралдарын, сабаққа дайындығын тексеру.

**Үй тапсырмасы.** Оқушыларға сұрақтар:

1. Түркі тілдер тобына қай тілдер жатады?
2. Табиғи жазба мұраларын нешеге бөлеміз? /Көне түркі, Орта түркі, Жаңа түркі/
3. Көне түркі дәуірі қай ғасырларды қамтиды?
4. Орта түркі дәуірін неше кезеңге бөлеміз?

5. Ескі қазақ жазба тілі қай ғасырлар аралығында қызмет етті?

6. Ескі қазақ жазба тіліне түбегейлі реформа жасаған кім?

7. Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған жазу қалай аталады?

/Төте жазу, 24 әріп/

8. Қазақ әліпбиі қай жылдары өзгеріске ұшырады? /1929 және 1940/

### ***Жаңа тақырыппен жұмыс:***

1. Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңін интерактивті тақтадан тыңдау.

Өлеңді талдау. Бүгінгі сабақпен байланыстылығы.

2. Заңдарға тоқталу.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл.

Тіл саясаты туралы тұжырымдама, 1996 жыл.

1989 жылғы Тіл туралы заң.

1993 жылғы Тіл комитетінің құрылуы.

1997 жылғы 11 шілде, Тіл туралы заң.

Тілді қолдану мен дамытудың 2011-2020 ж.ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы /1998 жылы алғаш рет шықты/.

3. Алдын ала оқушыларды екі топқа бөлу.

Берілген тапсырмалар бойынша Тіл туралы заңның тараулары мен баптарына тоқталу. Заңның қазіргі таңда орындалу барысы.

### ***/Пікірсайыс/***

4. «Жас алаш» газетіне шыққан мақалаға тоқталу. Үзінділер оқу, талдау.

5. Интерактивті тақтадан жаттығу жұмыстарын орындау.

**45-жаттығу.** Бір қанатты сөзге морфологиялық талдау.

6. Тақтадан тіл туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзін оқу. Түсінік беру. Синтаксистік талдау жасау.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын – қазақ тілінің одан әрі дамуы

үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет».

*Халықтардың өкілдері – матасу /з.е.-з.е/ Қолайлы жағдай – қабысу /с.е-з.е/*

### 7. График тапсырмасы.



Келеді Сұлу Оқу Алақай Да, де Кеше Бес Олар

### 8. Бес тармақты өлең стратегиясы.

**Сабақты бекіту.** Екі топтың оқушыларына тіл туралы мақал-мәтелдерден сайыс өткізу.

«Менің тілім – ХХІ ғасырда!» тақырыбына шағын шығарма жазу.

**Қорытынды сөз:** - Тілдің ертеңі үшін алаңдайтын, тілдің мәртебесін көтеретін де – біздер. Қазақстанның болашағы – жастар осы заңды басшылыққа ала отырып, бай да құнарлы тілімізді көркейту үшін қызмет етуі керек. Ана тілі – ата-бабамыздың бүгінгі ұрпаққа қалдырған аманаты.





## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – мақал-мәтелдер жөнінде ұғым беру, мақал-мәтелдер өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырған халықтың ақыл өсиеті екенін, мақал мен мәтелдің айырмашылығын түсіндіру; **дамытушылық** – мақал-мәтелдерді орынды қолдана білуге түрлі тапсырмалар арқылы шыңдау және дамыту; **тәрбиелік** – мақал-мәтелдер адамды жамандықтан сақтайтын, тәрбиелейтін, ақыл-өсиет беретін халық оқулығы екендігін оқушыларға дәлелдеу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, мақал-мәтелдер жинақтары, суреттер, нақыл сөздер. **Әдісі:** оқыту, түсіндіру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс, жарыстыру, оқушы пікірін тыңдау. **Түрі:** жаңа білімді меңгерту.

### Сабақтың барысы.

**Ұйымдастыру.** Оқушыларды сабаққа даярлау, түгелдеу.

**Үй тапсырмасын сұрау.** Тұрақты тіркес. 121-122 жаттығу. Үй тапсырмасын бекіту және өткен тақырыптарға шолу жасау.

Тұрақты тіркес дегеніміз не?

Сөйлемдердің ішінен тұрақты сөз тіркесін тап.

(Интерактивті тақта)


1. Қорлық өмірден ерлік өлім артық. 2. Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі. 3. Ит арқасы қиянда, ит өлген жер. 4. Досыңның асын қасыңдай іш. 5. Өлі арыстаннан тірі тышқан артық.

Оқушылар жауабын толықтырып, үй тапсырмасын қорыту.

### Жаңа сабақты меңгерту.

Мақал-мәтелдер тұрақты тіркестер сияқты, әр сөзінің орныны тұрақты, өзгертуге келмейді. Мақал-мәтелді халық ежелден бағалай білген. «Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал» деп қадір тұтқан.

Мәтел астарлы түрде келеді. Ой-пікір бейнелі әрі тұспалдап айтылған ишара түрінде болады. Мақал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіреді.



Мақал-мәтелдегі ойды ашу: 1) Келіге қарай келсабы (бір-біріне сай); 2) Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды (Екі мансапқор бір жерде бола алмайды); 3) Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі (тұрақсыз адам); 4) Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер (ойланып сөйлеу және ойланбай сөйлеу).

### Жаңа сабақты түйіндеу. Оқулықпен жұмыс.

123-жаттығу. I қатардағы оқушыларға. Мақал-мәтелдерге көртішкелер жасау, оларды тақырыбына байланысты бөліп орналастыру, ат қою.

II қатардағы оқушыларға. Өздері білетін мақал-мәтелдерді дәптерге түсіріп, мағынасын айту.

III қатардағы оқушыларға. Мақал-мәтелдерді тиімді қолдану арқылы *дегендей, деп* көмекші етістіктерін пайдаланып, қосымша жұмыс дәптеріне ойтолғау жазу.

**Тақтамен жұмыс.** Берілген мақал-мәтелді аяқтау (1 оқушы). 124-жаттығу. Мақалды бір бөлек, мәтелді бір бөлек орындау. 125-жаттығу. Мәтінді оқу, мәтіннен қанатты сөздерді тауып жазу, ауызша түсінік айту. 126-жаттығу. Адамның қасиеті туралы айтылатын үш мақал, үш мәтел тауып жазу.

**Сергіту сәті.** Мақал-мәтелге сурет салу (біреуіне ғана).

1. Туған жерге туың тік.
2. Бақа – көлінде патша,  
Балық – суында патша,  
Жігіт – елінде патша.
3. Туған жердің жері де көрікті, Елі де сүйікті.

**«Кім жүйрік» ойыны.**

Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл толуына орай Туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер жарысы. (III топқа бөліп өткізу).

**Сабақты бекіту.** - Міне, балалар, мақал мен мәтел – ауыз әдебиетінің ең байырғы, көне түрі. Ол – ғасырлар бойы халықтың атадан балаға қалдырып келе жатқан өмірлік өшпес мұрасы. Сондықтан мақал-мәтелдерді күнделікті тұрмыста орынды қолдана білуге шақырамын.

**Үйге тапсырма:** мақал-мәтелдерді оқу; 128, 130-жаттығулар.

**Оқушы білімін бағалау, мадақтау.**

Салтанат ЖУСАНБАЕВА,  
Т.Жанұзақов атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Алматы облысы,  
Райымбек ауданы,  
Нарынқол ауылы.

# ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ «КҮЙ АҢЫЗЫ» ӘҢГІМЕСІ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушыларға Тахауи Ахтановтың қазақ әдебиетінде алатын орынын айту, шығармаларына жалпы шолу, «Күй аңызы» әңгімесінің идеясын ашу, шығарма композициясын талдау, өзіндік тұжырым жасауға баулу; **дамытушылық** – оқушының ізденуіне жол ашу, қосымша тапсырмалар арқылы дүниетанымын кеңейту, күй туралы қосымша мәліметтер іздеп табуға жұмылдыру; **тәрбиелік** – қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын бағалай білуге үйрету, күй өнерінің қазақ халқына тән ұлттық байлығы екенін білдіру.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** шығармадағы диалогтарды рөлмен оқу, шығармашылық жұмыс, нақыл сөздерді орынымен пайдалану. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер, жоспар, таңдамалы шығармалары, домбыра, қобыз. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, география, ән-күй, тарих.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

**Үй тапсырмасы.** Үй тапсырмасына жалпы күй өнері туралы, күй өнерінің тарихы туралы, қазақ күйшілері туралы

мағлұмат біліп келу тапсырылған.

Интерактивті тақта арқылы оқушыларға сұрақтар беріледі.

1. Күй қайдан бастау алады? (Өте көне заманнан)
2. Күй атасы кім? (Қорқыт ата, VIII ғасыр)
3. Әлемдегі күллі музыка 7 нотадан тұратынын дәлелдеген ғұлама кім? (Әбу Насыр әл Фараби)
4. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ғұлама, «Музыканың үлкен кітабы» еңбегінің авторы кім? (Әбу Насыр әл Фараби)
5. «Балбырауын», «Адай» күйлерін шығарушы және орындаушы кім деп білеміз? (Құрманғазы Сағырбаев)
6. Қазіргі кезде күй өнерін жалғастырушы, шебер орындаушы, халық құрметіне бөленіп жүрген күйшілер бар ма?

**I. Жаңа білімді меңгерту кезеңі.** Интерактивті тақта арқылы Тахауи Ахтановтың өмірбаянына, шығармаларына қысқаша шолу көрсетіледі.



Картадан жазушының туған жері, өскен ортасы жайлы қосымша мәлімет беріледі. Ақтөбе облысының Шалқар



ауданы көрсетіледі.

## **II. Жаңа білімге кіріспе.**

- Балалар, бүгін біз Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесімен танысып, талдау жасаймыз.

### **Жоспар:**

1. Екі салт атты жолаушы;
2. Көшіп кеткен ауылдың сұрқай көрінісі;
3. Айдаладағы жалғыз нар;
4. Қараша үйдегі кездесу;
5. Кедей үйдің көңілсіз суреті;
6. Нарды идірген күй құдіреті;
7. «Нар идірген» күйінің шығуы.

Жоспармен танысқан соң кейбір детальдарға оқушы назарын аударамын.

- Сендердің ойларыңша оқиға желісі қалай өрбиді?

- Ауыл көрінісі неге жадау суреттелген?

- Нар неліктен жүдеу деп ойлайсыңдар?

- Келе жатқан жолаушылар осы көрініске өзгеріс әкеле ала ма?

Оқушылар әңгіме жоспарынан-ақ алдағы әңгіме бағытынан хабардар болады.

Кейіпкерлер – төрт-ақ адам: Естемес күйші, Оразымбет күйші, ақсақал, Жаңыл есімді қыз.

Оқиғаны ашатын тұстарды мұғалім оқушылар көмегімен оқып, шығармадағы табиғат көрінісінің суретін (пейзаж), кейіпкерлердің түр-сипатын, кескін-келбетін (портрет), теңеу, метафора, т.б. тауып, дәптерге түсіріп отырады.

Диалогтар оқушылар көмегімен оқылып, екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі екені тағы еске түсіріледі.

**III. Жаңа білімді бекіту кезеңі.** Оқиғаға қатысты төрт кейіпкердің бейнесін ашып, қорыту мақсатында тақтаға төрт дөңгелек салынады. Оқушылар кейіпкерлер туралы тұжырымды осы дөңгелектерге түсіреді.

Ақсақал:  
көпті көрген,  
кедей,  
қыздың  
әкесі, өнерді  
қастер-  
лейтін, кара-  
пайым адам.

Оразымбет:  
жас күйші,  
Естеместің  
серігі әрі  
шәкірті.

Естемес:  
күйші,  
өнерден өзге  
шаруаға олақ,  
кедей адам,  
жасы егде  
тартса да  
үйленбеген.

Жаңыл:  
ақсақалдың  
жалғыз  
қызы,  
ибалы, ұяң,  
сүйкімді  
қыз,  
жағымды  
кейіпкер.

1. Өнерді қастерлейді.
2. Байлықты мансап санамайды.
3. Кедей, қарапайым адамдар.

1. Көре-көре көсем боласың,  
Сөйлей-сөйлей шешен боласың.
2. Ауылыңда қартың болса,  
Жазып қойған хатпен тең.

1. Қыз өссе, елдің көркі;  
Гүл өссе, жердің көркі.
2. Ұлы бармен сырлас,  
Қызы бармен сыйлас.

1. Өнерлі адам өрге озар.
2. Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан. (Абай).

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді топ бойынша кейіпкерлерге сәйкестендіру.

**IV. Өзіндік іздену-зерттеу кезеңі.** Оқушылар әңгімеде кездесетін кейбір түсініксіз сөздерге түсініктеме беріп талдау жасайды, дәптерге түсіреді.

#### **V. Жаңа білімді қорытындылау.**

- Балалар, біз бүгін сабақта талантты қаламгер, қарымды жазушы Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесімен таныстық. Біздің халқымыз өнерді жанындай қастерлейтін, домбыраны, қобызды серік еткен тамаша халық екен. Қазақтың кең даласын әнмен тербеткен, күймен күмбірлеткен ұлы халықтың ұрпағы екенімізді мақтан етуге тиіспіз. Халық бар жерде домбыра да, қобыз да, сырнай да, т.б ұлттық аспаптарымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

Ал енді осы мектептің ән-күй пәнінің мұғалімі Бегәлі ағайларың домбырамен «Нар идірген» күйін орындап берсін.

Оқушылар жаңа ғана оқиға желісіне айналған күйді тыңдағанда таңданыстарын жасырмады. Оқиганың шарықтау шегі. Ақсақалдың өнер иесі – Естемеске жасы егде тартқанына қарамастан қызын беруге келісуінің өзі өнердің барлық қымбатынан артық көретінін айғақтайды.

#### **VI. Үйге тапсырма.**

«Үздіктер» тобына «Бабамнан қалған күй-аңыз» тақырыбында ойтолғау жазуға, «Ізденіс» тобына Ілияс Жансүгірұлының «Күй», «Күйші» дастандарынан күй күдіретін көрсететін шумақтарды жаттауға және екі топқа да «Күй аңызы» әңгімесін оқып мазмұндауға тапсырма берілді.

#### **VII. Бағалау.**



## КҮЛӘШ АХМЕТОВА. «ҚАЗАҒЫМ МЕНІҢ»

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) оқушыларды Күләш Ахметованың жыр әлемімен таныстыру, поэзияның тереңіне бойлату; 2) өлеңнің астарына, қыр-сырына мән беруге, идеясын түсініп бағалай білуге баулу, шығармашылыққа бейімдеу; 3) оқушылардың туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

**Әдісі:** әңгімелеу, жинақтау, мәнерлеп оқу, т.б. **Түрі:** жаңа сабақты меңгеру. **Пәнаралық байланыс:** тарих, ән-күй. **Көрнекілігі:** слайд, бейнетаспа, қанатты сөздер.

### Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру.** Оқушылардың ынтасын сабаққа аударып, назарын тақырыпқа бейімдеу.

Тренинг «Сәттілік».

### II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.

Д. Дефо романынан үзінді бойынша талдау жұмыстары.

### Сұрақтармен жұмыс.

1. Теңізші неге аралға «Түңілу» деген ат қойды? 2. Теңізші не себепті қираған кемеден заттар тасып алды? 3. Теңізші атқаруға тиісті көп жұмыстың ішінен ең бастыларын қалай таңдады? 4. Жер сілкінісі кезіндегі пейзаждың суреттелуі. 5. Теңізші рухының мықтылығына мысалдар келтір.

**III. Жаңа сабақ.** «Күләш Ахметова – сыршыл, нәзік ақын. Оның лирикасы адам бойындағы асыл қасиеттерді, қуаныш, сағыныш, адалдық, адамгершілік секілді ізгі сезімдерді оятады». (Ақұштап Бақтыгереева).

«Өмір бердің, Көз бердің, Көрік бердің,  
Есім бердің, Ес бердің, Ерік бердің.  
Науа Ана, Адам ғалейхиссалам нұсқасымен  
Ғашық еттің, ғұмырлық серік бердің.  
Отан бердің, От бердің, Қорек бердің,  
Бесігінді тербет деп бөбек бердің.  
Саясында тынықтым теректердің,  
Сенің Рахымыңды медет көрдім» деп Күләш Ахметова өзі жайында осылайша сыр шертеді.

Күләш Ахметова – қазақ әдебиетінде өзіндік орыны мен қолтаңбасы бар қазақтың ақын қыздарының бірегейі.

*«Құлағын түрді өлеңге ғашық жасынан,  
Сыр түйіп өсті туган жерінің тасынан.  
Сексеуіл сынды қасқая қарап тағдырға,  
Асырған емес күншілдік сөзін басынан»,*-

деп ол жайында белгілі қаламгер Зернебек Шілдебайұлы ойын білдірсе, Нұрлан Оразалин: *«Күләш Ахметова – қазақ поэзиясында үлкен үлесі бар, жаһұт жырларымен жұрт жүрегінің терең қатпарынан орын тепкен ақын»,*- дейді.

Күләш Ахметованың өмірі мен шығармашылық жолына шолу:

- а) «Қазағым менің» өлеңін оқу;
- ә) Бұл өлеңнің тақырыбы мен идеясы қандай?;
- б) Сөздік жұмысы: *тұрлау; қасірет; бардың базарын; жоқтың азабын.*

#### **IV. Талдау жұмыстары. Топтық жұмыс.**

**1-тапсырма.** 1-топ: «Қазағым менің» өлеңіне сатылай кешенді талдау. 2-топ: «Қазағым менің» өлеңіне сатылай кешенді талдау.

3-топ: Шығармашылық жұмыс.

Салыстыру. Күләш Ахметованың «Қазағым менің» өлеңін Қадыр Мырза Әлидің «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңімен байланыстыру.

**2-тапсырма.** «Түсініктеме күнделігі» бойынша жұмыс.

Үзінді	Шікір	Мақал-мәтел
Жатты да кейде бауыр дер Жақсы қыз бенен жалынды ер. Жиын-той болса – бәрі ақын, Жау тисе – түгел жауынгер.		
Жауына қатты қасарған, Қасарған сайын жасарған. Найза мен Нағыз қазақтың Намысын кімдер баса алған?		
Бағынып бірақ қалмаған Тәуелсіз қайран жан далам! Жер бар ма жалпақ төсінде Қасірет жасы тамбаған?		

**3-тапсырма.** Қазақстанның Тәуелсіздік шежіресіне шолу.

1723-1727	Жоңғарларға қарсы Отан үшін, Тәуелсіздік үшін күрес.
1783-1797	Сырым Датұлы бастаған Ұлт-азаттық күрес.
1830-1838	Исатай мен Махамбеттің Бөкей ордасындағы отаршылдыққа қарсы Ұлт-азаттық көтерілісі.
1837-1847	Кенесары Қасымұлы бастаған Ұлт-азаттық күрес.
1916 ж.	Патша Өкіметінің отарлау саясатына қарсы көтеріліс.
1930-1933	2,5 млн. астам халықтың аштықтан қырылуы.
1941-1945	ССРО-Германия соғысы.
1986 ж.	Желтоқсан көтерілісі.
1991 ж.	Қазақстанның өз Тәуелсіздігін жариялауы.

## V. Сабақты қорыту.

1. «Қазағым менің» (ой толғау). 2. «Қазағым менің» (сурет салу). 3. «Қазағым менің» (топтастыру).

*«Адамдарды таңдантып, мәңгі ойлантып,*

*Ұшқан құстай зулайды, самғайды уақыт.*

*Мына шексіз галамда*

*Өз далаң мен*

*Өз Отаның болғаны – қандай бақыт!» деп Күләш Ахметова өзі жырлағандай, сендер осындай Тәуелсіз*

мемлекетте өсіп,білім алып,тәрбие алып жатырсыңдар.

Осының өзі – үлкен бақыт!

(Осы уақытта экраннан «Қазақ Елі» бейнефильмін көрсету).

**VI. Үй тапсырмасы:** «Тәуелсіз Қазақстан және мен» (ой толғау); «Қазағым менің» өлеңін жаттау, пікір жазу.

**VII. Бағалау.**



**Нүргүл ҚАБДЫҒАЛИЕВА,**  
Мұқан Төлебаев атындағы орта мектебі  
мектеп жасына дейінгі шағын орталығы  
бар мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,  
Алакөл ауданы,  
Жайпақ ауылы.

## «ҚАЛЫҢ МАЛ» РОМАНЫ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға романның негізгі оқиға желісін меңгерту, тақырыбын ашу, романды жазуға себеп болған жағдайлармен таныстыру; **дамытушылық** – оқушы қабылдауы мен ойлауы аралығын зерттей отырып, ой қорытқызу; **тәрбиелік** – адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** баяндау, түсіндіру, талдау, жинақтау. **Көрнекілігі:** компьютер, интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Амандасу, оқушыларды түгелдеу, назарын сабаққа аудару.

**Үй тапсырмасы.** «Қалың мал» романын оқып келу

тапсырылған.

Талдау, жинақтау жұмыстарына даярлық.

1. Романда қай кездегі өмір шындығы суреттеледі? 2. Романда кездесетін кейіпкерлер. 3. Құрымбай, Байғазы, Тұрлығұл істерін қалай бағалауға болады? 4. Сендерді қай кейіпкердің тағдыры толғандырды? 5. Романды оқып шыққаннан кейін қандай сұрақтар туындады? 6. Романның қандай эпизодтарын қызыға оқыдыңдар? 7. Романның «Қалың мал» аталуын қалай дәлелдеуге болады? Басқаша атауға бола ма?

Эпизод – әдеби шығарма сюжетіндегі өз мәні бар жеке оқиға немесе шығарманың бас-аяғы тиянақты бір бөлшегі.

### **Жаңа сабақ.**

Қалың мал романының тақырыбы – әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы.

Тақырыпты таңдау және жазу себептері жайлы (үнтаспадан тыңдау) жазушының өзі былай дейді:

- Жазушы бұл романда қазақ әйелінің өмірін, іс-әрекет, мінез-құлқын Ғайша образы арқылы жинақтап көрсеткен.

Романның негізгі кейіпкері Ғайшаны автор біртіндеп өсіреді. Ол әлі тұрмыс құру, күйеуге шығу жайынан хабарсыз. Мұны біз Байғазының сөзі арқылы білеміз.

Шешесі Ақсұлу Ғайшаға барлық жайды айтып түсіндіреді. Шешесін құшақтап, Ғайша өз басына түскен ауыр жағдайды енді түсініп, ішкі күйігін көз жасымен сөндірмек болады.

Итбай Тұрлығұлдан қалың малды алып келіп, қуанышы қойынына сыймай, ауыл адамдарына мақтанып отырғанда, қызы іштей ауыр азап тартып, қатты күйінеді. Осы арадағы ауыр күйін Ғайша былай жеткізеді: (үнтаспадан тыңдау).

Рақымсыз қатал, малқұмар әке қызының бұл зарын ұқпайды.

### **Кейіпкерлер әлемі.**



Ғайша, Қожаш, Серғазы, Ақсұлу,  
Бірге, Жүніс, Әлкен.

Итбай, Тұрлығұл, Байғазы би,  
Құрымбай би.

## Толықтыр



## Мінездемелік жоспар

Ғайша	Қожаш

## Романда кездесетін мақал-мәтелдерді жинақтау


№	Мақал-мәтелдер	Кім айтты?	Қай жерде?
1	Қатын өлді – қамшының сабы сынды.	ауылдың ақсақал, қарасақалдары	Тұрлығұл үйінде
2	Байдың қатыны өлсе – төсегі жаңғырар, кедейдің қатыны өлсе – басы қаңғырар.	//-//	//-//
3	Есік көргенді алма, бесік көргенді ал.	Тұрлығұл	өз үйінде
4	Ат сатсаң ауылыңмен.	Итбай	өз үйінде
5	Байтал шауып бәйге алмас.	//-//	//-//
6	Шариғатпен кескен бармақ ауырмас.	Әбіш	Итбай үйінде
7	Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ.	Қожаш	Итбай үйінде
8	Жігіттің ағы білмес, бағы білер.	Ақсұлу	//-//
9	Ит жегенше, кісі жесін.	Жүніс	жолда
10	Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады?!	//-//	жолда
11	Жас-жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір.	Бірге	жолда
12	Бітер істің басына, жақсы келер қасына.	Әбіш	Тұрлығұл үйінде

13	Орамал тонға жарاماғанмен, жолға жарайды.	Әлімбай	Алтыбай ауылында
14	Қыз бала жат жұрттыққа жаралған.	Ақсұлу	Итбай үйінде
15	Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне.	Түлкібай	Өз үйінде
16	Жазғы аттың майын жаудан аяма.	Алшаң	Түлкібай үйінде
17	Жол ақысы жүрсе бітеді.	Серғазы	Итбай үйінде
18	Адаспан деген жігітті қараңғы тұман адастырады.	Амантай	Итбай үйінде
19	Аюға намаз үйреткен – таяқ.	Тұрлығұл	Өз үйінде
20	Ант аумай, ат шаппас.	Алшаң	Қарауыл елінде

### Роман ішінде кездесетін тұрақты сөз тіркестері

Пышағы май үстінде; өзінің түйедей көрінбей, біреудің түймедейін көреді; ай десе ауызы бар, күн десе көзі бар; тіске сыздық болғандай; сөзді бір жерге түю; жат жұрттыққа жаралған бала; сен бір шіріген жұмыртқа болдың ғой; ауызына құм құйылды; от басына бармайтын билік; тонының келтелігінен жазып жүр; сүттей ұйып отырған ел; қаздай қалқып, үйректей жүзіп, етегінен ұстап отыра бермес пе; сүйегінен кетпейтін таңба салу; буына нан піскендей; азуын басып жүргендер; төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қалды; ит терісін басына қаптау; қырқа матап қырық жетінің малын алу; құйрықты сыртқа салу; кара таяқ, қызыл сирақ кедей; азары болса да, безері болмас.

### Шығарма сюжеті



Шығарманың негізгі кейіпкері – Жамал. Сәрсенбайдың құдайдан сұрап алған баласы. Сүйгені Ғалимен қашып кеткенімен Ғали күтпеген жерден қаза болады. Шығарма соңы Жамал өлімімен аяқталады.

Әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы.

Шығарманың негізгі кейіпкері – Ғайша. Ғайша өз бас бостандығы үшін күресе білді. Батылдық танытып, Тұрлығұлдың үйінен қашып кетеді. Шығарма соңы Қожаш пен Ғайшаның қосылып, бақытты ғұмыр кешуімен аяқталады.

**Үй тапсырмасын беру:** Ғайшаның зарын жаттау, бөлімге бөліп ат қою.



### ҚЫЗ БАЛАНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Күнкөрістің қамы шын шағып миың,  
Безектейді тапсам деп жаны тиын.  
Аумалы да төкпелі заманда бұл  
Қыз баланың тағдыры әлі қиын...

Тамара НҮРҒАЛИЕВА,  
Гүлназ ДӘЛЕЛОВА,  
Мұхтар Әуезов атындағы  
педагогикалық колледж  
оқытушылары.  
Семей қаласы.

## БОЛАШАҚҚА АМАНАТ

*(Әдеби-сазды кеш)*

**Мақсаты:** ақын тағдырын, мақсатын, ақындық өресін, талантын оқушылар жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүйуге баулу, шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

### **Кештің жүру барысы.**

Пойыз үні естіліп, сахнаға «Аманат – Болашақ» атты пойыз тоқтайды.

Сахна сыртындағы дауыс: «Құрметті жолаушылар! Семей қаласына «Аманат – Болашақ» пойызы келіп тоқтады».

**1-жолсерік:** - Құрметті жолаушылар! «Аманат – Болашақ» пойызымен «Өмірім – өлеңімде», «Автограф», «Махаббат бағы», «Естеліктер», «Аманат» бекетіне билет алған жолаушыларды отырғызу басталды. Билеттеріңізді көрсетулеріңізді сұраймыз.

**2-жолсерік:** - Құрметті жолаушылар! «Аманат – Болашақ» пойызына отырғызу аяқталды. Шығарып салушылардан вагондарды босатуларыңызды сұраймыз.

(Қолында кітабы бар жігіт вагонға кірмей теңселіп жүреді)

**3-жолсерік:** - Азамат, сіз неге кірмейсіз?

- Қарындасым, тұра тұршы. Мен осы пойызға бір мінсем қайта түспейтін тәріздімін. Көктемгі ауа қандай таза! Аспан

қандай ашық! («Япыр-ай, неткен көктем!» өлеңін оқиды).

**1-жолсерік:** - Мына кісі біртүрлі екен. Мас па, кімге ғашықпын дейді? Сіз кімсіз? Жеке төлқұжатыңызды көрсетіңіз. Әйтпесе, пойызға отырғызбаймыз.

- Ой, қалай отырғызбайсындар? Мен бұл пойыздың ең құрметті жолаушысымын, болашақта әлі танырсыз мені, қарындас!

**2-жолсерік:** - Қане, Зәуре, тексеріп жіберші.

(Ақын өзінің «Менің анкетам» атты өлеңін оқиды).

**3-жолсерік:** - Кешіріңіз, ақын аға, бізден бір білместік өтті. Қарбаласта тани алмай қалдық. Төр сіздікі, жоғары шығыңыз, бүгінгі тойдың иесі – Мұқағали аға!

**1-жүргізуші:** - Қайырлы күн, жыр сүйер қауым! Мұқағали Мақатаевтың шығармагерлігіне арналған «Болашаққа аманат» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

**2-жүргізуші:** - «Мұқағалиды жұрт неге құмарта оқиды, ол қандай адам болған, нені аңсады, немен күресті, досы кім, неден тарықты, неге асықты?» сияқты көптеген сұрақ бәрімізді мазалайды. Ал оның сырын ақын өлеңдерінен ғана таба аламыз.

**«Аманат – Болашақ» пойызы «Өмірім – өлеңімде» атты бекетке келіп тоқтады.**

Мұқағали күнделігінің беттерінен үзінді (1976 ж. 14 ақпан)

«...Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңыздар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін. Естеріңізде болсын, менің өлеңім жеке тұрғанда түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілген жанымның құдды дауысындай».

Сахнаға 1-Мұқағали жүгіріп шығады да, «Бүгін – менің

туған күнім» деген өлеңін оқиды.

**1-жүргізуші:** - «Мен таулықпын, Таудан мен жаратылғам, Тау деген Ана туған дара тұлғам. Тауға барып, Көкке ұшып кетсем бе екен, Ұстап алып қыранның қанатынан» деп көңілі асқақ биікке ұмтылған тау ұлының өмір өткелдері туралы біріміз білсек, біріміз білмейміз. Ақынның азан шақырып қойған толық аты – Мұқаметқали. «Пайғамбардың атын түгел айту балаға ауыр болады» деп, әрі еркелетіп, әрі қысқартып Мұқағали атап кеткен. Ол 1931 жылы 13 наурызда Алматы облысы, Нарынқол ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Әкесі Сүлеймен мен анасы Нағиман – Мұқағали, Тоқтарбай, Көрпеш есімді 3 ұл тәрбиелеп өсірген шаруа адамдары. 1941 жылы әкесі Сүлеймен Мұқағалидың 10 жасында майданға аттанады. Бұғанасы бекімеген Мұқағали еңбекке араласты, ат соқамен жер жыртты, астық орды, шөп шапты.

**(Сахнаға Мұқағалилар шығады).**

«Нені аңсаймын, бала шағым?», «Мен таулықпын», «Мен-дағы өлең жазбаймын», «Әй, Сергей, Сергей», «Мақтанбалық», т.б. өлеңдері оқылады.

Бұл бөлімде «Саржайлау», «Қазақ», «Құмған алған», «Тағдырыма ризамын» атты әндер орындалады.

**Сахна сыртындағы дауыс: «Аманат – Болашақ» тойызы «Автограф» бекетіне келіп тоқтады.**

**2-жүргізуші:** - Мұқағали жастардың іздеп жүрер ақыны болды. Енді назарларыңызға Мұқағалимен кездесу кештерінен үзінді ұсынамыз.

- Бақыт деген не, аға? («Бақыт деген» өлеңі оқылады.)

- Дұшпаныңыз көп дейді ғой? («Дұшпаным жоқ» өлеңі оқылады.)

- Ақын аға, неге құмарсыз? («Бәріне құмармын» өлеңі оқылады.)

- Айтыңызшы, ақын жары болу оңай ма? («Қызықпа,

қыз» өлеңі оқылады).

- Дінге қалай қарайсыз? («Сатқан емен» өлеңі оқылады).

- Ақын аға! Болашаққа қандай жоспарыңыз бар?

(Студенттер Мұқағалидан автограф беруін өтінеді. Ол өзінің «Автограф» өлеңін оқиды).

**Сахна сыртындағы дауыс: «Аманат – Болашақ»**  
**пойызы «Махаббат бағы» бекетіне келіп тоқтады.**

Паркте бір-бірімен сырласқан қыз-жігіттер. Мұқағалидың махаббат жайлы өлеңдері оқылып, әндері шырқалады.

«О, Муза!», «Сен гүлімсің», «Өкпелеме» өлеңдері оқылады және «Аңса, жаным» әні орындалады.

«Раушан гүл», «Ғашықпын», «Сезбейсің ғой сен мені» өлеңдері оқылып, «Құмған алған» әні орындалады.

**Сахна сыртындағы дауыс: «Аманат – Болашақ»**  
**пойызы «Естеліктер» бекетіне келіп тоқтады.**

«Жазылар естеліктер мен туралы» өлеңі оқылады.

Ақын жайындағы естеліктер оқылып, «Есіңе мені алғайсың» әні орындалады.

Жары Лашынның естелігінен кейін «Күрсінбеші» өлеңі оқылады.

Фаризаның естелігінен кейін «Фариза қыз» әні орындалады.

**1-жүргізуші:** - Аңыз – халықтың санасындағы ақиқат. Аңызға айналу екінің бірінің маңдайына жазылмайды. Ақиқатты, арды ардақтай білген қасиетті тұлғалар ғана аңызға айналады. Аңыздың ішінде ақиқат бар. Ал ақиқаттың ішінде аңызға айналған тұлға өмір сүреді, өйткені олардың бұ дүниедегі өмірінің өзі ақиқатты нұсқайды.

**2-жүргізуші:** - Қазақта соңынан көп аңыз ерген батыр Бауыржан Момышұлы болғанда, ең көп аңызға арқау болған қазақ ақыны – Мұқағали-ақ шығар. Аңызға айналған адам өмірінен «Бір үзік сыр» тыңдаңыздар.

1. Бауыржан туралы. 2. Еркін екеуі. 3. Твардовский өлген-

де. 4. Орыстың профессор шалы. 5. Мұқағали – көріпкел («Осы мен өлмейтін шығармын», «Өзімнің есебімше» өлеңдері оқылады).

**Сахна сыртындағы дауыс:** «Аманат – Болашақ» пойызы «Аманат» бекетіне келіп тоқтады.

**1-жүргізуші:** - Мұқағалиды ғасырда бір туатын, үлкен қанаты бар, адамның көзі талатын биікте ғана самғайтын алып құсқа теңеуге болады. Мұндай алып құстар жерге әр қонған сайын қанатының бір қауырсынын оңдырмай сындырып алып күйзеледі. Бірақ тынышталудың орынына, сол аспанда ала алмаған өші бардай, бүкіл күш-қайратын жинап, келесі жолы одан да биікке ұшады.

**2-жүргізуші:** - Мұқағалидың жер жүзінің әдебиетінде теңдессіз, алабөтен бір шоқтықты шығармасы бар, ол – «Жан азасы». «Жан азасы» – ақынның жарық дүниемен жылай-жылай қоштасуы әрі бізге қалдырған өсиеті, оның үстіне бұдан былайғы мәңгілік мекені – қара жер қойыны – көрге ізетпен сәлем беруі...

**1-жүргізуші:** - Құрметті жолаушылар! Біздер ақырғы аялдама – «Аманат» бекетіне де келіп жеттік. Бәріміз ақынның ақырғы аманат сөзін естіп, «Болашақ» бекетіне шығарып салайық.

«Халқыма хат», «Табыт үні», «Халық үні» өлеңдері оқылады.

«Болашақ» бекетінің тұрғындары ақынды қол соғып қарсы алады.

**2-жүргізуші:** - Аманатың орындалды, ақын аға. Біздер сенің өлеңдеріңді сүйіп оқимыз. «Болашақ» бекеті тұрғындары сөз сұрайды.

Залдан Мұқағалидың өлеңдері, Мұқағалиға арналған өлеңдер оқылды.

«Күрең күз» әні орындалды.



## «ҚАЙЫРЛЫ ТҮН» ӨЛЕҢІ

*(Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі әдіс-тәсілдерді пайдалану тәжірибемнен)*

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – Мұқағали әлемі туралы кеңінен мағлұмат беру, оқушылардың мәнерлеп оқудағы жаттығу дағдысын қалыптастыру, ақын шығармаларының идеялық, көркемдік мазмұнын ашу; **тәрбиелік** – отансүйгіштікке, елін қорғауға, «Бейбітшілік» деген асыл ұғымды қастерлей білуге, адамгершілік қасиетті пір тұтуға үйрету; **дамытушылық** – оқушының ойлау қабілетін дамыту және жүйелі сөйлеуге шығармашылық қабілетін ұштай түсу.

**Типі:** жаңа сабақты меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** ой туындату, сыртқы сезімдерді қатыстыру. **Көрнекілігі:** кестелер, жиналмалы кітапша, тұсаукесер (презентация), тірек-сызба. **Пәнаралық байланыс:** тарих, ән-әуез. **Түрі:** ізденіс сабағы.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

«Ана тілін сүйген ұрпақ халқын да сүйеді» ұранын айтқызу.

**Жаңа сабақ.**

**Ой туындату әдісі.**

- Балалар, біз ақиық ақын Мұқағалиды білеміз бе?

Балалар жауабын тыңдап болғаннан соң «Сарыжайлауым» әнімен сабақты ашу.

**Сыртқы сезімдерді қатыстыру** әдісі: кестеге, тұсаукесерге көңіл аударту.

Аты-жөні	Туған жылы айы, күні	Туған жері	Әкесі	Анасы	Жары	Балалары
Мұқағали Мақатаев.	1931 жылы 9 ақпан	Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қарасаз ауылы.	Сұлеймен	Нағиман	Ләсима (Лашын)	Жұлдыз, Айбар, Алмагүл, Шолпан.
<b>Жинақтары</b>			<b>Атағы</b>	<b>Үлгі тұтқаны</b>	<b>Өмірден өткен жылы</b>	
Тірісінде жарық көрген		өмірден өткеннен кейін				
II жинағы, I таңдамалысы.		II томдық, III томдық.	Ғасыр ақыны.	Қазақтың қара өлеңі және Абай.	1976 жыл	

табиғат

рухани құндылық

сөз құдіретін тануы

**Ақынның басты тақырыптары**

отансүйгіштік

имандылықты

сағыныш пен мұң

жырлау

- Балалар, имандылық бар жерде тыныштық бар, олай болса, «Қайырлы түн» өлеңін мәнерлеп оқиық.

1. «Тізбек ойыны» арқылы оқыту.
2. Өлеңнің мазмұнын, негізгі идеясын, өлең ұйқасын табу.
3. Поэтикалық талдау жасау.
4. Топтық жұмыс. Бейбітшілік туралы шағын мәтін құрау.

**«Ұқсастық» топтастыру әдісі**

Үндестік	Абай	Мұқағали
Сөз құдіретін тану.	Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.	Өлмеу үшін, құлқынды жемдеу үшін, Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін.

Рухани үндестік	Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.	Жақтасаң да, өзің біл, даттасаң да, Соттасаң да еркің бар, ақтасаң да. Мен де жұмбақ адаммын, оны да ойла, Мыңмен жалғыз алысып жатпасам да.
Адамдық міндетті тану	Атымды адам қойған соң Қайтіп надан болайын?!	Хақым жоқ жаман болуға... Жұрт мені «Жақсыдан қалған көз» дейді.
Табиғатты тану	Желсіз түнде – жарық ай, Сәулесі суда дірілдеп. Ауылдың маңы – терең сай, Тасыған өзен гүрілдеп.	Ұялып барады өтіп бұлақ бала, Бұйығып үн қатпайды жылап қана. Баланың маңдайынан сипалаған – Дірілдеп айдан тамған шуақ қана.

## Оқушы қиялын дамыту: «Ақын рухымен сырласу.»

### Балалар шығармашылығы.

Қиянат сізге, аға, жасаған кім

Көпсініп несібесін жасағанның?..

Мұң ессе өлеңіңнің әр жолынан,

Мен жапа көрсеткендей боп тұрамын.

Ағажан, кім жаныңды жаралаған,

Шынымен -ақ мұндайға бара ма адам?!

Жаны жоқ қуыс кеуде пенделер-ай

Ақынның жанарына қарамаған.

### Сабакты пысықтау.

«Түс таңдау» тесті бойынша қорытындылау.

**1. Мұқағали Мақатаевтың туған жылы:**

а) 1936; ә) 1931; б) 1932.

**2. Мұқағали Мақатаевтың анасы:**

а) Тиын; ә) Лашын; б) Нағиман.

**3. Туған жері:**

а) Кеген; ә) Нарынқол; б) Қарасаз.

**4. «Қайырлы түн» өлеңінің мазмұны:**

а) Өтірік айтпау; ә) Тыныштық; б) Жалқаулық.

## 5. Кімді үлгі тұтқан?

а) Ғани; ә) Ықылас; б) Абай.

**Үйге тапсырма:** 1) мәнерлеп оқу; 2) Мұқағали шығармашылығындағы қаратпа сөздер.

## Оқушыны психологиялық тұрғыдан бағалау.

Оқушының аты - жөні	Ой өркендету	Қиялын дамыту	Есте сақтау қабілеті
	«5» 	«4» 	«3» 



Бір тақырыпқа – екі мақала

Меруерт СЕРІКБАЕВА,

Семей қаласындағы

№21 қазақ орта мектебінің

мұғалімі.

# «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ПОЭМАСЫ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың поэманы оқыған-оқымағандарын тексеру, поэмадағы аққу сұлулығын ашу, көркемдік ерекшелігіне тоқталу, әйел бейнесін талдау арқылы поэманың тақырыбы мен идеясын ашу; **дамытушылық** – әдеби-теориялық білімдерін дамыту, өз пікірлерін еркін айта білуге және дәлелді түрде жеткізе білуге үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу, табиғат пен адам арасындағы заңдылықтарды сақтай білуге тәрбиелеу. **Түрі:** кіріктірілген сабақ. **Көрнекілік:** компьютермен жұмыс, талдау, мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, өздік жұмыс.

**Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру** (оқушыларды түгелдеу, сабаққа назарларын аудару, жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру).

**2. Үй тапсырмасын сұрау.** 1) Мұқағали Мақатаев кім? 2) Қандай өлеңдерін білесіңдер? 3) «Жетімкөлдің» сәні не? 4) «Жетімкөл» неліктен жетімсіреп қалды?

«Хикая пирамидасы» арқылы оқушылардың поэманы оқыған-оқымағандарын тексеру.

Шығарма аты: \_\_\_\_\_

Басты кейіпкердің аты.

Кейіпкерді суреттейтін екі сөз.

Мекенді суреттейтін үш сөз.

Оқиганы суреттейтін төрт сөз.

Алғашқы оқиганы (оқиганың басталуы) суреттейтін бес сөз.

Екінші оқиганы (даму) суреттейтін алты сөз.

Үшінші оқиганы (шарықтау шегі) суреттейтін жеті сөз.

Төртінші оқиганы (шешім) суреттейтін сегіз сөз

**3. Негізгі тақырып.** 1) Поэмадағы табиғат әсемдігін, көл сұлулығын, құс төресі – аққудың сұлулығын суреттейтін үзінділерді тауып, көркемдегіш құралдарға талдау.

Теңеу	Жаңбырдың тамшысындай, қарақшыдай, шашымдай ма ең...
Эпитет	Тәкаппар құс, мөлтілдеген көз жасы, ақ қанатын сабалап...
Метафора	Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын... Тауың анау – шымылдық салбыраған...

2) Әйел бейнесіне талдау жасау. Әйелдің жалғыз ұлы ауырып төсекте хал үстінде жатыр. Тәуіп шал «Баланы аққудың қанатымен аластау керек» деп емін айтты. Ана байғұстың әбден есі шықты, не істерін білмеді. Ұлынан айы-

рылып қаламын ба деген үрей оны «Жетімкөлдегі» аққуды атуға итермеледі. Аһ ұрған әйел көл басына келіп, енді ғана ұйқыларынан оянып, тарана бастаған аққуларды көріп, олардың сұлулықтарына сұқтанып атуға қимады. Бірақ ауру ұлы есіне түскен әйел мылтықтың шүріппесін қалай басып жібергенін байқамай қалды. Ана бұл «Жетімкөлдің» бұрыннан бері келе жатқан дәстүрін де жақсы білетін. Аққудың киелі құс екенін де естен шығарған емес. Бірақ ана көңілі балада тұрғандықтан сол мезетте бәрін бір сәтке ұмытты. Шалдың сұрағына жауап бере алмаған әйел үн-түнсіз жылай берді. Көл үстінде жайраған бірі – жаралы аққу, бірі – өлі аққу әйелді есінен адастырып жіберді. Ұлының өлігінің үстінен түскен әйел жынданып, есалаң күй кешті. Ақыры ана жынданып кетеді. Оны аққудың киесі ұрды. Мұндай күйге, әрине, ұлы үшін түсті. Әйелдің ішкі жан қиналысын суреттеген жерлерін кітаптан тез тауып оқыған ұтымды. Ананың балаға деген махаббатының шексіз екенін бар адамзат мойындайды. Оған бір мысал – Ғабир Мүсіреповтың «Ананың анасы» әңгімесі.

### 3) Ананың аққуды атқанына қалай қарайсындар?

#### Жақтаушы

Ана ең бірінші өз баласын аман сақтап қалуды ойлады. Баласының өлім ауызында жатқаны анаға еш нәрсені ойлатпады. Тәуіп шалдың ем болады дегенін мықтап ойына түйіп алған ол аққудың сұлулығын мойындап қарап, оны өлімге қымай тұрса да атып жібереді. Бала ана үшін әрдайым бірінші орында. Ана баласын ешнәрсеге теңгермейді. Дәл сол мезетте ана үшін бала амандығы қымбат болды...

#### Даттаушы

Аққу – киелі құс, оны атуға болмайды. Аққуды атқан адам оңбайды. Егер әйел сол сәтте бәрін ақылға салып, тәуіп шалдың сөзіне иланбай, алдамшы сезімге берілмей аққуды атпаса, бәлкім, баласы тірі қалар ма еді?! Оны аққудың киесі ұрып, ақыры жынданып кетті. «Жетімкөл» сәні сол ананың қателігінен жоғалды, оралмасқа кетті. Табиғат пен адам арасындағы заңдылық бұзылды деп ойлаймын.

**Сабақты бекіту.** 1. «Жетімкөлге» аққулар неге оралмады?  
2. Поэманың тақырыбы не? 3. Поэманың идеясы не?

**Үйге тапсырма:** «Анамызды құрметтейік», «Аққу – киелі құс» атты тақырыптардың біріне шығарма жазу.

# «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ПОЭМАСЫ

(2-сағаты)

**Сабақтың мақсаты:** ақын шығармаларының тақырыбын, идеясын ашу, поэзиясының өміршеңдігін таныту, дастанның тақырыбы мен идеясын, көркемдік тілін жете ұғыну; **Міндеттері:** 1) **мазмұнға байланысты** – ақын шығармасын оқи отырып композициялық құрылысымен танысады, ой тереңдігін, тіл шеберлігін сипаттай алады; 2) **СТО-ға байланысты** – тақырыпты меңгеру барысында СТО әдістері арқылы білімдерін ортаға сала отырып, өз ой-пікірлерін қорытындылайды; 3) **топтық жұмысқа байланысты** – топтағы жұмысты ұйымдастырады, жұмыс нәтижелерін көрсете біледі.

**Типі:** жаңа ұғымды меңгеру. **Түрі:** жаңалықты қолдану сабағы. **Әдісі:** СТО әдістері. **Жабдықтары:** ақын портреті, бүктемелер, шығармалар жинағы.

**I. Қызығушылықты ояту.** Мұқағалидың «Қайырлы түн», «Үш бақытым» өлеңдерінен үзінді оқылады. Оқылған шығармалардың аты мен авторы оқушылардан сұралады.

Үш топқа топтастыру әдісі бойынша тапсырма беріледі.

1-топ: Мұқағали кім? 2-топ: Шығармалары. 3-топ: Ақын өлеңдеріне жазылған әндер.

Бұл бөлімдегі тапсырмалардың бәрі үй тапсырмасын сұрау, бекіту болып табылады.

БҮҮ әдісі бойынша оқушыларға паракша таратылып

беріледі. Бұл парақша сабақтың өн бойында толтырылып отырады.

Білемін	Үйренгім келеді	Үйренгенім
Ақын өмірі, шығармалары, өлеңдері, жинақтары, т.б. жөнінде.		

**II. Мағынаны тану.** Болжау әдісі бойынша кесте толтырылады.

Шын мәнінде не болады деп ойлайсың?	Қандай дәлелің бар?	Шынында не болды?

Оқушы түсінігін пысықтау.

Топтық жұмыстар. Әр топқа жеке тапсырмалар беріледі.

1-топ: «Екі жақты күнделік» әдісі бойынша өзіне ұнаған үзіндіні қолданып, неге алғанын түсіндіру.

Мәтіннен үзінді	Не себепті таңдадыңыз?

2-топ: Өлеңді құрылысына қарай талдау.

3-топ: «Оқиғаны қалай аяқтаған болар едің?».

**III. Ой толғаныс.** 1-топ: «Аққуды атуға болады» (пікір білдіру). 2-топ: «Аққуды атуға болмайды» (пікір білдіру). 3-топ: «Менің ой толғанысым» (эссе жазу).

**IV. Қорытындылау.** БҮҮ әдісі бойынша кестені толықтыру.

**Мұғалімнің сөзі:** - Оқушылар, ақын Фариза Оңғарсынова «Мұқағалидай ақыны бар халық – бақытты халық» деген екен. Сыршыл ақынның өміршең шығармасымен танысқан сендер сол бақытты халықтың ұрпағысындар. Сұлулықты жанымен сүйген Мұқағали ақынның аса құрметтеген адамының бірі – сазгер Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңдайық (Күй тыңдалады).

**Бағалау.**

**Үйге тапсырма:** а) поэмадан үзінді жаттау; ә) топ болып көрініс дайындау; б) аққу туралы мақал-мәтелдер жазып келу, поэма желісі бойынша сурет салу.



Жанбота СЕКЕЙ,  
Шәкәрім атындағы  
Семей мемлекеттік  
университетінің аға  
оқытушысы, ф.ғ.к.

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ХА- РАКТЕР МЕН ЖАҒДАЙДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Қоғамдық құрылымдардың жиі өзгеруінің сөз өнеріне қатысы, ең алдымен, жағдай мен адам образынан көрінеді. Қоғамда орын алған әр түрлі оқиғалардың тарихи себептері мен әсерін, олардың көркем әдебиетте қандай дәрежеде бейнеленгенін типологиялық жағынан анықтаудың әдебиеттану ғылымы үшін мәні зор. Жеке тұлғаның өміріне әр түрлі объективті, субъективті түрде әсер ететін жағдайлардың ғылыми тұрғыдан зерттеу олардың әлеуметтік, этикалық құндылығын, эстетикалық мағынасын айқындайды.

Көркем шығармада қаламгер бірде характерді белгілі бір қалыпқа салуға тырысса, бірде оның жиынтық (типтік) белгілерін алға шығарып, оның ойшылдық, сезімталдық, интуитивтік, рационалдық қасиеттеріне жетекші мән бергенін байқауға болады. «Мінез – адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлық, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы» [1.67] деген пікір де мінездің қоғаммен, ортамен байланысына баса назар аудару қажеттігінен туындаса керек. «Характер бейнелеу құралы емес, бірақ сол бейнелеу әдеби образдың бір қыры, әдеби мінез қашанда шындық өмірге, нақты тұлғаға қарағанда адамның сапалық өзгерістерін көркемдік

дәрежеде шынайы бере алады» [2.75] деген үстеме пікір туынды авторы көзқарасының ұстанымдарын айырықша қуаттайды.

Әдебиеттану ғылымында бір кезде «типтік жағдайдағы типтік характер» деген түсінік қалыптасқаны белгілі. Онда кейіпкердің характері оның ішкі рухани әлемі, өзіне тән белгілерінің бірлігі, әр түрлі жағдайдағы адамның мінез-құлқының жетекші типі деп бағаланған. Жалпы «жағдай» әдебиеттануда көркемдік-эстетикалық ерекшелігі өте күрделі әдеби категория қатарынан орын алады. Ол көркем шығармада автордың, қоғамның, заман мен ортаның мақсат-мүддесі мен талап-тілегі бойынша қалыптасатын болғандықтан сол қоғамдық-әлеуметтік кезеңге тән көріністерді бейнелейді. Жағдай ұғымының астарына қоғамдық жағдай, әлеуметтік жағдай, психологиялық жағдай, тұрмыстық, тарихи, философиялық жағдай деген ұғымдар кірігіп кеткен. «Жағдай дегеніміз – адамның сезімдері, ойы, іс-әрекетімен бірге өзі өмір сүріп отырған ортаның барлық саяси, экономикалық, экологиялық сипаттарын өз бойына сіңірген тарихи ортасы» [3.32] деген пікірдің кемшін тұстары да көзге ойпырымдап көрінеді.

Характер мен жағдайдың арақатынасын гармониялық түрде бейнелеу мәселесі күн тәртібіне бүгін ғана қойылып отырған жоқ. Өмір материалын, ортаны, жағдайды білу керектігін Мұхтар Әуезов ертеде арнайы атап көрсеткен: «Өзің таңдап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына дейін түгелімен қиялдап та іштен кеміру шарт. Таңдап алған ортасын және тиісті байланысты жайларын сүйіп сезінген көңілге ғана шыншыл, терең, сенімді суреттер сай келеді» [4.96]. «Адам мінездерін жағдай жасайды» [5.68] деген пікірмен «характердің жетілу үдерісін, өсу бағытын белгілейтін жағдай» [6.89] деген көзқарас үндес. Сонымен қатар «характер мен оның даму логикасын анықтайтын нақты

тарихи сәт сол мінездің ашылуына қатысы бар жағдайды да анықтайды. Демек, мінез бен жағдай байланысы көркем шығармадағы шындықты танудың, игерудің нәтижесі» [7.56] деген ой құнды.

Адамды іс-әрекетке бастайтын идеяға тікелей қатысы бар жағдай характерге өзінше талап қояды, сол арқылы кейіпкердің әлі ашыла қоймаған, жасырын сырларын ашуға көмектеседі. Шығармадағы қаһарманның мінез-құлқын кеңінен көрсетуде жағдаймен қатар авторлық идея, тақырып, сюжет, сәт (ситуация), коллизия, перипетия сияқты ұғымдардың қызметі ерекше.

Көркем туынды уақыт көші ілгері жылжыған сайын ілгерінді-кейінді өзгертін, күрделеніп отыратын қоғамдық қатынастарды, жеке тұлға өміріндегі ықпалы орасан, әр қилы объективтік және субъективтік жағдайларды көркемдік тұрғыдан зерттеуге ылғи құлшыныс танытып келгені мәлім. Ілкі дәуірлерде қаламгерлер жеке адам мен жалпы «эпикалық» жағдайлар арасындағы байланыстарға ерекше назар аударса, кейінірек индивид пен баршаға ортақ қоғамдық-әлеуметтік үдерістің әр қилы қарым-қатынасы алдыңғы қатарға шыға бастады. Өзгермелі орта, ауыспалы жағдайдағы ұлттық мінез өрісі хақында ой түюге деген тұрақты ұмтылыстың сыры тереңде. Мұнда реализм, романтизм және модернистік ізденістердің тоғысқан тұстары да байқалады.

Уақыт ағысы, замана түрленуі, дүниетаным құбылысы тосын көркемдік мақсат-мүдде, басқа шығармашылық нысана ұсынғаны белгілі, оған қоса жаңа мінез қырлары, тосын жағдайлар да қаламгерлерге өзінше әсер еткенін есепке алған жөн. Шартты түрде айтсақ, дәстүрлі «шындық сабақтары» болмыстың терең қабаттарын қамтуымен ерекшеленді, онда жағдайға ерекше мән берілді. Өткен мен қазіргіні жауаптылықпен талдау «ертеңгіні ойлаумен» тығыз байланыста жүргізілгенін атап көрсеткен маңызды. Зәру

тақырып, көкейкесті мәселе, мазмұнды тартыс, концепт – кейіпкер мен өнімді жағдайлар арқылы қаламгерлер қоғамдық-әлеуметтік түбегейлі өзгерістер ауаның бажайлауды мақсат еткені даусыз.

Кейіпкер, тұлға, субъект, индивид, характер, қаһарман, образ, көркем бейне, мінез, әдеби тип сияқты әр қилы анықтамалар – көркем мәтіндегі адамның санасына, тұлғалық болмысына, пенделік ерекшелігіне қатысты туған әдеби түсініктер. Бұлардың әрқайсысы өзінің көркемдік қызметімен, мағынасымен, эстетикалық маңызымен ерекшеленеді, зерттеушілер аталмыш ұғымдарды көркемдік әлем, әдеби мәтін, сюжет, құрылым, жанр сияқты негіздермен бірлікте, байланыста қарастырып жүр. Біздің ойымызша, осы терминдердің ішіндегі әмбебап мағынада қолданатыны – характер, қазақ тілінде мінез болып айтылып жүрген бұл түсінікті басқаша атауды ойластырған жөн сияқты, әзірше характер деп қолдана беру орынды болар. Характерді мінез-құлықтың, іс-әрекеттің белгілі бір типі деп бағалаған жөн, өйткені адамды тану үшін оның жеке сәт пен жалпы жағдайдағы сипатын, көрінісін, бейнесін, іс-қимылын қоса білген абзал, бұл кезде мінез ұғымын қолданса да болады.

Қарқынды тарихи түрленулер, әлеуметтік ілгерілеулер, адамгершілік атмосферасының өзгеруі, ең алдымен, адам мінез-құлқына әсер ететінін ешкім жоққа шығара алмас. Сондықтан жағдай мен мінездің әдеби дамудың әр кезеңінде өзіндік ерекше диалектикалық бірлік түзетінін жетекші қағидат деп қабылдаған тиімді. Өйткені жағдайдың мінез-құлықты қалыптастыруға, айқындауға, бағытын белгілеуге жан-жақты әсері көп, мінез де өз мүмкіндігінше жағдайдың әр қилы мағыналарын ашуға әсер етеді. Сонымен қатар қаламгер характерге өзі хош көрген қасиеттерді дарытуы үшін басқа жағдайларды ойлап табуы әбден мүмкін. Қаламгерлер «жағдайдың» аралын кеңейте бастады, енді кешегі мен

бүгіннің және ертеңнің арасындағы үндестік, сабақтастық, жалғастық, бинарлық байланыстар маңызды болуда. Әдебиеттің ерекшеліктерін анықтауға тым жақындатып жіберуді де толығымен қабылдай қою қиындау, өйткені адамның психологиялық, дүниетанымдық ерекшеліктері, әлеуметтік болмысы, құқығы, бас бостандығының мәселелері де назардан тыс қалмағаны жөн ғой, бұларды бір-бірінен ажыратып қарайтындықтан олардың қарым-қатынастары артық-кем қою да орынсыз шығар.

Әр бейненің жеке қасиеттерін ашып көрсету үшін көркем мәтін құрылымындағы сәттердің санын көбейту, жағдайды жаңалап отыру, оларды тез ауыстырудың белсенді түрде жүзеге асырыла бастауы әдебиеттің кезеңдік көріністерін нақты бағалауға мүмкіндік беретінін естен шығармаған абзал.

XX ғасырда ұлттық сөз өнері адамды қалыптастыратын, негізгі сипаттарын анықтайтын, тәрбиелейтін, бағыттайтын негіздер ретінде қоғамдық-әлеуметтік жағдайдағы тұрмыспен еңбекке, өмірлік мақсат пен мұратқа, идеялық күреске көбірек жүгінгені рас. Алайда адамның өміріндегі қоғамдық құрылыстың, әлеуметтік ортаның рөлі мен орынына ерекше мән берілгеніне де дәлелдер жеткілікті. Ерік, жігер, құлшыныс, құштарлық, елігу, шабыт сияқты аса күрделі қасиеттердің адам бойындағы әрқилы тоғысуы да әдеби образды анықтап, олар көрінетін сәттерді жан-жақты нақтылап көрсетуге бағыттталып отырғаны шындық. Күшті, белсенді характерлер жасау үшін мықты орта, белсенді қарсыластар қажет деген тезис қазақ прозасына пәрменді ықпал еткен. “Көркем бейненің ішкі психологиялық әлемі, жеке қасиеттерінің жиынтығы мінездің кез келген жағдайдағы іс-әрекетінің басты ауанын, өзгеру сипатын, даму тәртібін анықтап тұрады” деген ойдың XX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетімізде көбірек көрінгені және талқыланғаны белгілі. Мінез деп адам бойындағы бір-бірімен тұтасқан

қасиеттерден тұратын, кез келген жағдайда тұрақты көрініс  
отыратын белгілерді бөліп атау туралы ұсыныстар болды.  
Одақ көлеміндегі басылымдарда басталған «тұлға феномені»  
туралы таластар ұлттық басылымдарда да жалғасын тапты.  
Әдебиеттанушылар «характер мен жағдай», «орта мен адам»  
мәселесіне ерекше мән бере бастады. «Жағдай» ұғымын  
эстетикалық категорияға жатқызатын ғылыми мектептер  
оны, көбінесе, нақты қоғамдық-тарихи орта ретінде таныды.  
Енді бір зерттеушілер бір-бірімен бірліктегі, қайшылықтағы  
әлеуметтік құбылыстардың нақты көрінісін жағдай деп  
санады. Кейбір ғалымдар адамның ойына, сезіміне,  
әрекетіне әсер ететін нақты өмірдің факторларын «жағдай»  
деп есептейді. Біз осы екі көзқарас тұрғысынан да әдеби  
шығармаға баға беруді пәрменді амал деп санаймыз.

Әлемде болып жатқан күрделі қоғамдық-әлеуметтік  
төңкерістер адамның мінез-құлқының өзгеруіне жаңа  
жағдайлар жасады. Өте белсенді көрінген характерлер  
қалыптасқан жағдайды өзгертуге аса құлықты болды, оған  
көп күш-жігерін жұмсады, нәтижесінде өз ұғымына сай  
жаңа жағдай жасауға тырысты. Осы кезде өзіндік өмірлік  
көзқарастары мен қағидаттарына сай емес жағдайларды  
қабылдамай, оған сырттай және іштей әр түрлі қарсылық  
көрсеткен характерлер де бой көрсетті. Мінез бен жағдай  
арасындағы байланыстарда бір-біріне бейімделу, өзара  
ықпалдасу, синхронды өзгеру үрдісі де байқалды. Жаңа  
саяси-әлеуметтік жағдайдың бұрыннан қалыптасқан  
ұлттық, этикалық ұғым-түсініктерді, әр түрлі тұрмыстық  
кедергілерді аттап өтуге мүмкіндік бергенінің жауабы  
әр түрлі. Демек, характердің жағдаймен байланысы тек  
қалыптасу деңгейінде ғана емес, баға беру, бағыт іздеу,  
адами мүмкіндіктерін ашу сипатында жүргені, яғни,  
айқындаушы мәні белгілі болып отыр. Мұхтар Әуезовтің  
«Қасеннің құбылыстары» шығармасындағы Қасен образы

жағдай мен сәтті саудаға салған бейімделгіш характер болғаны 20-30-жылдардағы қазақ әдебиетіндегі жағдай мен характердің арасындағы байланысты көркемдік тұрғыдан жан-жақты қарастыруға деген ұмтылысының көрінісіндей. Әрине, осы кезде стереотиптік характерлердің пайда бола бастағаны да жасырын емес. Жағдаймен үнемі тартысқа түсіп отыратын характерлер де болды, оған табиғаты үйлесе бермейтін «бөтен адам» мәселесі де көтеріле бастады. Ал 30-50-жылдары әдебиетте характердің жаңа түрлері пайда болды да, адам болмысы ортақ еңбек үстінде бейнеленді, жаңа сападағы қоғамдық мүдде адам тағдырының болмысына теңгерілді. Аталмыш кезең шығармаларындағы пафостың жағдай мен характерді байланыстыруға ықпалы аз болған жоқ. Мәселен, мақсат-мүддесі бір, ал іс-әрекеті әр қилы көркем бейнелердің ортақ қимылдары өнімді сәттерді анықтап, жағдайдың ауысу ырғағын өзгертуге мәжбүр болды, оған жылдамдық пен үдеу дарытты. Бұл кезеңде осы типтес туындыларда, тіпті, кей сәтте адамды жағдайдан жоғары қою арқылы оның мінезін түзеу идеясын дамытуға тырысушылықтар белең алды.

Әдеби шығармадағы характерлерді талдау, олардың іс-әрекеттерінің психологиялық астарына үңілу көркем мәтіндегі характер мен жағдайдың байланысын өзгертуге түрткі болды. Ендігі характер – стереотиптік жағдайларға бейімделе бермейтін рухани күш иесі, бірақ оның әлеуметтік, қоғамдық белсенділігі бұрынғыдай емес, оның ішкі күресі, дағдарысы жағдайға әсер ететін мықты негізге айналды. «Ішкі кейіпкер» әдебиеттегі жаңа тұлғаның қалыптасуына мұрындық болды. Қаламгерлер адамның өсіп келе жатқан рухани сұраныстары мен оларды қанағаттандыруға қауқары жоқ ортаның арасындағы қарым-қатынастарға зер салды, жаңа жағдайларға көркемдік талдаулар жасады. Бұл кезең қазақ қаламгерлерінің тұрмыс-тіршіліктің сан алуан

тауқыметтерін жан-жақты тануға, адамның азаматтық позициясын айқындауға деген тұрақты ізденістерімен де ерекшеленіп отырды. Экстремалдық сәттер, рухани дағдарысқа, әлеуметтік қарама-қайшылықтарға толы жағдайдағы характердің ішкі бұлқынысы мен сыртқы іс-әрекетіне, имплициттік, эксплициттік сырларына үңілу арқылы қаламгерлер образдарды жаңаша бағалауға, басқа бағытқа жетелеуді мақсат еткені көзге ұрып тұрды.

Кейбір көркем шығармаларда кейіпкер алдында тұрған кедергілерді аттап өте отырып, қай жағдайда болмасын өз мақсатына жетуге талпыныстар жасалды. Назар аударатын басты мәселе – характердің өзі жаңа сәт пен жағдайдың тууы мен қалыптасуына белсенді түрде кірісуі. Жағдай мен характердің прозалық мәтіндегі байланысының мұндай типін теориялық еңбектерде «қалыптастырушы» деп атау қалыптасқан.

Адам өмірінде түрлі қиындықтар, алмағайып кедергілер болатынына, «Жазмыштан озмыш жоқ» деген нақылдың да маңызына ыңғайлас кездер барына қарсы дау айтатындар табыла қоймас. Тірі жанның бұларды аттап өтуге, жоюға, қарсыласуға, олардың әсерін кемітуге қам-қаракет қылатыны бар. Мұндайда іс-әрекет, қимыл сипаты әр түрлі болатыны тағы түсінікті. Әңгіме-повестерде авторлар кейіпкерлерін осындай бөгеттердің ар жағында қалдыруы жиі кездесіп отырады. Қоғамдық, әлеуметтік, тұрмыстық жағдай тудырған кедергі-қиыншылықтарды оңайлықпен жеңе алмасын білген образ – персонаж енді орныққан жағдайды адамгершілік ұғымдар тұрғысынан талдап таразылауға кіріседі, яғни, жазушының жағдай мен мінездің байланысының «бағыттаушы» типі арқылы характердің рухани-мәдени болмысын ашып көрсету мүмкіндігі бар. Оған қоса көркем бейненің гуманистік көзқарастарын, өмірдің мәні туралы толғамдарын анықтауға амал мол,



себебі аға ұрпақтар тәжірибесіне, бабалар тағылымына жиі жүгіну де мәселеге басқаша сипат беретінін авторлар үнемі есте ұстауға тырысады. Мұндайда моралдық құндылықтар, адамгершіліктің бағалы ұғымдары, бабалар мұрасы характер үшін жағдайды танып білудің, бағалаудың басты қағидаларына айналады. Ол адам өз айналасы, ортасы, заманы туралы терең толғаныстарға іштей даяр, бірте-бірте ол белсенділікке ауысады, ақырында ол болмысты жаңғыртуға, өмірді өзгертуге іштей-сырттай тырыса бастайды. Демек, жағдай мен мінездің арасындағы байланыстың бұл типінде жағдай шығармада адамгершілік-моральдық катализатор рөлін атқарады, яғни, характерге екпін мен қуат дарытады, оның іс-әрекетіне үдеу береді. Нәтижесінде көркем бейне екі қарама-қайшы сапада көрінеді: жасампаз немесе қиратушы, ар-иман иесі немесе ұяттан безген пенде. Мұндай байланыс типі Мұхтар Әуезовтің «Қасеннің құбылыстарында», Бейімбет Майлиннің «Арыстанбайдың Мұқышында», Оралхан Бөкейдің «Қар қызы», «Сайтан көпір», Дулат Исабековтің «Гауһартас» шығармаларында айқын көрінеді.

Адамның болмысын жан-жақты тануға деген ұмтылыс кейіпкерлерді бейнелеудің жаңа формаларына жетеледі. Шиеленісті тартыстар молайды, оларда мәңгілік рухани байлықтар мен сол кезеңдегі адам санасындағы, тұрмысындағы жағымсыз сәттер арасындағы қарама-қайшылық суреттелді.

Жағдай мен характердің байланысының «айқындаушы» типінің негізінде кейіпкер мінезінің ішкі тұтастығының сипатына ерекше маңыз беріледі де, бұл орайда өмір тәжірибесінің қорытындысында адамгершілік бірінші қатарға қойылады, ұрпақтар арасындағы рухани үндестікке ерекше мән беріледі. Барлық жағдайлар адамның рухани болмысын тексеріп талдауға, бағалауға жұмылдырылады, яғни, жағдай мен характер бір-бірін жан-жақты айқындауға қызмет етеді.

Характер мен жағдайдың арасындағы айқындаушы-бағыттаушы-қалыптастырушы байланыстар көркем тұлғаның көкжиегін кеңейтуге, дүниетанымын тереңдетуге деген ұмтылысымен ерекшеленеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. З.Қабдолов. Сөз өнері. А., «Қазақ университеті», 1992
2. С.Г.Бочарев. Характеры и обстоятельства // Теория литературы, основные проблемы в историческом освещении. Образ, метод, характер. М., «Наука», 1962.
3. А.Н.Иезуитов. Проблема характера в эстетике и литературе. М., Лит.изд.АН СССР, 1962.
4. М.Әуезов. XX томдық шығ.жинағы. 18-т. А., «Жазушы», 1985.
5. Н.Ғабдуллин. Уақыт сыры. А., «Жазушы», 1978.
6. Р.Бердібаев. Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері // Әдебиет және искусство. 1956, №12.
7. Н.Драгомирецкая. Характер в художественной литературе // Проблема характера в современной советской литературе. М., Лит.изд.АН СССР, 1958.



Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент.

## ШЕГЕ ЖЫРАУ (XVIII ҒАСЫР)

Шеге ауыз әдебиетінде «Шеге жырау», «Шеге ақын», «Ақын Шеге» деген атпен белгілі. Белгілі ғалым Ханғали Сүйіншәлиев Шеге жырау туралы «Қазақ әдебиетінің тарихы» деп аталатын кітабында былай деп жазады: «... Халық жырларында көп кездесетін екінші бір ақынның аты

Шеге. Ол кейде ақын, кейде жырау деп аталады. Оның ақындық өнері де халқымызға тән шешендікті, шеберлікті елестетеді. Бұл да тарихта шын болған шабытты ақындардың бірі болуы мүмкін. Бірақ Шегенің дәл қай кезде өмір сүргені бимағлұм. Шегенің атын біз бірінші рет ноғайлының жыры — «Қыз Жібектен» ғана естиміз...», (Қазақ әдебиетінің тарихы. А., «Санат», 2006, 223-бет).

Бесқала қазақтарының («Ойдалы қазақтар». М.Ә.) ауыз әдебиетінде Шеге жыраудың жыр-толғауларын елге насихаттап, өскелең ұрпақтарға ұсынып келген Қазан жырау, Теңізбай жырау (1905-1968), Қосым жырау (1816-1890), Өтім жырау Балтуғанұлы (1865-1936), Мыңбай жырау Есмағамбетұлы (1886-1943), Серікбай жырау, Серімбет жырау (1899-1976), Әбдімұрат жырау Қоңырбайұлы (1897-1945), Қарасай (Қалқаман) жырау, т.б. болды.

Теңізбай жыраудың репертуарында Шеге жыраудың «О, Жаратқан, Тәңірім!..», «Жар, жар адам, жар адам...», «Иманы бардың ибасы бар» деп аталатын діни ағартушылық бағыттағы жыр-толғаулары болған. Бесқаладағы «Бөрілі тау» өңірінің жырауы Мыңбай жырау да Шегенің мұнан басқа да жыр-толғауларын білетін болған.

Теңізбай жырау жырлайтын «О, Жаратқан, Тәңірім!..» атты толғау жырының толық емес нұсқасы:

*О, Жаратқан, Тәңірім,  
Жеңіл болсын әмірің.  
Жеңіл болса әмірің,  
Жеңіл болар өмірім.  
Күн сәулесін құшақтап,  
Жақсылыққа телідім.  
Жамандыққа бастайтын  
Жамандықтан жерідім.  
Жүрекке нұр сыйлайтын  
Имани сөзге ерідім.*

*Еріген соң иманға  
Шабыттанды көңілім.  
Мүміндерді қолпаштап  
Көтерілді пейілім.  
Адамзатқа нұр сыйлар  
Көңілден шықса мейірім.  
Көңілден шықса мейірім,  
Жақсы болар кейінің...  
О, Жаратқан, Тәңірім,  
Жеңіл болсын әмірің.  
Бас иетін құлыңмын  
Жамандықтан жерінген,  
Жақсылыққа берілген.  
Иманы бар адамға  
Орын бердім төрімнен.  
Иманы жоқ адамды  
Шығардым мен көңілден.  
Дінсіздерге жақыннан  
Қасқыр болдым көрінген.  
Иманым бар кемелді,  
Иманды баққа кенелді.  
Иманы бар адамдар  
Пайғамбарға теңелді...*

Жырау Тәңірге жалбарынады, онан өмірде бақытты етуді тілейді. Мұнан біз жыраудың Алланы ғана мойындайтынын сеземіз. Жырау жер бетіндегі адам пендесіне тек жақсылық ұсына гөр деп ниет етеді. Аллаға жан-тәнімен берілген жырау «...О, Жаратқан, Тәңірім! Жеңіл болсын әмірің...» дейді.

Айтушылар (информаторлар) берген «О, Жаратқан, Тәңірім...» деп аталатын толғау жырдың Теңізбай жырау, Мыңбай жырау нұсқаларын салыстырғанда екі жыраудың жырлаған толғау жырларында бәлендей өзгерістердің жоқ екенін байқадық. Теңізбай жырауда «Адамзатқа нұр

сыйлар...» деген жол Мыңбай жырауда «Мүміндерге нұр сыйлар...» деп жырланады. Теңізбай жырауда «Бас иетін құлыңмын...» деген жыр жолы Мыңбай жырауда «Алдыңдағы құлыңмын...» деп жырланады. Сондай-ақ Мыңбай жырауда:

*Иманы бар адамға  
Орын бердім төрімнен.  
Иманы жоқ адамға  
Қасқыр болдым көрінген,-*

деп жырланса, Теңізбай жырауда:

*Иманы бар адамға  
Орын бердім төрімнен.  
Иманы жоқ адамды  
Шығардым мен көңілден.  
Дінсіздерге жақыннан  
Қасқыр болдым көрінген,-* деп жырланады.

Жыраулардың жыр-толғауларының ел арасына ауызша таратуы шығарманың түрлі өзгеріске ұшырауына әкеліп соқтыратыны аян. Әр айтушы әр түрлі етіп жеткізеді, бірақ жалпы мазмұны мен идеясына нұқсан келмейді. Профессор Рахманқұл Бердібаев «...Ешбір ауызша туынды әуелгі қалпында сақталуы мүмкін емес. Олардың кейбіреулері мезгіл өте келе ұмытылса, енді біреулері жаңа кезеңнің талабына сәйкес өзгеріске ұшырайды...» деп жазды (Кәусар бұлақ (мақалалар мен зерттеулер). А., «Жазушы», 1989, 5-бет).

Шеге жыраудың «О, Жаратқан, Тәңірім!..» деп аталатын толғау жырының жалпы идеясы – адамдар арасындағы достық, туысқандық қарым-қатынасты жырлау, сол арқылы Жаратушы Аллаға есеп беру. Жыраудың айтпағы : «О, Жаратқан ием, адамзатқа суық әміріңді жүргізе көрме, адамдар арасындағы достық пен адамгершілік қасиеттер Қасиетті Құран арқылы таралуда, адамдар Құранға шын ниетімен беріліп, ондағы әрбір сөзді ыждағатпен

кабылдауда...». Мұстафа әл-Бұға Мұхиддин Мисту «Әл-Уафи имам ән-науауи таңдаған қырық хадис шархы» деп аталатын діни-танымдық еңбегінде «...адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынастың мәні және әрбір адам басқалардың өзіне қандай қатынас жасауын қаласа, өзі де басқаларға сондай қатынас жасауы қажеттігі туралы айтылған. Мұсылман адам әрқашан дос пейілді болуы керек. Ол адамдарды жақсы көреді, оларды құрметтейді және оларға жақсылық істейді, олар да оған жақсылықпен жауап береді. Мұндай жағдайда қоғамның әрбір мүшесі алаңсыз, тыныш, өз міндеттерін шын пейілмен орындайтын болады. Барлық іс тәртіпке келеді, хақиқи құндылықтар үстемдік алып, өркениет дамып, қоршаған орта гүлденетін болады...» деп жазды (Аударған Қ.Сыпатай. А., «Кәусар-саяхат», 2009, 147-бет).

Жырау «Жамандыққа бастайтын жамандықтан жерідім...» деп Аллаға тәубе етеді, жалбарынады. «Имани сөзге жерідім...» деп көңілінің иманды екенін, иманды көңілдің қары таза болатынын сөзбен жеткізуге тырысады. Жамандық атаулыға жаны қас жыраудың айтпақ ойы – адам баласының көңілі тек адалдық, ізгілік, жақсылыққа толы болуы керек.

Шеге жыраудың «Жар, жар адам, жар адам...» атты толғау жырының толық емес Теңізбай жырау нұсқасы:

*Жар, жар адам, жар адам –*

*Тіршілікте бар адам.*

*Тіршілікте бар адам –*

*Бір Аллаға зар адам.*

*Бір Аллаға зар адам –*

*Қасиетті зор адам.*

*Сол адамнан әлемге*

*Мейірім мен нұр тараған.*

*Ұлы мінез, қасиет*

*Құтқарады жаладан,*

*Шығады екен дарадан.*

*Имансыз адам – тар адам  
Қайғыға қайғы жасаған...  
Жар, жар адам, жар адам –  
Тіршілікте бар адам.*

Қасиетті Құранның «Кәләм» сүресінің 4-аятында «Шын мәнінде сен, әлбетте, ұлы мінезге иесің» деп жазылған.

Жырау толғау жырында *Алла, мейірім, ұлы мінез, қасиет, зар, нұр, иман* сөздерін қолданады. Діни қиссаларда «зар жылады» деген сөз тіркесі қолданылады. Бұл зар жылау – Аллаға жалбарыну. Бұл «зар», «зар жылау» – қайғыға көміліп біреуді қарғау емес немесе зарлау емес, Аллаға жалбарынып зарлау, жалбарыну. Адамзат баласы Аллаға зар жылау арқылы, жалбарыну арқылы ізгі ниеттерімен ізгі жолға шығады. Жыраудың «зар» деген сөзді тегін қолданып отырмағанына көзіміз жетеді.

Құтан жыраудың, Шеге жыраудың, Мүйтен жыраудың жыр-толғауларын елге насихаттаған Теңізбай жырау Есенбаев (1905-1968) туралы белгілі ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қаржаубай Жұмажанов «Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті» деп аталатын ғылыми-зерттеу кітабында былай деп жазады: «Теңізбай Есенбаев 1905 жылы Дәуқара болысының «Қызылжыңғыл» жерінде дүниеге келген. Есенбай жуас кісі екен. Атасы Қонақбай ақындығы бар серілеу кісі болған. Теңізбайдың анасы Наурызбике әнші, әңгімешіл, ойын-сауықты жаны сүйетін, жайдары мінезді жан болған. Теңізбайдың ән-жырға құмарлығы Қонақбай мен Наурызбике арқылы оянған. 1933 жылы Қонақбай қайтыс болғанда атасының кітаптарына Теңізбай мұрагер болып қалады. Ата жолын жалғастырады. Жаттағандарын домбырамен айтуға төселеді. Ерімбет ақынның «Садуақас сахиын», «Ақтам сахабасын», «Қыз Жібек» жырын қиссахандық дәстүрімен жаттаған. Зерттеуші Өтеп Ерболатовпен болған сұхбатында «Менің, әсіресе, көп

үйренгендерім өлең, дастан, терме айту, домбыра тарту жолдары болды. «Шәкір-Шәкірат», «Бозұғлан», «Шернияз бен Ноғайдың айтысы», «Қарасай-Қази» мол жырлаған жырларым болды» деген. Теңізбай қазақ өлең-жырларына қосып қарақалпақша да өлең термелерді Шымбай халық театрында айтқан. Аббаз шайырмен (Аббаз – қарақалпақтың халық ақыны. М.Ә.) дос болған. Өзбекстан Республикасының халық әртісі Рысгүл Бөриевамен қызметтес боп, бірге ән салған. Ол 1968 жылы Маңғыт ауданы қарамағындағы Міскін жерінде қайтыс болған. Шәкірттері – Жұмамұрат, Махамбет...» (А., «Арыс», 2006, 49-50-беттер).

Қаржаубай Жұмажанов Бесқаланың әйгілі жырауы – Қазан жырау, Қазан жыраудың шәкірттері – Өтім жырау Балтуғанұлы, Серікбай жырау туралы былай деп жазады: «Қазан 1846-1918 жылдар шамасында өмір сүрген. Қазан шәкірттері Өтім, Серікбай болған. Қазаннан бізге жеткені – 45 жолдық жалғыз өлеңі:

*«...Киелі сөзді бастайын  
Қолыма алып Кәламды.  
Құдіретіменен Алланың  
Жер менен Көк жаралды.  
Ай мен Күнді туғзыыпты  
Болмасын деп қараңғы.  
Мұнан кейін бітіріп  
Он сегіз мың ғаламды,  
Топырақтан жаратыпты  
Атамыз Сапи адамды...»*

Қосымның апта күндерін жырлап, оның мәнін ашып түсіндіргеніндей, Қазан да қолына Кәлам (Құран) ұстап шын сөйлеуге талпынады. Оны басқалардан талап етеді.

Қазан жыраудың шәкірті Өтім жырау Балтуғанұлы кейін діни ағартушылық бағыт ұстанған әйгілі жырау әрі ақын болғаны белгілі. Кейін бұл аймақта діни ағартушылық



бағытты өркендеткен діни ағартушы жыраулар мен ақындар Әйімбет ишан Қаймақбайұлы (1855-1937), Омар Сейілұлы (1876-1921), Бекенқұл Ақымбетұлы (1844-1923), Ұлжан Бекенқұлқызы (1869-1953), т.б. болды. Олар Сыпыра жыраудың, Құтан жыраудың, Шеге жыраудың, Мүйтен жыраудың жыр-толғауларын ел арасына насихаттады.

Ежелгі замандарда «Хорезм ойпаты» деп аталатын бұл аймақ туралы аспаптанушы-этнолог Зәбира Жәкішева «Домбыралы сақтар» деп аталатын ғылыми-зерттеу еңбегінде «Хорезмнің тұрған жері ойда, ойлы жерде орналасқандықтан жергілікті тұрғындар «ойлы жердегі қазақтар», «ойдағы қазақтар» деп айтылады. Ойлы жердің топырағы құнарлы, шөбі қалың, қысы жылы болып келетіндіктен мұнда негізінен жайлауды керек етпейтін отырықшы қазақтар мекендеген. Хорезм аумағында өркениеті, қолөнері мен саудасы дамыған Шымбай, Төрткүл, Үргеніш, Қоңырат, Қожа елі қатарлы қалалары болған. Бұлар ел арасында «Бесқала» деген атақ ие болған. Сондықтан да осы қалаларды мекен еткен қазақ жұртының этномәдениетіне қатысты «Домбыралы сақ жыраулары» секілді тарихи ескерткіш мұралардың болуы заңдылық...» деп жазды («Қазақ тарихы» журналы, №5, 2011, 11-бет). Белгілі ғалым Рахманқұл Бердібаев осы Бесқала аймағын «қазақ фольклорының дамыған жері» деп атаған.

Сыпыра жыраудың, Шеге жырау мен Мүйтен жыраудың жыр-толғаулары сақталған *эпикалық аудан* (Р.Бердібаев) — *Бесқалада* халық қазынасы өте көп сақталғанын жоғарыда айттық. Ендігі міндет – сол рухани байлығымызды өскелең ұрпақтарға ұсынып, олардың рухани көзқарасын арттырып, ұлтжандылық сезімін ояту.



## АБАЙТАНУ АСУЛАРЫ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ІЗДЕНІСТЕР

Қалың ойын өлең өрнегімен өргізген ұлы ойшыл Абай түркілік дүниетаным болып табылатын мораль философиясын өзгеше реңкте, жаңашылдық сипатта, өзіндік нақышпен бедерленген соны үлгіде, табиғи болмысымызға тән кең тыныста түлетіп, қазақ әдебиетін шырқау биікке көтерді. Ойшыл ақын мұрасының ұзына бойын тұтып тұрған бұл «Толық адам» танымының тамызығын дана Қорқыттың жырларынан тауып, оның желілі жалғастығын қазақ топырағынан өніп шыққан жалпыәлемдік өредегі ақыл-ойдың алып бәйтеректері Әбу Насыр әл Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи мұраларында өзек бойлап жатқандығын жыға тани бастағанмыз да күні беріде ғана.

Өзіндік дара болмыс пен данышпандық дарыны ұлы ақынның тұлғасын ерте бастан-ақ жалпақ жұртқа кеңінен мәлім етті. Ұлы шығармашылық иесінің мұрасы өзінің көзі тірі кезінен-ақ туған халқы үшін ықпалы зор рухани құбылыс ретінде кеңінен насихатталып, ел арасына тез таралып отырды. Жалпы ғылыми айналымда «Ақынның ресми түрде мойындала бастауы 1889 жылы «Дала уалаяты» газетіндегі «Болыс болдым, мінеки», «Жаз» деген екі өлеңінің жариялану кезеңінен басталады» деген тұжырым орныққан. Баспасөз бетінде жарыққа шыққан бұл екі өлең Абайдың өнер жолындағы шәкірті Көкбайдың атымен

берілсе де, із суытпастан Мәшһүр Жүсіптің «Өлең Ибраһим мырзаникі» деп пікір білдіргені бар. Демек, осының өзі ұлы ақын шығармашылығының өз тұсында-ақ қалың көпшіліктің көзайымына айналғанынан хабар береді. Содан бері қарата әр дәуір, әр кезеңде өмір сүріп келе жатқан ұрпақ өкілдері сол өздері өмір сүрген заман талабы тұрғысынан ақын мұрасына қатысты ой таңбаларын ортаға салып келеді.

Таным қатпарлары қыруар Абайдың ақындығы мен хакімдігі туралы жарқын ойдың жарқылы ХХ ғасыр басындағы Алаш азаматтары тарапынан сәуле танытқанымен, Ахмет Байтұрсынұлының терең толғаныстан туған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы, Мағжан Жұмабаевтың «Алтын Хакім Абайға» деген өлеңі қазақ даласын тегіс шарлап кеткен-ді. Оны «қызыл зобалаңның» дауылы біржолата сөндіріп тынды. Осының салдарынан біразға дейін рухани мұрасын насихаттап танудың жайы тым саябырлап қалды. Орта жолда шорт үзілген бұл игі таным көші тікелей Мұхтар Әуезовтің ықпалымен қайтадан өз жалғасын тапты.

Абайтану проблемалары туралы мәселені ғылыми ауқымда алғаш рет 1933 жылы көтерген Мұхтар Әуезов Абай мұрасын танып білудің бағыт-бағдарын сегіз түрлі проблема шеңберінде қарастырудың жайын ұсынды. Осыған орай алдағы уақыттағы атқарылар міндеттердің барысын жүйелі түрде айқындап берді. Өзі атап көрсеткен ғылыми көзқарастар жүйесі (концепция) негізінде, ең әуелі, ұлы ақынның ғылыми өмірбаянын жасап қалыптастыру арқылы абайтанудың іргесін бекітіп алған білгір ғалымның ақын дүниетанымының тұңғыық сырларын тануға жетелейтін бағалы ой-тұжырымдары келешек іргелі зерттеулердің адастырмас темірқазығы болып бекіді. Жалпы, 1962 жылға дейінгі абайтану саласы Мұхтар Әуезовтің көзқарас жүйесі негізінде даму үрдісін бастан кешірді. Бұл кезең өзіндік ерекшелік, жетістіктерімен қатар қайшылықтарға да

кенде болған жоқ. Осыған байланысты өткенімізді екішеп, болашағымыздың бағыт-бағдарын айқындап алу үшін абайтану тарихының жазылу міндеті туындады. 1945 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойына арналған жиындағы Есмағамбет Ысмайловтың баяндамасы осы мәселеге қозғау салды. Абайтану тарихының жазылу қажеттілігін бірқатар нанымды мысалдар желісінде дәйектеп шыққан ғалым Абай мұрасы төңірегіндегі ой-пікірлерді кезеңдік тұрғыдан *Революцияға дейінгі кезең, Революциядан кейінгі он жыл (1923-1933) және Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басы (1934-1945)* деп үшке бөлді. Кейінірек, 1959 жылғы М.Сильченконың «Абай шығармаларының жариялану және зерттелу жайы» деген мақаласы 1945 жылдан кейінгі жарыққа шыққан ғылыми зерттеу жұмыстарына жалпылама шолу түрінде жазылды.

Ал енді 1965 жылы профессор Қажым Жұмалиевтің ғылыми жетекшілігімен қорғалған Мекемтас Мырзахметұлының «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасының зерттелу жайы» атты кандидаттық диссертациясы тікелей осы тақырыпты ғылыми тұрғыда зерттеп тануға бағытталды. 1889-1964 жылдар аралығындағы 75 жылдық уақыт шеңберін қамтыған бұл зерттеу еңбегінде абайтану тарихына қатысы бар жазба дүниелер мүмкіндігінше тегіс қарастырылып, тиісті деңгейде қорытындыланды. Тек сол кездегі қоғамдық саяси жағдайға байланысты Алаш ардақтылары ысырылып қалып қойды. Кейінірек бұл ақаудың орыны қайта толықтырылып, 1994 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Ана тілі» баспасынан «Абайтану тарихы» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты.

Тұңғыш рет өз алдына дербес сала ретінде кешенді түрде зерттеліп, басылым көрген бұл абайтану тарихы іштей үлкен-үлкен екі кезең тұрғысынан қарастырылды. Алғашқысына ақынның өзі өмір сүрген заманынан бастап,

Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттың ауқымында абайтануға қатысты орнықты ой-пікір білдірген қазақ зиялыларының еңбектері енді. Осындағы абайтану тарихына өзіндік деңгейде үлес қосқанына қарамастан бұрын беймәлім болып келген Зейнелғабиден ибн Әміре, ағайынды Белослюдовтар, Джордж Кеннан, Нұқ Рамазанов сынды соны есімдердің жарыққа шығарылуы үлкен жаңалық болатын. Бұл жағдай, бір жағынан, абайтанудың әуел бастан-ақ іргелі сала ретінде бой түзегенін аңғартса, екіншіден, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі қазақ жеріндегі зиялы қауымның ғылыми тұрғыда ойлау жүйесінің жайынан хабардар етсе керек.

Екінші кезеңге 1934-1961 жылдар аралығында абайтану бағытында атқарылған жұмыстар мен баспа беттерінде жарық көрген ғылыми еңбектер кіреді. Бұл кезең «Мұхтар Әуезов дәуірі» деп аталады, себебі осы аралықта Мұхтар Әуезовтің бастамасымен қолға алынған жұмыстар қомақты жемісін беріп үлгерді. Бұлайша жіктеп бөлуде абайтану саласының ғылыми сипатта даму эволюциясы басшылыққа алынды. Абайтану саласының қалыптасу сәтінен бастап, даму, өрістеу, өркендеу жайлары егжей-тегжейлі зерттеліп, белгілі бір ғылыми жүйеде талдап-таразыланумен қоса басы ашық тұрған келелі міндеттерге де баса назар аударылған бұл еңбек мол нәтиже берді. Тырнақалды туындысы ұлттық ғылымның дамуына сүбелі үлес болып қосылған ғалымның абайтану бағытындағы ізденіс сапары 1989 жылы «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» тақырыбында жазылып қорғалған докторлық диссертациясына ұласты.

Абайтануға қатысты түрлі кезең, әр түрлі аймақта шашыранды түрде жарық көрген шағын мақалалардан бастап, ірілі-ұсақты зерттеу еңбектердің денін түгелдей жинастырып, оларды тегіс елеп-екшеп шығудың қазіргідей техникалық көмекші құралдар жетіле қоймаған тұста жүзеге асқандығын ескерсек, бұл табыс ізденімпаз ғалымның таза

мандай тері мен терең білімінің, ең бастысы, тасада қалып, өз мәнінде танылмай отырған ұлылыққа деген сүйіспеншілік сезімнен туған құбылыс екендігін аңғару қиын емес.

Содан бері қарата абайтанудың алғашқы баспалдақтарынан бастап қазіргі таңдағы бел-белестері және әлі түрленде салына қоймаған тың тұстары әдебиетіміздің ардагер ғалымдары – Т.Кәкішев, С.Қирабаев, Ж.Ысмағұловтарды да аз толғандырған жоқ. Әрине, ғылым жолы әрдайым қозғалыс үстінде болғандықтан соған сай құптаудың да, терістеудің де орын алып отырары кәдік. Сөзіміздің дәлелі ретінде сыншы ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің «Оңаша отау» деп аталатын еңбегіне аз-кем тоқтала кетуге болады. Зерттеуші ғалымдардың абайтану тарихын жүйелеп кезең-кезеңге жіктеп бөлу жайына сын тұрғысынан назар аударған ғалым Е.Ысмайыловтың 1934-1945 жылдардың аралығын үшінші кезең ретінде жеке бөліп қарастыруына құптау білдіргенімен, «Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басы» дегеннің орынына басқаша атау бергенді жөн деп санайды. Ал 1917-1945 жылдарды бөліп жармай-ақ тұтастай абайтанудың үлкен бір дәуіріне жатқызып, соны іштей екі кезең тұрғысынан бөліп талдағанды дұрыс деп тұжырымдайды. Сондай-ақ М.Мырзахметұлының еңбегіндегі автордың абайтанудағы сыншылдық, ғылымдық, ой-пікірлер эволюциясын жинақтай баяндау талабы оң бағаланғанымен, Абай шығармагерлігі жөнінде жазылған еңбектердің «1918-1925, 1927-1936, 1936-1940 жылдарға бөле қарастырудың ғылыми дәлелі жеткіліксіз екендігі және едәуір мәнді еңбектер мен сыншылық ойлар ілтипатқа алынбай қалғандығы» атап көрсетілген. Осылайша белгілі бір жылдардың көлемінде топтастырып жіктеуде сыншылдық ой-пікірдің даму эволюциясын басшылыққа алу ұстанымын ескеруді алдыға тартады.

Қазіргі таңдағы әдеби дамудың жай-күйі туралы ой толғаныстарынан туған профессор Серік Қирабаевтың

«Әдебиетіміздің ақтандақ беттері» (1995ж.) кітабында да абайтанудың өзекті мәселелеріне баса назар аударылады. Ондағы атап көрсетілген басы ашық жұмыстар қазіргі заманауи ғылыми айналым өндірісіне ендіріліп, оң нәтиже таныту үстінде. Мысалы, Шәкәрім, Көкбай шығармаларын жинап бастыруды қайта жандандыра түсу, бұл екі ақынның Абай дәстүріне қарым-қатынасы туралы тақырыпты дамыта түсу бағытында көп жұмыстар атқарылды. Балтабай Әбдіғазиевтің «Қос арна» атты монографиясы мен 2001 жылы Ж.Әубәкірдің құрастыруымен «Көкбай Жанатайұлы шығармалары» атты жинақтың жарыққа шығуы бұл игілікті бастаманың жемісі деп білеміз. Абайдың тұлғалық қалыптасу жолындағы ата тектік негіздің әсер-ықпалы мен мән-маңызын ғылыми тұрғыда дәйектеп таныту мақсатында Құнанбайдың тарихи бейнесіне баса назар аударуға байланысты пікірі де оң шешімін тапты. Расында да, Құнанбай төңірегінде орнығып қалған әділетсіз ұғым-түсініктердің сол әдепкі қалыбын өзгерте қоймағаны – шындық. Ол туралы Бейбіт Сапаралы «Құнанбай қажы» атты кітап жазып шықты.

Кейінгі жылдардағы ойлау жүйесіндегі оң өзгерістер төл мұраларымызды тарихымызбен сабақтастықта зерделеп, ұлттық даму жолында ықпал еткен ішкі және сыртқы факторларды байыппен барлауға жол ашты. Бұрын белгісіз болып келген әдебиет, ұлт тарихына байланысты деректер ғылыми айналым шеңберін байыту үстінде. Соның нәтижесінде ғылыми ойлау жүйесі де өзінің шынайы қалыбына түсіп, табиғи қалыпта дамуға бет алды. Қазіргі абайтану саласы өрлеу үдерісін бастан өткеруде. Озық пікір, дербес таным тұжырымдары қоғамдық ойға қозғау салып жүрген Мекемтас Мырзахметұлы, Қайым Мұқамедханов, Зәки Ахметов, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Ғарифолла Есім, Тұрсынбек Кәкішев, Тұрсын Жұртбайдың бағалы еңбектерімен қоса, соңғы дәуірде абайтануға тың жаңа-

лықтар легімен келіп қосылған Ақжан Машановтың «Әлі Фараби және Абай», Б.Байғалиевтің «Абай өмірбаяны архив деректерінде», М.Бейсенбаевтың «Абай және оның заманы», Т.Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек», М.Әліпханның «Құттың кілті – кісілік», Қ.Салғараұлының «Таным баспалдақтары», т.б. көптеген еңбектер нанымды дәлел болса керек.

Ұзақ мерзім ұлттық ойлау жүйесіне түскен құрықтың залалынан әлі де арылып кете қоймағанымыз ғылыми ізденістер барысындағы шикіліктер мен танымымыздағы таяз тұжырымдар төңірегінде байқалып қалатын тұстар да жоқ емес. Бұл, әсіресе, Абай дүниетанымының кеңістігін алып жатқан ақындық кітапхананы толық танып меңгере алмаудан туындап отыр. Екіншіден, ұлттық төл әдебиетімізге тән қасиет белгілер де енді ғана өндіре зерттеліп, әділ бағасы беріле бастады. Абайдың ой дариясын талдап тануға байланысты қазіргі қоғамдық шеңберде қаулап, бой таныта бастаған (діни, саяси, мәдени) сыртқы «кірме» әсерлердің де салқыны тиіп, қасақана идеялық ауытқушылықтарға ұшырай бастағаны да жасырын емес. Ал, шындап келгенде, Абайды тану – тұтас ұлттығымызды, ұлттық өріс, өремізді тану. Қай кезеңде болмасын өткенді дұрыс екшеп, оң-терісін ажыратып, тұжырым жасап отыру – әр дәуірдің өзгермейтін талабы. Ауық-ауық болашақтың бағдарын айқындап отыру да тарихқа тәуелді. Бұдан бір ғасыр бұрын уығы шаншылған абайтану саласына бүгінде 120 жылдың жүзі толып қалыпты. Ал алғашқы жазылған «Абайтану тарихынан» соң да араға жарты ғасырға жуық уақыт көші ат ізін салып үлгеріпті. Демек, бұл – абайтану тарихының кезекті жалғасы жазылу міндетінің пісіп жетілгендігін білдірсе керек.





Майра ӘБІЛОВА,  
Өспен ауылындағы  
мектептің мұғалімі.

Әсем БІЛӘЛОВА,  
Сәкен Сейфуллин ауылындағы  
мектептің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Шет ауданы.

## «СӘКЕНТАНУ» КУРСЫНЫҢ 7-8-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

### *Түсінік хат*

Ұсынылып отырған «Жұмыс дәптерінің» негізгі мақсаты — ірі қоғам қайраткері, ақын, жазушы, драматург, ұстаз, журналист, публицист Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқушыларға жаңаша қырынан тереңдете меңгерту, ақын өмірінің бізге беймәлім тұстарына зерттеу жүргізу, шығармаларын оқыта отырып оқушылардың өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай туғызу. Мұнда алуан түрлі сұрақтар, тапсырмалар беріліп отыр. Кесте, сызба, мәтін құру, т.б. бар. Бұл тапсырманы бүкіл сынып болып және әр оқушы жеке орындауына болады.

«Жұмыс дәптеріне» енгізілген тапсырмалар бағдарламаның мазмұнын түгелдей дерлік қамтиды. Демек, негізгі міндет — бағдарламада берілген білім мазмұнын оқушыларға толық меңгерту.

Бұл жұмыс дәптеріне негізделген «Сәкентану» курсының бағдарламасы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында (2011, №4) жарияланған болатын.

## «Туған жерім, өз елім»

1. «Туған жерім, өз елім» өлеңін түсініп оқу.
2. Сәкеннің туған жері туралы не білесің?

---

3. «Көзден таса қылсам деген жоқ едім,  
Шыға алмадым азалдағы кесімнен» деген жолдарды  
қалай түсінесің?

---

4. Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін  
қандай сөздерден тануға, байқауға болады?

---

5. Ақын борышы қандай?

---

6. Өлеңді жатта.

7. Сәкен мұражайынан ақынның туған жері – Қарашілік  
туралы экспедициялық топтың жұмысынан қандай әсер  
алдың?

---

8. Өлеңнен эпитетті тап.

---

9. «Туған жерім – алтын бесігім» тақырыбында шығарма  
жаз.

## «Нұра»

1. «Нұра» өлеңін түсініп оқы
  2. Өлеңде ақынның сүйсіпеншілік сезімі қалай суреттелген?
- 
- 

3. Осы өлең ақынның қандай шығармасы ретінде бағаланады?
- 
- 

4. Бұл өлеңнің жазылуы туралы мұғалімнен алған ақпаратың?
- 
- 

5. Туған жері туралы сурет салу.

### «Жайлауға көшу»

1. «Жайлауға көшу» өлеңін түсініп оқы.
2. Жайлау туралы не білесің?

### Жайлау

3. Сәкеннің «Жайлауға көшу» өлеңі мен Абайдың «Жазғытұры» өлеңінің ұқсастығын тап.
- 
- 

3. Өлең арқылы ақын жайлауға көшкен әр адамға қалай баға берген? \_\_\_\_\_
- 
- 

4. Суретке қарап мәтін құра.



---

### Жайлауда қымыз ішу

1. «Жайлауда қымыз ішу» өлеңін мәнерлеп оқы.

2. Қымыздың қандай қасиеті бар?

---


3. «Қымызмұрындық» қандай дәстүр?

---

4. Осы дәстүр қазіргі таңда қалай қолданылады?

---

5. Суретке қарап мәтін құра.



### «Түс»

1. «Түс» өлеңін түсініп оқы.
2. Өлеңдегі «пайтахит» сөзінің мағынасын мұғалімнің көмегімен аш.

3. Ақын қуарған, солған, көк шыбықтар – оқымаған құл болған, күң болған деп кімнің бейнесін беріп отыр?

4. Өлеңнің идеялық мағынасы қай шумақта берілген?

### «Кім басшы, аға, халыққа?»

1. «Кім басшы, аға, халыққа?» өлеңін түсініп оқы.
2. «Басшы» деп кімді айтамыз?

## Басшы

3. «Кір қатарға, ілгері адым бас» деген жолдар арқылы ақынның айтпақ ойын тап.

---

4. Қазақтың қай ақынының өлеңімен сарындас?

---

### «Қазақ сабағы»

1. «Қазақ сабағы» өлеңін түсініп оқы.

2. Ақынның қай кезі суреттелген?

---

3. Өлеңде ақын сағынышы қалай берілген?

---

4. Осы өлеңнің Мағжан мен Міржақып өлеңдерімен үндестігі бар ма?

---

5. Ақынның «Өнер тап, жолдастығы жоқ дейді ойым» деп ұстанған позициясына қосар ойың?

---

6. Кестені толтыр.

Ақындар өлеңі	Түсіндірме
Сәкен. «Қазақ сабағы».	
Мағжан.	
Міржақып.	

## «Надан бай»

1. «Надан бай» өлеңін түсініп оқы.
  2. Ақын байлығы мен маңыраған малына мастанған байдың образын қалай суреттеген?
- 

3. «Надан бай» мен Абайдың «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңін салыстыр.

Өлеңдер	Ерекшелігі
«Надан бай»	
«Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»	

## «Оқымаған қазақ»

1. «Оқымаған қазақ» өлеңін түсініп оқы.
2. Ақын өнерді қалай бағалаған?

## Өнер

3. Ахмет, Міржақып, Мағжан өлеңдерімен қандай үндестігі бар?
- 

4. Өлеңдерді құрылысына талда.

Өлең аттары	Буын, бунақ	Ұйқас түрлері	Шумақ, тармақ
Ахмет Байтұрсынұлы			
Міржақып Дулатов			
Мағжан Жұмабаев			

5. Өлеңде бейнеленген оқиғаларды топтастыр.

Халықтың басына түскен ауыртпалықты танытатын сөз тіркестері мен тармақтарды жаз.	Түсінік бер.

6.

Ақын қазақ ұлтын қандай образда суреттейді?	Өзің қалай суреттер едің?

**«Ақын»**

1. «Ақын» өлеңін түсініп оқы.
2. Өлеңнің идеялық мазмұнын аш.

3. Ақынның киелі өлең-жырға деген көзқарасы қандай еді?

**«Інішегіме»**

1. «Інішегіме» өлеңін түсініп оқы.
2. Өлеңді Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен салыстыр.

Ақындар өлеңі	Ерекшелігі
«Інішегіме»	
«Кел, балалар, оқылық»	

3. Ақын осы өлең жолдары арқылы жастарға қандай ой тастап отыр?

4. «Мүсәнләфләр» сөзінің мағынасын мұғалімнің көмегімен тап.

Шығарма: «Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас»



## «Жетімге»

1. «Жетімге» өлеңін түсініп оқы.
  2. Өлеңнің негізгі идеясы не?
- 
- 

3. Өлеңді қара сөзбен түсіндір.

4. Бүгінгі таңдағы жетімдер мәселесіне айтар өз ойың қандай?

---

---

5. Мұхтар Әуезовтің «Жетімдер» әңгімесімен салыстыр.

---

---

## «Айт күні». Бүгінгі ұрпақ және дін мерекесі.

1. «Айт күні» өлеңін мәнерлеп оқы.
2. «Айт» қандай мейрам?

## Өнер

3. «Айттың» тағы қандай түрін білесің?

---

---

4. Айт күні қандай ұлттық нақыштар орын алады?

---


---

5. Мұсылман мерекесі – «Айт» күні туралы өз ойың?

---

---

Айтқа қандай  
дәстүрлер тән?



1. Кестені толтыр.

<i>Сөздердің байланысы</i>	<i>Өз пікірің</i>
Құрбан айт Айт Қажылық Мекке	

2. Айтты қай халықтар мерекелейді?

---

### «Боранда»

1. «Боранда» өлеңін түсініп оқы.

2. Сарыарқа табиғатының ерекшелігі туралы не айтар едің?

---

3. Мағжанның «Қысқы жолда» өлеңінің поэтикалық ерекшелігімен салыстыр.

Сәкен. «Боранда»	Мағжан. «Қысқы жолда»	Абай. «Қыс»	Өз пікірің

*(Жалғасы бар).*



## АНА ТІЛІ – ДАНА ТІЛ

**Мақсаты:** оқушыларға ана тілін жетік білудің маңызын түсіндіру, білім деңгейлерін тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, мәнерлеп оқу, есте сақтау дағдыларын дамыту, тіл тазалығын сақтауға, көркем сөйлеуге баулу, ана тілді құрметтеуге тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** слайдтар, көркем суреттер, көркем сөздер мен нақыл сөздер.

**Сабақ барысы. I. Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы, үзінді оқу.**

**II. Тіл дамыту. Орыс топтары оқушылары сөз алды.**

1. Таныстыру. 2. Тіл туралы. 3. Сөйлесу.

**III. Мұхтар Шахановтың «Төртеу – менің мұратым» өлеңі оқылды.**

### Ұлы адамдар ұлағаты

Әр оқушы төменде берілген нақыл сөздерді жатқа айтып, мағынасын түсіндіріп берді.

*Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды...*

*Қуатты ойдан бас құрап, Еркеленіп шығар сөз. Абай.*

*Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті. Ғабиден Мұстафин.*

*Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры.*

*Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес...*

*Жылататын да, жұбататын да – сөз.*

Бауыржан Момышұлы.

**Құрманғазының «Балбырауын» күйі орындалды.**

### Ана тілі – жүрек сөзі

«Ана тілін үйрену, бұл – ұлы іс... Әркім өз тілімен сөйлеуге, анасынан туа үйренген тілімен сөйлеуге тырысуы

керек. Ең жақсы тіл – ана тілі». *М.И.Калинин.*

«Ана тілі – халық болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі». *Жүсіпбек Аймауытов.*

«Тіл жоқ жерде ұлт жоқ». *Шыңғыс Айтматов.*

«Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тілегім – сенсің, сені мақтан етем». *Расул Фамзатов.*

«Өз ана тіліңді қадір тұтпай тұрып, ел-жұртыңды сүйе алмайсың». *К.Г.Паустовский.*

«Әркімнің туған тілі – туған шеше,

Оған бала міндетті сан мың есе». *Сәбит Мұқанов.*

«Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті... Біздің жастарымыз ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болсын».

*Ахмет Жұбанов.*

**Оқушылар жоғарыда берілген ана тілі туралы нақыл сөздерді айтып, өз ойларын ортаға салды.**

Іс-шарада өлеңдер мен поэмадан берілген үзінділерді оқушылар жатқа мәнерлеп оқыды.

**Мұғалім:** - Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі. Ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез-келген мемлекет өзінің салт-дәстүрін, ана тілін айырықша қорғайды. Қазақстан тәуелсіз ел болып қалсын десек, онда, ең алдымен, ана тілімізді дамытуға күш салғанымыз жөн. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз – өз ана тілімізде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған анамыздай сүю деген сөз... Ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жаза алмайсың, тіл байлығын мол қолданбайынша шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың. Ана тілін жетік білу үшін жас кезіңнен халық ауыз әдебиетін, ертегілерді, аңыздарды, өлең-жыр, дастандарды, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды естіп, тыңдап, көп оқу керек, халықтың өзінен, ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан үйрену керек. Сонда ғана адам өз ана тілінде мәдениетті сөйлей алмақ, сонда ғана сауатты, өз елінің нағыз азаматы болмақ.

Расулхан АБДРАМАНОВ,  
Абай атындағы №31 орта  
мектептің мұғалімі.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Түркістан қаласы.

## ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСІ

Фонетика – тіл білімінің дыбыстық жағын зерттейтін сала. Ол дыбыстардың жасалу, айтылу және буын мәселелерін қарастырады. Осы саланы түсіндіруде мұғалімнің әдісі, шеберлігі, тәжірибесі қажет. Өзім қолданып жүрген әдістерді әріптестерге көмегі болар деген оймен жазып отырмын. Мәселен, қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар екенін оқушы жатқа біледі делік. Тілдің қатысына қарай жуан, жіңішке, жақтың қатысына қарай ашық және қысаң болып бөлінеді. Осы жерде оқытушы ашық және қысаң дауыстыларды тез жаттап алу үшін тиісті тәсілге көшеміз.

Қазақ тіліндегі 12 дауысты дыбыстың алтауы – ашық, алтауы – қысаң, яғни, домалақтана жазылатын әріптер – ашық дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, е, э.

Ал қалған дауысты 6 дыбыс – қысаң. Еріндік дыбыстар мен езулік дыбыстарды айтылуына қарай еріндік және езулік дауысты дыбыстар деп бөлеміз, яғни, езумен айтылса, езулік дыбыс болады.

Дауыссыз дыбыстарды өткен кезде оқушы «қатаң, ұяң, үнді» дауыссыздарды есте сақтай алмай қиналатындары кездеседі. Сол үшін мына әдісті қолданамыз.

Әліпби бойынша қатар тұрған он әріпті алайық: а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ж, з. Соның ішіндегі тек дауыссыз дыбыстарды аламыз, асты сызылған дауысты дыбыстарды жаттамаймыз. Сонда 7 ұяң дауыссызды білеміз.

Ендігі кезекте үнді дыбыстар кітапта (Г.Қосымова, Ж.Дәулетбекова. Қазақ тілі. 5-сынып. А., «Атамұра», 2001, 112-бет) *р, л, й, у, м, н, ң* деп беріліп, оқушыға есте сақтау қиынға түседі. Сондықтан осы дауыссыздардан сөз құраймыз былай деп: *рульмнің*. Осы мағынасы жоқ сөзді жаттап алса, үнді дауыссыз дыбыстарды біледі.

Фонетикалық талдау жасағанда оқушы ұяң мен үнді дауыссыз дыбыстардан басқасын қатаң дауыссыз дыбыстарға жатқыза береді.

Үндестік заңын түсіндіру. Үндестік заңы екі түрлі: а) буын үндестігі; ә) дыбыс үндестігі.

Оқушылардың ұғынуына қиындық тудыратыны – дыбыс үндестігінің ықпалдары.

Кітаптағы ереже бойынша алайын (жоғарыда аталған авторлар). Көрші дыбыстардың алғашқысы соңғысын өзіне ұқсата әсер етуін «ілгерінді ықпал» дейміз. Сөз бен қосымшаның жігінде немесе сөз бен сөздің аралығында кейінгі дыбыстың алғашқы дыбысқа әсер етуін «кейінді ықпал» дейміз.

Түсіндіру әдісі. «Кейінді ықпалды» түсіндіруден бастаған дұрыс. Егер қандай да бір сөздің түбірі сақталмаса, өзгеріске ұшырап айтылса немесе жазылса, ол «кейінді ықпал» болады. Мысалы: *жазса – жасса, тұзсыз – тұссыз, бесік – бесігі*.

«Ілгерінді ықпалды» түсіндіру әдісі. Егер қандай да бір сөздің түбірі өз күйінде, өзгеріссіз айтылса немесе жазылса, одан кейін жалғанатын қосымшаның немесе тіркесетін сөздің бірінші әрібі өзгеріске түссе, «ілгерінді ықпал» болады. Мысалы: *Көрікбай – Көрікпай*. Түбірі (көрік) өзгермейді.

Қосымша *бай өзгерді (най). Ашса – ашша, ішсе – ішше.*

Сөз бен сөз аралығында да сол әдіске бағынамыз.  
Мысалы: мал қора – мал ғора, ала көл – ала гөл.

Кейінді ықпал	Ілгерінді ықпал
Он бес – он бес	Нақыпбек – Нақыппек
Шекара – шегара	Әркім – әргім
Жүрек – жүрегі	Осы кезде – осы гезде
Басшы – башшы	Сары құм – сары ғұм
Жанпейіс – Жампейіс	Ала қарға – ала ғарға
Ақ лақ – ағ лақ	Мұз қату – мұз ғату
Ақ жауын – ағ жауын	Жаңақорған – Жаңағорған
Қара ала – қарала	Ала қаш – ала ғаш
Тамақ ал – тамағ ал	Қашса - қашша

**Ескерту.** Түсіндіру әдісі ереже болып табылмайды.



## «ІЛГЕРІНДІ, КЕЙІНДІ ЫҚПАЛ» СЫРЫН ҰҚ

Буын, дыбыс үндестігі сырға бай,  
Жырға қосқан мынау байтақ даланы.  
Қате кетсе, дейміз сонда бұл қалай  
Жауласа да сауатсыздық сананы?

Ойлантады бір-бірінен ыққаны  
«Ілгерінді, кейінді ықпал» бір уақыт.  
Адамдардың бір-біріне ықпалы  
Қуанышқа бөлеп жүрсе, сол – бақыт!

**Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

**Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы  
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 21.02.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5616.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау  
бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.**

**Басылатын жері** – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық  
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2012 ж., 144 бет, Алматы.